

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ  
ЖАҢЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ  
АКАДЕМИЯСЫ**

**МАҚСҰТ НҮРБОЛАТ БАҚЫТЖАНҰЛЫ**

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы құқықтық мәдениеттің  
проблемалары**

6M030300-құқық қорғау қызметі

12.00.08-қылмыстық құқық және криминология; құқық бұзушылықтың алдын  
алу

Құқық қорғау қызметі магистрі академиялық дәрежесін алу үшін

Ғылыми жетекші:  
Арнайы заң пәндер  
кафедрасының меңгерушісі,  
заң ғылымдарының кандидаты :

**Н.Ш. Жемпиисов**

Қосшы 2020

## Мазмұны

<b>Қысқартулар мен белгілеулер</b>	<b>3</b>
<b>Кіріспе</b>	<b>4-8</b>
<b>I. Құқықтық мәдениет ұғымының қалыптасуы мен эволюциясы және оның сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсері</b>	
<i>1.1. Құқықтық мәдениет ұғымы және оның эволюциясы</i>	<b>9-27</b>
<i>1.2. Құқықтық мәдениеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға ықпалы</i>	<b>28-37</b>
<b>II Тарау. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың проблемалары мен негіздері</b>	
<i>2.1. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері мен мақсаттары</i>	<b>38-51</b>
<i>2.2. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру негіздері мен мәселелері</i>	<b>52-63</b>
<i>2.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет жемқорлықты тежеудің басты факторы</i>	<b>64-85</b>
<b>Қорытынды</b>	<b>86-95</b>
<b>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі</b>	<b>96-104</b>

## Қысқартулар мен белгілеулер

ҚР – Қазақстан Республикасы

РФ – Ресей федерациясы

ҚХР – Қытай Халық Республикасы

АҚШ – Америка құрама штаты

ҚР ҚК – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі

ҚР ӘҚБтК - Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі

ҚР ҚПК- Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесстік кодексі

АЕК – Айлық есептік көрсеткіш

РСФКР – Ресей Социалистік Федеративтік Кеңестік Республикасы

КСРО – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы

Қазақ КСР - Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы

ҰҚК – Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ІМ –Ішкі істер министрлігі

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

ЭЫДҰ - Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

СЖҚИ - Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі

## Кіріспе

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа деген қарым-қатынас пен оған қарсы іс-қимылдағы құқықтық мәдениеттің орны түсінігі, белгілері және жасалып жатқан жұмыстардың нәтижесі мен алдағы превенция бағытындағы іс-әрекеттер сипаттамасы, сондай-ақ аталған ұсынымдардың теориялық және практикалық тұрғыда толығынан зерттеу процесі қарастырылған.

Зерттеудің басты мәселелерінің бірі құқықтық мәдениет құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимылдағы негізгі қайнар көз құралы ретінде қарастырылған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық көзқарас пен сана, құқықтық мәдениет құралдарымен өзара байланыста қарастырылды.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** "Қазақстан-2050" Стратегиясының: орныққан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" сыбайлас жемқорлықты ұлт қауіпсіздігіне тікелей қауіп қатарына қойылады және қоғам мен мемлекетті осы жағымсыз жайтпен күресте жігер мен күшті біріктіруге негізгі бағыттаушы құжат ретінде алынылған.

Қазақстанның осы маңызды мәселе бойынша негізгі ұстанымын білдіретін мемлекетіміздің қағидалық және де стратегиялық құжаты, мемлекеттің болашақтағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының бағыты болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, мемлекеттің инвестициялауға тартымдылығын төмендететін, әлеуметтік-экономиканың қарқынды дамуын тежейтіні баршаға аян.

Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың, әлемдік стандарттарға сай тиімді тетіктері мен институттарын құру бағытымен, мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді.

Біздің елімізде заманауи сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс жасауда, оның негізі "Мемлекеттік қызмет туралы" және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңдар болып табылады, бірнеше бағдарламалық құжаттар жүзеге асырылуда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы амалдарды кешенді түрде іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық қарқынды жұмыс жүргізуде.

Мүліктік жағдайы мен әлеуметтік шығу тегіне қарамастан, басшылық орындарға кәсіби дайындалған және қабілетті тұлғалар орналасатын меритократия қағидаттарының негізінде мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптастырылды, оның ішінде мемлекеттің әрбір лауазымды адамының органдардағы өкілеттіктерімен мен функциялары ерекшелігі нақты айқындалып және ажыратылып қалыптастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауларында жарияланып тұрады, онда

Еліміздің Президенті мемлекеттік органдардың алдына көрсетілген мәселелер бойынша қарсы іс-қимылды күшейту бойынша нақты міндеттер қойды.

Таңдалынып алған тақырып қазіргі заманда ең өзекті мәселелердің бірі, өйткені, сыбайлас жемқорлық барлық салада кең тарап, етек алған құқыққа қарсы қауіпті құбылыстардың біріне айналып барады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жалғыз біздің елімізде емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзінде алдыңғы қатарда шешілетін мәселе болып отыр. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстан Республикасының экономикалық-әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және қылмыстық топтардың әрекеттеріне тосқауыл қоятын шара ретінде танылған.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Нақты мәселеге арналған бұрынғы кеңестік жүйедегі заңдарға негізделген ғылыми еңбектер қазіргі уақыт талабына, жаңа қылмыстық заңнамалар мазмұнына, превенция бағытындағы шаралар тәжірибесіне сәйкес келмейді. Осыған орай, мәселенің құқықтық табиғатын, тарихи, әлеуметтік қырларын кешенді түрде мемлекеттік тілде зерттеу қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасының заң ғылымының дамуына қылмыстардың түрлі аспектілері бойынша алдын алу мәселелеріне байланысты өз үлестерін қосқан көптеген қазақстандық ғалымдардың: Алауханов Е.О., Абдрахманов С.З., Ағыбаев А., Алпысов С.М., Ақылбай С.Б., Есипов В. В., Борчашвили И.Ш., Джандосова Ж.К., Жетписбаева, Б. А., Жукенов А.Т., Мауленов Г. С., Абдыкаримов О. А., Тұрғымбаев Е. З., Светлов А. Я., Рахметов С.М., Квициния А. К., Будатаров С.М., Никонов П. В., Касаткин Ю. П., Мауленов Г. С., Молдабаев С. С., Наумов А.В., Кузнецов Ю. А., Силинский Ю. Р., Хомутова А. В., Зубченко В. А., Щетинин В.П, Каиржанов Е. И., Оңғарбаев Е.Ә., Смағұлов А. А., Никифоров Б. С., Абдрахманов С. З., Новоселов Г. П., Құлжақбаева Р.Б., Брайнин Б.С., Ақылбеков С. С., Ағыбаев А. И., Светлов А. Я., Кудрявцев В. Н., Рогов И. И., Рахметов С. М., Маликова А., Рарог А.И., Здравомыслов Б. В., Гельфер М.А., Гришаев П. И., Полянский Н. И., Герцензон А. А., Гаухман Л. Д., Сергиевский В.А., Дулатбеков Н. О., Чукмаитов Д.С., Шляпочников А. С., Джансараева Р. Е., Лейкина Н. С., Долгова А. И., Миндагулов А. Х. және т. б. атын атауға болады. Оның ішінде, Алауханов Е.О., Абдрахманов С.З., Ағыбаев А., Алпысов С.М., Ақылбай С.Б., Есипов В. В., Борчашвили И.Ш., Джандосова Ж.К, Жетписбаева Б. А., Жукенов А.Т., Мауленов Г. С., Абдыкаримов О. А., Тұрғымбаев Е. З., Светлов А. Я., Рахметов С.М. және т. б. ғалымдар сыбайлас жемқорлық қылмыстардың алдын алу және құқықтық мәдениет проблемаларын тереңірек зерттеген.

**Диссертацияның зерттеу объектісі.** Диссертациялық зерттеудің объектісі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылдағы құқықтық мәдениеттің орны, оның қалыптасуына қажетті шарттар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты тұлғада қалыптастырудың негізі идеялық құндылықтары ретінде парасаттылық, әділдің және сенім сияқты категориялар алынды.

Зерттеудің пәні ретінде, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қағидалары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы заңнама және басқа қағидалық актілерді қолдану тәжірибесі пайдаланылады.

**Диссертацияны зерттеу заты** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы мемлекеттік органдар мен іс-қимылдың өзгеде субъектілерінің қызметі; 2017-2019 жылғы кезеңдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нәтижелеріне талдау, қабылданған заңнамалық, құқықтық нормаларды зерттеу кіреді.

Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасы заңнамасындағы белгіленген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық көріністеріне құқықтық мәдениеттің ықпал етуі арқылы жаңаша талдау жасалынып, оның алдын алудың ғылыми негіздерін және олардың өзара айырмашылығын анықтау, осы тұрғыда заңдарды жетілдіруге ғылыми ұсыныстар жасау мәселелері жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу жұмысы барысында Қазақстан Республикасы тәжірибесіне қатысты өзекті мәселелерді халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып талдау жасалынады. Бұл зерттеуде ТМД мемлекеттері, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңгерлерінің еңбектері мен құқықтық тұжырымдамалар айрықша орын алды.

#### **Зерттеудің мақсаты және міндеттері.**

Жұмыстың мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қоғамның әсер етуі бойынша одан әрі дамыту мақсатында теориялық негіздер мен тәжірибелік ұсыныстарды жүйелендіру. Осы мақсаттарға сәйкес төмендегі міндеттерді шешу керек:

- сыбайлас жемқорлықтың этимологиялық мәселелері және заңнама тарихындағы эволюциясын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу және превенция бағытындағы шет елдік тәжірибе алмасудағы тиімділікті анықтау;
- сыбайлас жемқорлықтың криминологиялық сипаттамасын, себептері және оның алдын алу шараларын зерделеп, қоғамның белсенділігі арқасында онымен күрес жолдарын қарастыру.

#### **Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы:**

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы құқықтық мәдениеттің теориялық мәселелерін зерттеуге арналған кешенді ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады. Оның жаңалығы және құндылығы қаралатын мәселенің маңыздылығында, Қазақстан Республикасында тиімді нормалардың қажеттігі және оған ықпал ететін жағдайларды анықтап, мазмұндауда, сондай-ақ жұмыста баяндалған қорытындылар мен ережелерде байқалады.

#### **Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия негізінде нәтижелі іске асыру, мақсатты сандық-сапалық көрсеткіштер мен индикаторларға қол жеткізу үшін,

біріншіден, Қазақстан Республикасының 2015 мен 2025 жылдарына арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және көлеңкелі экономикаға қарсы стратегияны жүзеге асыру бойынша 2018-ден 2020-шы жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық, құқықтық, бақылау және ақпараттық-түсіндіру бағытындағы барлық жоспарланған іс-шаралар кешенін жүйелі түрде жүзеге асыру керек.

Екіншіден, жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері салалық ерекшеліктеріне қарай сандық-сапалық көрсеткіштері мен мақсатты индикаторлар көрсеткіштерін нақты белгілей отырып, салалық, ведомстволық, және аймақтық сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспарларын қабылдауы қажет.

Үшіншіден, ұлттық заңнамаға халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізу негізінде уәкілетті орагандарға мемлекеттік заңнаманың ерекшелігін ескере отыра, сапалы және терең талдау негізінде Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі «Стамбұл жоспарының» мониторингін жүргізудің төртінші айналымы аясында ЭЫДҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы желісінің ұсыныстары қажеттілігі мен қабылдау мүмкіндіктері және келісілген жұмыс стратегиясын дайындау ұсынылады.

Төртіншіден, осы диссертацияның жобасын талқылау барысында үкіметтік емес ұйымдар, ғалымдар мен сарапшылардан келіп түскен ұсыныстарды қарастыра отырып, уәкілетті мемлекеттік органдардың жұмысын ұйымдастыру барысында қолданысқа енгізу ұсынылады:

— мемлекеттік органдардың қызметінің айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ақпараттықпен қоса, басқа да қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық аймақтарын ескере отырып, мемлекеттік органдарға азаматтарды өткізуде ашық саясат ұстану;

— республикалық деңгей мен жергілікті деңгейдегі бюджет қаражатын жұмсау туралы толық ақпаратты жариялау бөлігінде ақпаратқа қолжетімділік туралы заңнаманың мақсаттарын орындалуын қамтамасыз ету.

Зерттеудің нормативтік және ақпараттық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдар, Президент жарлықтары, Үкіметтің қаулылары, құқықтық қорғау бойынша практикалық тәжірибелер, мемлекеттік органдардың ресми басылымдары мен Парламенттің ақпараттық-сараптау орталығының деректері құрайды.

**Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық базасы.** Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының арнайы есеп және құқықтық статистика бойынша Комитетінің мәліметтер базасы, Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдарының зерттеулері бойынша жарияланған 2017-2019 жылдар арасындағы материалдары қолданылады. Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Зерттеудің негізгі теориялық қағидалары Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жаңындағы Құқық қорғау органдары академиясы арнайы заң пәндері кафедрасының кеңейтілген отырысында талқыланды. **Диссертациялық жұмыстың негізгі ұсыныстары мен**

**нәтижелері ғылыми-теориялық Конференцияларда талқыланды.**

**Жариялымдар:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты жаршысы. Ақтөбе қаласының 150 жылдығына және Жастар жылына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2019 жыл 07 маусымдағы шығарылым. 119 бет.

Тақырыбы "Құқықтық мәдениетке тәрбиелеудегі азаматтықтың кейбір мәселері»;

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жаңындағы Құқық қорғау органдары академиясы «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік

конференция материалдары, II том 2020 жыл 132 бет. Тақырыбы «Құқықтық мәдениет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу көзі ретінде».

Зерттеу жұмысының құрылымы және көлемі зерттеудің мақсаттарына қол жеткізу үшін қарастырылған мәселелердің мазмұнымен анықталады.

Құрылымдық тұрғыдан диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.



## **I. Құқықтық мәдениет ұғымының қалыптасуы мен эволюциясы және оның сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсері**

### ***1.1. Құқықтық мәдениет ұғымы және оның эволюциясы***

**Құқықтық мәдениет** дегеніміз жалпы бір елдің этникалық, діни қауым мүшелері қабылдаған, олардың жұмысын реттеу үшін қолданылатын құқықтық идеялар құндылықтар, құқықтық дәстүрлер, мінез-құлық қалыптары, сенім-нанымдар жүйесі. Бір мемлекет көлемінде көптеген құқықтық мәдениет болуы мүмкін. Әсіресе бұл көп дінді, көп ұлтты қоғамдарға тән. Көп ұлтты Қазақстанда қазаққа сай салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық құқықтық мәдениеттен басқа ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық құқықтық мәдениеті, христиандық, мұсылмандық, т.б. діни құқықтық мәдениеттері орныққан.

Құқықтық сана - қоғамда кең тараған адамдардың құқықтық құбылыстарға байланысты көзқарастарын, сезімдерін, ой-пікірлерін білдіретін қоғамдық сананың бір түрі болып саналады. Құқықтық сананы ғалымдар Ғ.С. Сапарғалиев пен А.С. Ибраева төмендегідей деп түсіндіреді: «Құқықтық сана – Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға, құқықтық сезімдердің, әсерлерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі» [1].

Біз, ең біріншіден жастардың құқықтық санасының орнығу ерекшеліктері мен олардың қоғам дамуына келтіретін әсерін қарастыруымыз керек. Оған себеп біздің мемлекетте «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 09.02.2015 ж. ҚР заңында көрсетілген 14 пен 29 арасындағы жастар саны 40 % деңгейінде. Сондықтан қоғамда жастардың құқықтық санасы құқық қорғау органдарының қызметіне, заң шығару үрдісіне және т.б. жағдайларға әсер етпей қоймайды.

Жастардың құқықтық санасының дамуына және қалыптасуына алғашқы кезекте өте күрделі факторлар жүйесі әсер етеді. Ол факторларға, біздің тұжырымдауымызда, келесі қатынастар жатады: қоғамдық саяси құбылыс, әлеуметтік экономикалық жағдай, қоршаған орта, идеологиялық әрекеттер, идеялық тәрбиелік жұмыстар және жастардың әлеуметтік іспен қамтылуы. Көрсетілген факторлармен қатар жастардың құқықтық санасының қалыптасу процесіне келесі бөлшектердің тікелей қатысы бар, олар: құқық туралы түсінік, құқықтық білім, құқыққа қойылатын шарт, қолданыстағы құқыққа қатысты көзқарас, құқықтық талапты орындауға қатысты ой-пікірлер. Сондықтан да жастардың құқықтық білімін жоғарылату үшін оларды әртүрлі құқықтық ақпараттармен, қайнар көздермен қамтамасыз етіп отыру қажет. Қазіргі уақытта адам санасына ерекше әсер ететін құрал – телебағдарламалар болып отыр. Қазақстан телеарналарында арнайы жастарға қатысты олардың құқықтары мен бостандықтарын сөз ететін, оларды ынталандыратын қызықты бағдарлама қажет. Мысалы, «Жастар құқық жүйесі әлемінде» айдарында жас заңгерлер мен

үлкен ғалымдар бас қосып, заңнамаларды салыстырмалы түрде талдап, теледебат жүргізіп отырса керемет болар еді деген ойдамыз.

Жастардың құқықтық санасының қалыптасуына ықпал жасайтын әртүрлі факторлар ішінде ерекше қарастырып өтуді қажет ететіндері, біздің пікірімізше, жастардың қазіргі мемлекеттегі реформаға, саясатқа, діни ұстамдары қандай және билік басындағыларға сенімі қандай деген мәселелер. Себебі, аталған факторлар жалпы құқықтық сананың орнықты қалыптасуына, оның жоғарғы құқықтық мәдениетпен байланысына үлкен әсер етеді. Елін, жерін, оның жоғары биліктегі тұлғалардың іс әрекетінің заңдылығы мен дұрыстығына деген құрмет жас азаматтың бойында нақты ой-тұжырым сезімін орнатады.

Қазіргі уақыттағы жағдайлар құқықтық мемлекеттіліктің негіздерін қалыптастыру, қоғам ішінде қажетті көлемде қоғамдық тәртіпті нығайту, құқықтық мәдениетті жандандыру және жаңғырту, моральдық құндылықтарды күшейту, заңдарымыз бен қоғамдық тәртібіміз жұртты күштемейтін, қорқытып – үркітпейтін қайта қоғам мүшелері өздері ой санасымен түсіне отырып, ол заңдылықтарды қуаттап, қолдап отыруын қамтамасыз ету болып табылады.

Халықтың, өркениеттің өміршеңдігі және оның кең болашағы рухани құндылықтарды дамытумен, оларды қадірлеумен байланысты. Рухани даму – ол күнделікті өмірлік сатылардан азамат деген құрметті түрде өте білуі. Сондықтан қоғам тежелусіз дамуда болуы керек. Құқық талаптарын бұзуға бейім адам өзіміз, рухани жұтаң, билік құмар, өркөкірек болып келеді.

Енді мәдени дамудың түпкі негіздеріне нақтырақ қарасақ, оның әралуан күрделі өзара байланыстардан тұратынын аңғарамыз. Мәдениеттілік – адамның рухани дамуы. Мәдениет адамда өзін-өзі сыйлау, ұят, намыс, турашылдық, ізгілік, біртұтастық сияқты жоғары адами сана қасиеттерін қалыптастырады [2].

Рухани мәдениеттің құраушы негізгі бөлшегі құқықтық мәдениет болып табылады. Құқықтық мәдениет – бұл тұлғаның еркіндігі мен құқықтарының сақталуының, тәртіптің орнауының, қоғам қол жеткізген әлеуметтік қатынастардың құқықтық реттелуінің деңгейі.

Қазақстанда құқықтық мемлекеттің негізі орнығып, қалыптасу процесі жүріп жатқанда, құқықтық мәдениетімізге де талап жоғарылай түседі. Мәдениетіміз деп халқымыздың ұзақ кезеңдер бойындағы жинақталып, сұрапталған ұрпақтар қанына, дініне сіңірілген рухани игілігі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, таным-сенімі, әлеуметтік топтың, ұлттың, халықтың өмірдегі бет-бейнесі, біліктілігі, зиялылығы, басқа нәсілден, халықтан айырып ажырататын, ерекшеленіп көрінетін тыныс-тіршілігінің, өмірде жоғары саналылық танытатын көзқарастар жүйесін айтамыз.

Бұл құқықтық мәдениет халқымыздың тұғырлы құрамдас бөлігі, өзегі, маңызды саласы. Сондықтан оны қалыптастыру заңгерлердің де қасиетті борышы, азаматтық парызы, өмір талабы. Осы бағытта заң ғылымында заманауи талаптар, оның ішінде дәстүрлі халқымыздың құқықтық мәдениетін қайта зерттеуде, қарауда жаңа көзқарастар айқындалып отыр. Бұл көзқарастар ұлттық, құқықтық мәдениетімізді жоғары жылжуына ерекшелік беруде. Бұл

құқықтық ұлттық ерекшелігімізді терең ұғыну, мемлекеттік органдар мен азаматтардың тәлім-тәрбие өзегін күшейту, ара қатынасын жақындату дегенді білдіреді. Себебі, құқық, сот жүйелері, мемлекеттік құрылымдарда тарих пен дәстүр сабақтастығы үлкен рөл атқарады. Бұл сабақтастық ар-намыс, имандылық, ұят, әдептілік, өнегелілік ұғымдарымен белгіленеді.

Құқықтық мәдениет – рухани мәдениеттің маңызды саласының бірі. Ол материалдық мәдениетпен жуық байланысты. Яғни, заң қорғау органдарының жұмыс істеу ерекшелігі мен қызметкерлерінің деңгейі, олардың адамгершілік және кәсіптік қасиеттері осы елдегі құқықтық мәдениеттің орнығып, қарқындауына әсер етіп отыратын маңызды факторлар. Сот, прокурорлық және тергеу органдарының материалдық базасы құқықтық мәдениетті сапалылауда еске алынып отырады. Қылмыстық процесс мемлекеттік іс-әрекеттің негізі ретінде заңмен қарастырылып отыратын болғандықтан, ол әр уақытта құқықтық мәдениет қатарынан бағаланып отырады. Заң шығару және қолдану іс-әрекеті құқықтық мәдениетті жоғарылатуға әсер етіп отыруы қажет. Құқықтық мәдениет адамгершілік санамен жақын байланысты. Адамгершілік жоғары деңгейде болған кезде құқықтық мәдениет те жоғарылай беретіні сөзсіз.

Құқықтық мәдениет (кең мағынада) дегеніміз нақты әрекет, іс қимыл жасау үстіндегі заң аппаратының компоненттерінің жиынтығы мен құқық жөнінде және оның іске асырылуы туралы, лауазым иелерінің, мемлекет органдарының іс-қимылдары жөнінде адамдардың жалпы түсінігі мен қабылдауы.

Құқықтық мәдениет (тар мағынада) дегеніміз азаматтың құқық туралы сезімдері, ой-пікірлері мен ескерулері және де саналы түрдегі қажеттіліктері. Осы қажеттіліктер тұлғаның құқыққа сәйкес жүріс-тұрыстарынан, мінездерінен көрініс табады [3].

Қоғамдағы қарым-қатынастарды ұйымдастырудың негізгі құралы ретінде құқықтық сана құқықтық мәдениетінің ерекшелігі мен сапасының арта түсуіне жол ашты.

Қоғамдық шындықтың объективті нысаны тек саналы және зиялы, білімді қоғамда ғана емес, сонымен қатар демократиялық барлық мүмкіндіктердің жан-жақты айқындала түсетінін дәлелдеп отыр[1].

Демократияның кеңінен таралуының қамтамасыз етілуінің кепілі – құқықтық мәдениеттің жан-жақты, қарқынды дами түсуі. Демократия дегеніміз шексіз де шетсіз кеңістік немесе әркімнің ойына келгенін жасаушылық емес. Ол белгілі дәрежеде тәртіппен, заңмен реттеліп, ұйымдастырылып отыратын қоғамдық қатынастар. Демократия мен заңның үстемдігі қатар жүретін құбылыстар. Заң алдында бар тұлғалар мен тараптар тең болғанда ғана мемлекетте заң бәрінен маңызды деңгейде тұрады. Ұлы Абай билік жүргізу мемлекеттік өкімет туралы ойларында ел басқару саясатында заңның үстемдігі қоғамның барлық саласында жоғары тұруы деңгейінен деп тұжырымдаған еді. Абай заң арқылы демократияны іске асыруды ұсынған. Бұқара халық алдында

мемлекет органдары мен оның лауазымды тұлғалары міндетті түрде жауапты болуға тиіс деп есептеген [4].

Қазақстанда азаматтардың құқықтық мәдениетін жоғарылату мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық білім беруді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысы жарияланды. Осында көрсетілгендей, жалпыға бірдей құқықтық білім берудің міндеттері:

мемлекеттік аппарат, өндірістік ұйымдардың қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін жоғарылату;

қоғамдық қатынастардың барлық деңгейінде құқықты реттілік пен тәртіпті сақтаудың қажеттілігін халықтың барлық деңгейінде түсіндіру;

қоғамдық аппараттың құралдары: радио мен теледидар, жазба басылымдарды тиімді деңгейде пайдалануды қарастыру;

құқықтық тәрбие жұмысын қалыптастыруда қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерін бір-бірімен үйлестіру, ұйымдастыру-әдістемелік кеңестердің жұмысын жандандыру [5].

Қазақстан Республикасында жалпыға құқықтық білім беру жұмысын мемлекет басқарады, ал оны әдістемелік жағынан Әділет басқармасы қамтамасыз етеді. Республикалық министрліктердің, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары өзінің қоластындағы қызметкерлерінің құқықтық білімін көтеруге жағдай қалыптастырады, оны ұйымдастырады.

Жалпыға бірдей құқықтық білім беру – бұл қысқа уақытқа арналған жұмыс емес, ұзақ мерзімге созылатын, жоспарлы, болашаққа үміт артатын кешенді жұмыс екенін ұмытпаған дұрыс. Жалпыға бірдей құқықтық білім беруді енгізудің негізі жергілікті әкімдердің қаулылары, министрлік лауазымды тұлғаларының бұйрықтары сияқты директивалық құжаттар болып қабылады. Жалпыға бірдей құқықтық білім берудің негізгі ерекшелігі – оның нақты жүйелерге, салаларға бағытталуы. Әрбір жүйенің, саланың басында тұрған ұйымдастырушы өкілдер өзіндік бағыт тауып, өзіндік бағдарлама, өзіндік жоспар белгілеу арқылы білім беруді ұйымдастырады.

Қазіргі уақытта адамдардың құқықтық білімінің төмен дегейін пайдаланып, өзінің жеке басының қамын ойлайтын алаяқ заңгерлерге бірден-бір тосқауыл – адамдардың құқықтық білімінің болуы. Адамдардың құқықтық білімін жоғарылату әлі күнге дейін құқық қорғау орындары қатарында кездесетін құқық талаптарын бұзуға бейім, өркөкірек, өзімшілдерді дұрыс жолға салуға үлкен ықпал ететіні сөзсіз.

Сонымен, құқықтық сана дегеніміз әлеуметтік бірліктердің қоғамда бар, адамдардың және олардың ниет-ықыластарына сәйкес келетін құқыққа қатыстылықтарын білдіретін идеяларының, көзқарастарының түсініктері мен сана – сезімдерінің жиынтығы.

Құқықтық сана – Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына ,

оларды қолдануға және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық процесстерге құқық сезімдерінің, пікірлерінің, көзқарастарының бағаларының жүйесі.

Құқықтық сана – қоғамдық сананың бір бөлігі. Құқықтық сананың деңгейін салалап, жіктейтін факторлар арқылы анықтай аламыз. Ал ғылыми құқықтық сана – құқықтық теорияларды меңгеру процесінде қалыптасады. Құқықтық сана мемлекетте ресми қолданыста орын алып отырған құқық идеологиясымен тура өзара байланыста болып отырады.

Құқықтық сана саяси санамен де жуық байланыста жүріп отырады. Билікке келген және саяси басшылыққа ұмтылған қоғамдық топтар құқықтық жағынан өз ойларын, идеяларын тиімді құқықтық жүйе ретінде бейнелеуге талпынады. Сондықтан халықаралық практикада саяси топтар өздерінің мүддесіне жақын етіп заңдардың, Конституцияның өз ұсынымдары үшін күресіп отырады. Қай уақытта болсын, кез келген біріккен саяси топтар мен саяси партиялар өзіне тән, өздерінің болашаққа деген көзқарасына сай идеологиясы болады. Кеңес үкіметі уақытында коммунистік идеология үстем болғаны баршаға аян.

Қайсы бір салада болсын идеология адамдарды белгілі бір мақсатқа біріктіру үшін алдын-ала дайындалған бағдарлама бойынша өз қызметін атқарады. Құқық идеологияның мазмұны – бұл тұлғалар арасындағы құқықтық қатынастардың мағынасы, мәні жөніндегі қағидаттар, ұғымдар, сенімдер, мемлекеттік және құқықтық құбылыстар жөніндегі көзқарастар болып табылады. [6] Құқық идеологиясының құрылуына міндетті мінез-құлық, құқықтық білім жөнінде құқықтық және қоғамдық идеялардың ақпараттық толықтылығы маңызды рөл атқарады. Қоғамдық қарым-қатынастардың өзара ұйқастылығы саяси, құқықтық, адамгершілік мәдениеттерінің өзара сәйкес болуынан туындайды.

Әр адам өзінің құқықтық және әлеуметтік мәртебесін жаңғырта отырып, кез келген құқықтық қатынаста, құқықтық жағдайларда мәселені дұрыс бағалап, түсініп, нақты шаралар қолдана алуы керек, әйтпесе әділеттілік және теңділік, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам идеясын толығымен игерілуі болмай қалуы мүмкін.

Құқықтық мәдениет - қоғам мәдениетінің ерекше негізгі салаларының бірі. Мәдениет – адам жасайтын және адамзаттың мүдделері мен рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы. Қоғамның мәдениеті бірнеше түрге бөлінеді: саяси, әлеуметтік, экономикалық, парасаттылық, экологиялық, инабаттылық, құқықтық және т.б. мәдениет жүйе салалары. Олар бір-бірімен тығыз байланыста қоғамның саяси экономикалық, әлеуметтік дамуына сәйкес дамиды. Сонымен қатар олар қоғамның әр саласындағы қарым-қатынастарды басқарып, реттеп отырады. Мәдениет салаларының өзара арақатынасы дербестікте және бірлестікте дамып, қоғамның әлеуметтік жағдайын, экономикасын нығайтып, жақсартып отырады. Жақсы дамыған мәдениет, экономиканың жан-жақты нығаюына мүмкіндік туғызады. Мәдениеттің қарқынды дамуына мемлекетпен

бірге бірлестіктер, ұжымдар, одақтар үлкен үлес қосады. Жоғары деңгейлі мәдениетке құқықтық мемлекет бағыт ашады. Сонымен, қоғамның инабаттылық, парасаттылық, тәрбиелік т.б. деңгейі мәдениеттің деңгейімен анықталады. Ал мәдениеттің деңгейі қоғамның саяси-әлеуметтік деңгейіне, экономикасына байланысты. Қоғамда бұл екі жақты байланыс бір мемлекеттің, тек бір елдің шеңберінде болады. Мәдениеттің дамуына сыртқы қолайлы жағдай үлкен ықпал етеді. Мысалы, дамыған елдердің мәдениеті артта қалған елдерге үлгі болып, олардың рухани байлығын, сана-сезімін көтеріп, мәдениетін дамытады.

Мәдениеттің мазмұны туралы ғылымда көптеген пікірлер бар, оларды негізгі үш топқа бөлуге болады: антропологиялық, философиялық, социологиялық. Антропологиялық жіктеу – мәдениет адамдардың іс-қимылы мен қоғамның тарихи даму процесінде орныққан рухани және материалдық жетістіктері. Бұл концепцияны жақтаушылар мәдениеттің мазмұнын жақсы түсіну үшін қоғамның барлық саласының жетістіктерін біріктіріп зерттеуді жақтайды. Философиялық жіктеу – мәдениет қоғамдағы барлық рухани және материалдық құбылыстардың жиынтығы – деп түсіндіреді. Бұл концепцияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын түсіну үшін қоғамдағы барлық құбылыстардың субъективтік және объективтік заңдылықтарын зерттеп, ғылыми тұрғыдан тұжырым, қорытындылар жасауды дұрыс дейді. Социологиялық жіктеу – мәдениет қоғамының даму процесінде қалыптасқан рухани жетістіктер. Бұл концепцияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын түсіну үшін қоғамның идеялогиялық және әлеуметтік жетістіктерін біріктіріп зерттеуді қостайды.

Антагонистік қоғамдағы рухани және материалдық мәдениет басшылық етуші таптың мүддесіне бағындырылған. Әрбір ұлттық мәдениетте демократиялық элементтер болады. Өйткені әрбір ұлтта қанаушы және еңбекші бұқара бар, олардың өмір сүруі жағдайлары демократиялық идеологияны туғызбай қоймайды. Қазіргі замандағы мәдениет мазмұны жағынан өте зор, ол алдындағы барлық мәдениет атаулының ең прогресшіл және ең жақсы жақтарын заңды түрде қабылдап, дамып келеді. Мәдениет түсінігіне тек ғылым, өнер, ағарту, әдебиет және тілмен ғана шектеліп қоймай, оған “сезім мәдениеті” де кіреді. Мәдениеттің маңызды сипаты, оның көпұлттылығы. Мәдениеттің экономикалық негізі, оны табиғи дамудан сақтайды. Мәдениеттің үзіліссіз даму процесінде бірте-бірте дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы ерекшеліктер жойылады, адамның жеке басының жан-жақты, үйлесімді дамуына жағдай туады. Қоғам мәдениетінің негізгі салаларының бірі - құқықтық мәдениет. Бұл қоғамдағы мәдени құндылықтарды сақтау, дамыту, жаңғырту оларға азаматтарды баулау жөніндегі қатынастарды құқықтық нормалар арқасында реттеп-басқару. Құқықтық мәдениет қоғамдағы мәдениеттің деңгейінен жоғарғы бола алмайды. Бұл жалпы процесс. Құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық санасының, бейнесі деуге болады. Өйткені бұл мәдениет адам қоғамының өткен формацияларының құқықтық мәдениетінің жетістіктерін біріктіріп, жинақтап отырады. Құқықтық мәдениет екі бөлімнен

тұрады: қоғамдық мәдениет және жеке азаматтардың мәдениеті. Жеке азаматтардың мәдениеті қоғамдық мәдениетті дамытуға шешуші үлес қосады. Құқықтық мәдениет жалпы-қоғамның байлығы, ол адам қоғамының тарихи цивилизациялық жетістігі. Құқықтық мәдениет жеке тұлғалардың біліміне қарай үшке бөлінеді: күнделікті, теоретикалық, профессионалдық. Күнделікті мәдениет жалпы қоғамдық мәдениеттің көлеміндегі деңгейді көрсетуші. Бұл деңгей тұлға еңбектенсе өсуі мүмкін. Профессионалдық мәдениеттің бірнеше немесе бір саласын игеру. Теоретикалық мәдениеттің теориясын жоғары деңгейді білу.

Құқықтық мәдениеттің функциялары: реттеушілік, танымдық, нормативтік, прогностикалық. Реттеушілік - мәдениетті реттеп-басқару; танымдық - құқықтық мәдениет теориясын дамыту; нормативтік-мәдениет бағытындағы нормативтік актілердің сапасын көтеру арқылы құқықтың рөлін жоғарылату, нығайту; прогностикалық (болжау) - құқықтық мәдениеттің болашағын оң болжау. Құқықтық мәдениет субъектісіне қарай үш жүйеге бөлінеді: қоғамдық, жеке тұлға және топтық. Бұл жүйелерге азаматтардың белсенділігі аса қажет, онсыз нормативтік актілердің жүзеге асуы, орындалуы төмендейді. Белсенділіктің екі түрі болады: біріншісі – құқықты дамытудағы, құқық шығармашылықтағы, орындаудағы белсенділік; екіншісі – тәртіпті, заңдылықты жоғарылатудағы белсенділік. [7] Қоғамдық жүйедегі нормативтік актілер жалпы халықты қамтып, қоғамдық деңгейде мәдениетті көтеру; жеке тұлға жүйесі - жеке адамдардың рухани сана-сезімін, мәдени тәжірибесін, білімін, дамыту топтық жүйе-бірлестіктер, ұжымдар, одақтар көлемінде мәдениет мәселесімен айналысу. Құқықтық мәдениеттің қызметін үш топқа бөлуге болады: бағалаушылық, танымдылық және реттеушілік. Бағалаушылық тобы төрт жүйеден қалыптасады: құқықтық саналары, құрылымы, қағидалары, функциялары; заңдылықты; құқықтық тәртіпті қорғайтын органдардың жұмысы; азаматтардың өздерінің баға беруі (заңдылыққа, мәдениетке, тәртіпке). Танымдылық - халықтың заң туралы білімінің деңгейі, рухани сана-сезімнің күшеюі. Реттеушілік тобы – қоғамның мәдениет саласындағы қарым-қатынастарды басқару және реттеу. Олардың заңды болмаса заңды еместігін анықтау арқылы жүйелі орындалуын қамтамасыз ету. Мәдениет жүйесін құқықтық басқарудың, реттеудің негізгі бағыттары мынадай:

- қоғамның құқықтық сана-сезімін, ықыласын дамыту;
- құқықтық шығармашылықты, құқық тудырушылықты жақсарту;
- нормативтік актілердің дұрыс және жүйелі орындалуын қамтамасыз ету;
- мемлекеттің құқықтық жұмысының негізінде халықтың материалдық және рухани мүдделерінің орындалуын жақсарту.

Осы көрсетілген төрт бағыттағы құқықтық жұмысты жеке адамдар тұрғысынан болсын қоғамдық көлемде болсын ғылыми шығармашылық процесс деп білу керек. Сонда ғана мәдениет дұрыс, прогрестік жолмен қарқынды дамып, адамзат қоғамының материалдық және рухани жетістіктерін біріктіріп мемлекеттің жақсы дамуына мүмкіншілік туғызады. Адам

қоғамының тарихи даму процесінен қалыптасқан ең үлкен мәдени байлық - құқықтық заңдар мен құқық. Адам қоғамын дағдарысқа ұшыратпай қаншама жылдар реттеп - басқарып отырған мемлекет пен құқық. Құқықтың мәдениеттің даму процесінде заңдылықпен құқықтық тәртіп орнығып, қоғамның прогрестік жолмен дамуына мүмкіншілік туғызды. Қоғамның мәдениет бағытындағы қатынастардың басым бөлігі заң арқылы басқарылып, реттеліп жатады. Заң мәдениетінің негізгі мүддесі – мақсатынан анықталып, оның орындалу бағыттарын реттеп, көрсетіп отырады. Заң мәдениетінің жаңа мақсатын, жаңа бағытын болжап, алдын-ала заңға меншікті нормативтік актілердің қабылдануын қамтамасыз етеді. Заң құқықтық мәдениетті басқаратын, дамытатын аппараттарды нығайтып, құрып отырады. Заңның дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз ететін – заңға тәуелді нормативтік актілер. Сондықтан, құқықтық мәдениетті дамыту үшін мемлекет барлық билеуші аппараттың (министрлік-ведомостволық, үкімет, жергілікті органдардың) жұмысын жақсартып, олардың құжаттары мен нормаларын дұрыс, уақытында, сапалы қабылданып қоғамдағы мәдениет процесін реттеуді, басқаруды тиісті дәрежеде ұстауды қамтамасыз етеді. Құқықтық мәдениеттің жақсы дамуының негізгі шарттары: мемлекеттік биліктің үш бағыттағы жұмысын жақсарту; халықтық рухани сана-сезімін дамыту; мәдениеттің жетістіктерін қорғау; заңдылықты, құқықтық тәртіпті орнату; құқықтық мемлекет қалыптастыру. Бұл шарттарды орындау үшін біріншіден – қоғамның саяси, әлеуметтік, экономикалық даму процесін күшейту; екіншіден – мәдениеттік аппараттағы қызметкерлердің жұмыс деңгейін жақсартып, тәжірибиесін, білімін көтеру; үшіншіден – демократияны дамыту керек. Құқықтық мәдениеттің ең жоғарғы деңгейіндегі түрі – кәсіби – заңгерлер. Бұл топқа жататындар: заңгерлердің кәсіпқойлық ғылыми ұйымдарында жұмыс істейтін мамандар мен мемлекеттің заңды қорғайтын органдарында қызмет атқаратын азаматтар. Олардың көпшілігінің құқықтық сана-сезімі, тәжірибесі, білімі өте жоғары дәрежеде болады. Сондықтан, олар нормативтік актілерді қабылдауға, орындауға, қорғауға өте үлкен әсер етеді, кемшілікке, қателікке жол берілмейді. Бұл бағытта әсіресе профессионал заңгерлердің рөлі өте жоғары деңгейде болады. Олар құқық теориясын ғылыми тұрғыдан жан-жақты дамытып, зерттеп отырады, нормативтік актілердің сапалы болып шығуына, орындалуына көп үлес қосады. Мемлекеттік профессионал заңгерлердің сана-сезімін, құқықтық білімін, мамандық тәжірибиесін үздіксіз жетілдіріп отыруға көңіл бөліп көптеген шаралар, істер атқаруды қолданады. Сол арқылы заңдылықты, құқықтық тәртіпті нығайтуға, дамытуға мүмкіншілік жасап отырады. Кәсіби заңгерлердің басым көпшілігі жақсы, адал қызмет атқарады, демократияны, бостандықты теңдікті, әділдікті дамытуға үлкен үлес қосады. Сонымен бірге көп мемлекеттердің өмір тәжірибиесі көрсеткендей заңгерлердің ішінен аздаған болса да құқықтық тәртіпті, заңдылықты сақтамайтындар кездесіп жатады. Оның себебі мәдениеттің, сана-сезім, білімінің деңгейі нашар, төмен болуынан. Ондай адамдар анықталып, құқық қорғау органдарынан шығарылады.



Қоғамның құқықтық мәдениетін дамыту заңгерлердің ғылыми және кәсіпқойлық қоғамдастар ұйымдарының маңызы аса үлкен. Олар нормативтік актілердің сапасын жоғарылатуға, нормалардың кемшіліктерін жетілдіруге, қажеттіліктерін түзеуге, құқық теориясын дамытуға көп үлес қосады. Құқықтық мәдениет екі деңгейден тұрады: адамдардың ой, сана–сезімінің деңгейі және олардың кәсіби-мамандығының деңгейі. Құқықтық мәдениеттің сапасыз немесе сапалы екенін қоғамдағы бостандықтың, демократияның, әділеттіктің, құқықтық тәртіптің, заңдылықтың деңгейінен білуге толық болады. Құқықтық мәдениеттің сапасы жоғары деңгейде болса құқықтық мемлекетті қалыптастыруға үлкен әсер етеді. Қазіргі қоғамда құқықтық мәдениетті біліп тану үшін жалпы мәдениет деген түсінікке анықтама беру керек. «*culture*» - латын тілінен аударғанда білім беру, тәрбие беру деген түсінік береді. Мәдениетті толығымен алып қарасақ, бұл рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы, бұл құндылықтар қоғамның тарихи тәжірибе процесінде адаммен жасалады. [8] Мәдениет – бұл әртүрлі, сан қырлы құбылыс. Мәдениетті белгілі бір қоғамда әдет-ғұрып, салт-дәстүр және әдеп қатарынан көрініс табады. Құқықтық мәдениет жоғарыдағы құндылықтың ішінде рухани құндылыққа жатады. Себебі, құқық ең негізгі қоғамдық құндылық, өркениеттің элементі болып табылады. Мәдениет – бұл ой, сана-сезім, ақылдың дамуы, белгілі бір көзқарастар, пікірдің қалыптасуы, тұжырымның пайда болуына бағыттап келетін ұғым. Құқық қоғамдағы әлеуметтік құндылығын дамытатын белгілеп, құқықтық сананың, заң практикасының, заң шығарушылық қызметінің құқықтық жағдайы болып табылады. Құқықтық мәдениет жалпы мәдениеттен бастау ала отырып, жергілікті халықтың менталитетімен қатар, даму деңгейінен көрініс табады. Құқықтық мәдениет басқа түрлеріне қарағанда күрделі болып келеді. Сонымен, құқықтық мәдениет дегеніміз – адамның құқықтық санасының сапалы күйі және қоғамның анық бір құқықтық көзқарастарының деңгейі болып табылады. Құқықтық мәдениетті кең мағынада қарастырсақ – ол анық іс-қимыл, әрекет жасау, конституциялық нормалар мен заңдардың жиынтығын, олардың жүзеге асырылуы жөніндегі түсінік.

Пара алудың этимологиялық мәселелері мен қылмыстық заңнама тарихындағы эволюциясы. Сыбайлас жемқорлық Қазақстан халқының, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігіне, тұрақтылығына жүйелі қауіпті төндіреді, халықаралық аренада Қазақстан Республикасының жағымсыз абыройын әшкерелей отырып, жүргізіліп жатқан әлеуметтік және экономикалық реформаларға кедергі жасайды.

Елбасымыз өзінің «Қазақстан-2030» Стратегиялық жолдауындағы Қазақстанның міндеті жөніндегі басымдықта «Барлық істерге қол сұғатын әдеттер, қоғамның хабарынан тыс тудыратын құпиялылықтың керексіз және зиянды сәуле жиегі, ведомстволық пен жергіліктілік, ашыналық пен жікшілдік, ұжымдық жауапсыздық, тұйықтық пен бастамашылсыздық, барабарлық пен көпсатылы құрылыс, сыбайластық - бұрынғы режиммен тәрбиеленген, соңғы

жылдары белгілі болып отырған, жасырын нысаннан ашық нысанға өткен біздің кеңсешіл тобымыздың толық емес шоғы болып табылатынын айтты" [5].

Сонымен қатар, Елбасының 2004 жылдың басында халыққа жолдауының «Мемлекеттік құрылыс» бөлігінде «сыбайлас жемқорлық қылмыстары қатаң қудалануға тиіс: бұл үшін қажетті заңдар қолда бар. » дегендей баяндама жасады .

Елбасының 2005 жылғы Қазақстан халқына жолдауында: Алдағы уақытта күш-жігерім сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағыттталатынын айтты. Сонымен қатар, Қазақстан кеңестен кейінгі кеңістікте алғашқылардың бірі болып жемқорлыққа қарсы заңнама қабылдап, халықаралық конвенцияларға қосылды. Жазаланған шенеуніктер де аз емес. Көп іс тындырылды. Соған қарамастан, біз осы проблемамен шұғылданатын әрі өзіміз берген ақпараттарға сүйеніп біздің жұмысымызға баға беретін халықаралық ұйымдармен тиісінше жұмыс істей алмай жүрміз. Қазақстан біздің өңірде ғана емес, басқа да жерлерде кейінгі кезекке ығысып кетпегенін толық сеніммен айта аламын. Алайда өтпелі экономика сырқатының өзіне тән шығасысы да болмай қалмайды.

Уақыт өтті, ахуал өзгерді, ендігі жерде заңнама ізерлей талдау мен жетілдіруді талап етіп отыр. Шенеуніктердің сыбайластық іс-әрекетіне ерікті немесе еріктен тыс тиісті жағдай туғызатын заңға тәуелді барлық актілер қайта қаралуға тиіс [4].

Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолында үнемі жұмыс істеп, ахуалды жақсартып келеміз, алайда бірқатар қаржа-өнеркәсіп топтарының ақша ағыстарының ашық болмауы және олардың табысты жасыру, қаржы мен мүлікті шетелдерге шығару, салық төлеуден жалтару есебінен заңсыз бауы, сондай-ақ көлеңкелі экономика біздің дамуымыздың елеулі шектеулеріне айналып отыр. Нақ осы топтар өкілдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге шақырған ұрандары дүңкілдеп тұр. Сонымен бірге бюджеттің негізгі ысырабы да нақ осында жатыр. Сөзден іске көнетін уақыт жетті [5].

Демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады [6].

Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне сөз арнаймын. Біздің қалалардың көшелері мен ауылдардағы тыныштық сіздерге байланысты. Қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен, алаяқтықпен, заңдардың бұзылуымен табанды да қатал күрес жүргізу керек. Осы қиын кезде біздің азаматтардың, бүкіл қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бәрін де істеу керек [7].

Сыбайлас жемқорлықпен бітіспес күрес жүріп жатыр. Қазіргі таңда халықаралық сарапшылардың бағасы бойынша Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы ең тиімділердің бірі деп танылған. Тек 2 жылдың ішінде қылмыстық жауапкершілікке 40-тан астам республикалық деңгейдегі жетекші, облыстық және қалалық ауқымдағы 250-ден астам лауазымды тұлғалар тартылды, олардың арасында 39 әкім мен олардың орынбасарлары бар [8].

Жаңғыртудың маңызды мәселелерінің бірі сыбайлас жемқорлықпен табанды күрес. Бізге әлде де сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа стратегиясын әзірлеу керек [9].

Сыбайлас жемқорлық - мемлекет пен қоғамның тұрақты жасаруына, Қазақстанның қауіпсіздік шеңберіне қауіп төндіретін жүйелі қатерді білдіреді, халықаралық аяда Қазақстан Республикасының жағымсыз абыройына кұрай отырып, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға әсерін тигізеді. Сыбайлас жемқорлықпен айналысатындар адал (отандық және шетел) кәсіпкерлердің алдын ала теңсіздік жағдайына қатер келтіре отырып, ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекелестік келтіріп, ұлттық экономикаға жағымсыз әсер береді.

Сыбайлас жемқорлық сауда жүргізудің қаржылық ортасын және экономикалық деңгейін бұрмалайды, бизнестің тиімділігі мен мемлекеттік билік, инвестицияларға ынталарын төмендетіп, саяси және экономикалық дамуды тежейді, әлеуметтік теңсіздікті туғызады, сонымен қатар саясатқа белгілі бір бейтұрақтылықты енгізеді. Мысалы, өткен ғасырдың 80 жылдарының басында сыбайлас жемқорлық экономиканы епсіз басқарумен ұштастыру негізінен Венесуэлла сияқты мұнайға бай елді төлем қабілетсіздігіне әкеліп соқтырды. Демократиялық және демократиялық емес институттарына бай елдер де, жағдайы төмен елдер де сыбайлас жемқорлыққа бейім болып отыр. Сыбайлас жемқорлық Жапония үкіметінде болған өзгерістерде, Италияның саяси жүйесін қайта ұйымдастыруда, Заирдағы үкіметтің, заңи биліктің және тәртіптің қол астында шешуші рөл атқарды.

Тиісінше, сыбайлас жемқорлықтың қазіргі қоғамға әсері экономикалық шектен шығып отыр. Сыбайлас жемқорлық экономика мен қоғамның әртүрлі салаларына терең ене отырып, елдің тұрақты саяси-экономикалық дамуына әсер етеді, сондықтан оның ұлттық қауіпсіздігіне елеулі қауіп болып қала береді. Мәселен, 2005-2010 жылдары аралығында Қазақстан Республикасында 0018 сыбайлас жемқорлық қылмысы анықталды. Сонымен қатар, осы көрсеткіштің жыл сайынғы өсу тенденциясы байқалады, егер 2005 жылы осындай қылмыстар саны 1505 кұраса, онда 2010 жылдың нәтижелері бойынша 1918, яғни 27%-ға өскен [10].

Осыған байланысты, елдің ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында ел алдында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың белсенді саясатын жалғастыру міндеті тұрғаны белгілі. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тек мемлекеттік және құқық қорғау органдарының күшімен ғана сыбайлас жемқорлық деңгейін барынша төмендетуге мүмкіндік бермейтіндіктен, бұл жеделдетілген экономикалық және әлеуметтік даму бойынша елде жүргізіліп жатқан қайта құруларды тежеп отыр.

Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстанның және Президент Н. Ә. Назарбаевтың мемлекеттік саясатының маңызды стратегиялық басымдығы болып отыр. Мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат елдегі әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрақтылықты күшейтуге,

қоғамның және адамдардың құқықтарын, заңды мүдделерін және бостандықтарын қылмыстық қауіптерден қорған деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Елбасының әр жыл сайын жолдауларында сыбайлас жемқорлықтың өте өзектілігін ескеріп, тапсырмалар беріп отырады. Олай болса, сыбайлас жемқорлықпен күрес, әсіресе пара алуды болдырмау өзектілігі шарши түсе беретіні анық.

Еліміздің даму сатысында жемқорлықтың уақыт өткен сайын өз мәресіне жетіп келеді. Бұл орайда қаныама шаралар, бағдарламаларқабылданып, іске асырыла берсе де сыбайлас жемқорлықтың мүлдем жоқ болуы мүмкін болмай отыр. Бұл бағытта зерттеулер жүргізуде заң ғылымының алатын орны ерекше.

Отандық заң ғылымы саласы басқа ғылым салаларына қарағанда едәуір дамымаған. Қазақстан XX ғасырдың аяғына дейін Кеңес Үкіметінің құрамында болды. Алайда, пара алу, пара беру, жалпы сыбайлас жемқорлық саласында аз зерттеулер жүргізілгендігін айтуға болмайды.

Пара алу қоғамға, елдің абыройына, халықтың әл-ауқатына орасан зор қауіп төндіретін құбылыс болып табылады. Кеңестік ғалымдар парақорлық жөнінде көптеген зерттеулер жасады. Біз, отандық зерттеулер аталғандай ғалымдардың зерттеулеріне негізделеміз.

Б. А. Жетпісбаеваның пікірінше, қазіргі кездегі парақорлық, сыбайлас жемқорлықтың қарабайырлық түрі ұлттық тұрақтылық пен көптеген елдердің қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін аса қауіпті қылмыстардың біріне айналып отыр [11]. Олай болса, пара алуды жоғалту үшін кеңауқымды күрес шараларын іске асыру керек.

Сонымен бірге С.Роуз-Аккерман: «Көптеген елдерде пара берусіз пәтер телефонын, паспорт не көлік жүргізу куәлігін алу мүмкін емес» дейді [12]. Шынында да, біздің еліміздің өзінде пара берусіз көптеген жұмыстарың тоқтап қалады. Егер де белгілі бір қызмет көрсету үшін пара берушілерге тездетіп біткен жұмысы қолайлы. Ал, пара алушылар болса, әдеттегідей, заңсыз олжаға кенелу үшін жұмыс барысын әдейі бәсеңдете бастайды.

Қазіргі таңда, көптеген зерттеушілер тек сыбайлас жемқорлық туралы сөз қозғайды. Алайда, сыбайлас жемқорлықтың, жалпы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ата-тегі парақорлық екендігін ұмытпауымыз керек.

Пара алу қылмысы мемлекет экономикасының жақсаруына үлкен кедергі келтіретін қоғамның негізгі қауіп-қатерлерінің бірі ретінде танылған. Сондықтан да оны тұзақтау, алдын-алу мақсатында елімізде елеулі іс-шаралар жоспарланып, іске асырылуда. Алайда, онымен күрес барысы күн сайын жайылып келетінін ескерсек, індетке айналған осы бір қатерлі дерттен бойын алшақ ұстағысы келмейтіндердің қатары да уақыт өткен сайын көбейе тусуде. Дегенмен, осы мәселені терең алу мақсатында, оның пайда болуы мен тарихи аспектілерін қамтамасыз ету қажет [13].

Б. Жетпісбаеваның айтуынша, сыбайлас жемқорлық ұлттық тұрмыстың мәдениеті мен дәстүрінің қалыптасқан ажырамас бөлігін құрайды. Бұл оймен

келісуге болмайды, себебі қай жағынан алып қарасақ та, шындыққа сәйкес емес. Себебі, қазақ халқының тұрмысындағы жемқорлық індеті «үйреншікті», ажырамас бөлік болып, өзгермеген дәстүр ретінде қалыптаспағандығын айтады.

Қазақтың жалпы өмірінде сыйлық беру салты орын алған және ол бүгінгі күнге дейін бар, бұл өмірдің белгілі бір сәні секілді, бірақ ол жемқорлық мақсатта не басқа ниетте ғана емес, адамға деген сый-құрмет, үлкенді сыйлау мақсатында орын алып отырған. Ал қазіргі заңнамамызға сәйкес, бұл пара алу қылмысы болып табылатыны сөзсіз. Әкелінген сыйлар пайдакүнемдік, байу секілді мақсатта болмаған. Дау немесе кикілжің пайда болған жағдайларда би сотында қаралған, ал би соты институты ел ішінде, патша жарғысына бағынышты емес, халықтың қалауымен сайланған [11]

Тамырын тереңге жайған дәстүрдің арқасында сыбайлас жемқорлық қатынасы басқа әлеуметтік, яғни жанұялық, этникалық, жерлестік, корпоративтік және т. б. жағдайлармен тығыз қабаттасады [13]. Әрине бұл тұжырыммен барлығы келісе алмайды.

Парақорлық орыстың ескі ғасырдағы жылжазуларында да кездеседі. Оған алдымен заңмен шектеу қойған III Иван болатын. Оның орын басушысы Иван Грозный кейін сот грамотасын енгізу арқылы, онда жергілікті шенеуніктерінің пара алғандығына жаза ретінде өлім жазасын белгілеген [14].

Сыбайлас жемқорлыққа алғашқы қарсылық 1648 жылы Мәскеу қаласында орын алып, онда сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған екі «министрді» патша үкіметі халық қолына беріп, көпшіліктің көңілінен шықты.

Парақорлықпен қатар басқа да қылмыстар үшін жауаптылық 1649 жылғы Собор жинағында орын алды. Жинақтың 5 және 7-баптарында сот органдарындағы лауазымды адамдардың сыйлық алғаны үшін жауаптылық көрсетілсе, 6-бап ондай субъектілер көлемін ұлғайтты [15, 90 б.]. Сол кезде етек алған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін Патша өз қарамағындағы әскери қызметкерлердің мемлекеттік қызметті өтеу мерзімін 2 жылға кемітті. Олардың әрі қарай қызметін жалғастыру үшін, халық тарапынан жазбаша білдірген өтініш болуы тиіс еді. Сонымен қатар I Петр пара бергендік және мұндай қылмысқа бас пайдасы үшін атсалысқандарға қылмыстарды аяғына дейін жеткізбегендерге қылмыстық жауаптылық енгізді. Мұндай қоғамға қауіпті әрекеттер мемлекет қадіріне зиян келтіретін қылмыстар болып саналды. Сол уақытта сыбайлас жемқорлыққа барған шенеунікті көрсеткен адамға жылжитын және жылжымайтын мүліктерді беріп, ал олар шенеуніктің шендеріне лайықты болса, оған дейін берілетін нормативтік акт қабылданды. Осы шаралар өз деңгейінде жеміс бермеді. Оның куәсі сол кезді бейнелеген ғалымдар "I Петр кезеңінде қазына ұрлау мен парақорлық бұрын болмаған шекке жетті» [16]. I Петр жүргізген реформалар кезеңінде парақорлық ұғымының мазмұны өзгерді - мемлекет мүлкін лауазымды адамдардың қанауы олардың қызмет бабын бас пайдасы үшін теріс пиғылда пайдалануы деп саналды [17].

Қазақ жеріндегі әдептік құқық нормаларын рулық қауымдарда қабылданған көшпенділер мәдениетіндегі дәстүрлер анықтады. Құқықтық жүйе негіздерінің Қазақстанда қалыптаса бастауын орта және кейінгі орта ғасырға - XIV ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысы аралығын жатқызу керек. Бұл кезеңде құқықтың дәстүрлі мұсылмандық жүйесі мен монғолдардың көшпенді өркениетінің құқықтық институттарының өзара уйлесу процесі жүрді [18]. Бұл кезеңде жоғарыда айтып кеткеніміздей қазақ қоғамында сыбайлас жемқорлық ұғымы болмаған. Дегенмен Қазақстан Ресейге бодан болып кіргенге дейін ақсүйектерге қатысты сый-сияпат жасау болған. Мысалы, қарапайым диқанымыз хан, сұлтан, билерге «ұшыр» салығын - яғни алған өнімінің бір бөлігін төлеп тұрған. Сонымен қатар, шонжарлар үшін соғым мал немесе сыбаға жинастырылған. Басқа да сыйлықтар болған. Бұны әрине салық төлеумен салыстыруға болады.

Ордада отырған шенеунік қандай да бір қызмет атқарғанымен қарапайым халықтың сыйынан бас тартпаған «хан немесе сұлтанға қыс бойы халық есебінен тамақтану үшін күзде соғымын, көктемде сыбағасын берген» [19]

XVI ғасырдың басынан бастап Қазақстанда «Қасымның қасқа жолы» деп аталатын Қасым ханның заңы күшіне кірді, оның негізінде әдет құқығының нормалары алынды. Бұл әдет құқығының нормаларын XVII-ғасырдың аяғында Тәуке хан өзінің «Жеті жарғысында» толықтырып бір жүйеге келтірді.

Ол кездегі қазақтардың әдет құқығы үш көзден: әдеттерден, билер сотының тәжірибесінен және билер съезінің ережелерінен тұрды [19]. Дауласқан жақтардың көңілінен шығып дұрыс шешім шығаруды сол кезде әдет құқыққа сүйеніп хандар, сұлтандар және билер ауызша атқарды. Олардың айтқаны ақтық шешім болып саналды. Ел ішіндегі дау-дамайды билердің алдына барып шешетін, ол үшін «ханлық» деп аталатын сыйақы алынды. Мұндай шешімдердің нәтижесінде құқықтық жаңа нормалар пайда болды. Дауласқан жақтар тарапынан төрелік айтқан билерге тарту жасауға рұқсат етілді [19].

Ордада құрмет көрсетілетін әрбір адамға, лауазым иесі болса да, сыйлық алуға болатын, ол шеттен берген сыйлықтан бас тарта алмайтын [20]

«Жеті жарғыда» қоғамдық қатынастардың барлық жағы қамтылып, онда азаматтық, әкімшілік және қылмыстық құқық нормалары, дін, салық жайында ережелері көрсетілді. Дегенмен бір орталықтан жүргізетін мемлекеттік басқару жүйесі және жемқорлық болмағандықтан парақорлық, қызмет бабын теріс пайдалану, яғни сыбайлас жемқорлыққа қатысты жауаптылық қарастырған нормалар болмады. Бұл әрине сол кездегі сыбайлас жемқорлық құбылысының болмағанының бір дәлелі.

Ал, әлеуметтік-құқықтық мәні өзгеріп сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы жоғарыда айтқанымыздай Ресейдің Қазақстандағы отаршылдық саясатының жүзеге асырылуымен байланысты болды. Қазақстан Ресейге қосылған кезде екі сот жүйесі қатар жүрді:

- жергілікті ұлттық соттар - қазақтар арасындағы кішігірім дау-дамайды қарастыратын жергілікті билер мен қазылар соты;

- қазақтарға қатысты аса маңызды істерді, яғни ұлтаралық дауларды қарайтын жалпы империялық сот мекемесі болды.

Романовтар әулеті патшалық етіп тұрған кезде парақорлық мемлекеттік қызметкерлердің табыс көзіне айналды. Бұл қылмысты ешқандай жазалау шарасымен тоқтату мүмкін болмады, сондықтан онымен күрестің жаңа тәсілдері іздестірілді.

1845 жылы Заңдар жинағына толықтырулар енгізіліп, қызмет бабын теріс пайдаланғандық, парақорлық үшін қосымша жауаптылық қарастырылды. Оның 401-бабында алған парадан екі есе көп мөлшерде айыппұл төлеу түрінде жаза белгіленді. Пара беру әрекеті алғыс білдіру және сатып алу үшін деп екіге бөлінді. Егер лауазымды адамға пара оны сатып алу үшін берілсе, ол жұмысынан да босатылатын еді. Айыпты адам шын жүректен өкінген жағдайда жаза жеңілдетілетін [21].

Лауазымды адам өзінің қызметтік міндетін бұзып, заңда көзделген сыйақы алса, онда ол бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе 70-80 рет таяқпен ұруға және екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге арестанттық ротаға жіберуге жазаланды. Егер жөңілдететін мән-жай болса және шын өкінсе, қатаң сөгіс немесе қызметінен босату түріндегі жеңілдеу жаза қолданылды.

Аталған заңдар жинағының 405-бабында пара алудың және берудің мынадай формалары мен тәсілдері көрсетілді:

- параны делдал арқылы, оның ішінде туыстары арқылы беру және алу;
- бұрын уәде еткен сыйақыны лауазымды адамға оның қызмет бабында жасаған әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін беру және оны алуы;
- алдын ала келісілмеген сыйақыны лауазымды адамға оның қызмет бабында жасаған әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін беру және оны алуы;
- сыйақыны ұтылыс, айырбастау, қандай да мәміле арқылы беру.

Заң жинақтарының 406 және 407-баптарында параны бопсалаудың формасына мыналар жатқызылған:

- қорқыту немесе қысым жасау жолымен пара алу;
  - лауазымды адамның сыйлықты немесе заңда көзделмеген төлемді немесе қарызды, немесе қандай да қызмет көрсетуді талап етуі;
  - заңда белгіленбеген немесе белгіленген мөлшерден артық ақша, зат жинастыру;
  - өзінің немесе басқа біреудің жұмысына заңсыз кірісуі;
  - адамды қинап немесе қандай да бір барлық жасап бопсалаушылық.
- Мұндай әрекеттер үшін барлық құқықтан айыру, Сібірге жер аудару және төрт жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылды.

Сонымен қатар бұрын қаралмаған қылмыс құрамдары енгізілді:

- төменгі деңгейдегі қызметкерлердің жоғары тұрған шенеуніктерге

- сыйлық беру үшін заңсыз ақша жинауы (408-бап);
  - парақорлыққа жағдай тудыру, пара алуда боспалаушылыққа қатысу(409-бап);
  - шаруалар қауымның атынан лауазымды адамға пара беру (411-бап).
- [21]

Кейін Ресей патшасы П Александр өзінің 1862 жылғы «Ал парақорлық туралы» заң жинағында ауырлататын мән-жайсыз пара бергендік үшін жауаптылық көзделген 411 және 412-баптарын алып тастады. П Александр 1866 жылы «Бұл аурудың себептерін іздестіру және оны жоюдың амалдарын

қарастыру туралы» Жарлық шығарып, зерттеулер жүргізуге нұсқау берді.

Бұл құбылысты зерттеу мақсатында құрылған Сенат комитеті оның таралуының негізгі үш себебіне назар аударуы: зандардың жетілмегендігі, мемлекеттік қызметкерлердің материалдық қамаамасыз етілмеуі және қылмыс пен жазаның бір-біріне сай келмеуі. Яғни мемлекет есебінен байығандар мен бірнеше сом алған кедейлердің тартатын жазасы бірдей болды. Біздің көзқарасымызша бұл қойылған сұрақтар әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ. Өйткені оны біз күнделікті өмірден көріп отырмыз. Демек біздің елімізде де осы мәселелерді шешу жолдары қарастырылуы керек.

Бұл үш себептің болуын комитет мынадай жағдайлармен түсіндіреді:

- сот билігінен көріп отырған тәуелділік;
- төменгі тұрған шенеуніктердің жоғарыларға тәуелділігі;
- қызметке қабілетсіз адамдарды алу;
- билік органдары қабылдаған шешімдердің құпиялылығы [22].

Содан бері қаншама жылдар өтседе бұл себептер өзекті болып қала беруде. Соның ішінде біздің пікірімізше, қызметке қабілетті еліне еңбегі сіңген өз пікірі бар қызметкерлерді алып тастап немесе елемей, қызметке қабілетсіз бұрын ол жүйеде жұмыс істемеген мұрнына ештеңенін исі бармайтын адамдарды құқық қорғау жүйесіндегі ұжл ұжымдардың берекесі кетіп отырғанын біз өз көзімізбен көріп отырмыз. Ол әрине бізді қатты қынжылтады.

1903 жылы Ресейдің «Қылмыстық жинағы» жарық көрді, оған 1883 жылғы Жинақтағы лауазымдық қылмыс туралы барлық нормалар кірді. Аталған жинақта алдыңғыға қарағанда айтарлықтай өзгерістер болды, жаңа қылмыстық заңнама жасау жүйесі жеңілденді, баптар саны азайды, лауазымды тұлғаларға анықтама берілді. Дегенмен кейін лауазымдық қылмыстарды саралауға қатысты проблема туындады.

Революцияға дейінгі Ресей ғалымдары лауазымды адам ұғымына дәл анықтама беруге бірнеше рет талпынды. Құқын ғылымы бұл проблеманы шешуге тиіс еді. «Лауазымды адам» сөзі бірде кең, бірде тар мағынада айтылды. Кең мағынада айтылғанда оған басқарушы әкімшіліктегі шенеуніктер де, жергілікті басқару органдарының қызметкерлері де, әртүрлі жеке шаруашылық кәсіпорындарының қызметкерлері де кірді» [23].



Кеңес үкіметі орнағанға дейін Ресейде "лауазымды адам» және «мемлекеттік қызметкер» ұғымдары теңдей мағынада берілді. Кейбір ғалымдар «лауазымды адам мен қызметкер ұғымдары сәйкес келеді» деп санады.

Лауазымды адамдар ұғымының шегін анықтауға талпыныс жасаған революцияға дейінгі ғалымдар алдында бірнеше мәселелер тұрды. Жүргізілген әртүрлі іздестірулердің нәтижесінде бұл проблеманы шешуге мүмкіндік беретін жолдар анықталды. Ол жолдардың мәні мынада:

- заңға адамдардың осы қылмыс субъектілеріне жататын белгілі бір тобын білдіретін нақты терминдерді (ұғымдарды) кіргізу арқылы сот тәжірибесінде бұл ұғымның шегін айқындауға мүмкіндік тудыру;

- заң мәтініне лауазымды адамдарды лауазымдық қылмыстардың субъектісі ретінде сипаттайтын кейбір белгілерді кіргізу.

Сонымен олар бұл проблеманы шешудің барлық ауыртпалығын сот тәжірибесіне жүктеді. Зандағы ұғымға сүйенсек олар мемлекет қызметінде міндеттер атқаратын адамдарды қызметіне қатысты қылмыс субъектісіне жатқызды [24]. Мәселен А.Лохвицкий: «акционерлік қоғам басқармасының мүшесі қандай да бір керекті немесе керексіз нәрсені жасау үшін ақша алуы мүмкін, бірақ бұл парақорлық қылмыс емес. Ал пара алған мемлекеттік қызметкер өз әрекетімен мемлекеттің беделін түсіреді» [25] дейді. Сонымен қатар сот тәжірибесі, мысалы, жәрменкелік көпестіктің өкілетті адамдарын, ішімдік шығаратын зауыттардың қадағалаушыларын, конкурстық басқармалардың төрағаларын және т. б. мемлекеттік аппараттың лауазымды адамдарына теңестіруге болатындығын көрсетті. Өз бетінше тәжірибе жасаушы дәрігерлер, еркімен жалданған сатушылар, нотариустар, орман қызметшілері. Заң жинағының 1162-бабына сәйкес қызметтен қылмыстары үшін мемлекеттік қызметкерлерге белгіленген тәртіпте жазаланатын болды.

Сонымен Жазалау туралы Жинақ және сот тәжірибесіне сүйеніп заңның мәтінінде арнайы көрсетілген лауазымды адамдар немесе атқаратын қызметіне қарай лауазым иелерімен теңестірілген адамдар қызметіне қатысты қылмыс субъектісі болуға тиіс еді. Мұндай пікірді 1903 жылғы Қылмыстық жинақ жобасын жасау жөніндегі үкімет комиссиясы да қолдады. Бірақ ол алғашқы жоспарынан бас тартып, «қызметкердің» тиісті анықтамасын жинақ мәтініне енгізді. Бұл анықтамадағы лауазымды адамдардың әрекеті қызмет бабында қылмыс жасайтындардың ауқымын түгел қамтымады. Ондай іс-әрекетті:

- биліктің өкілі ретінде үкіметтің немесе қоғамдық ұйымның, тапсырмасын орындаушы шенеуніктер;

- қызмет бабында өзіне бағынышты адамы жоқ төменгі сатыдағы қызметкерлер;

- төрелік сот мүшелері және басқалар да жасауы мүмкін еді.

Қылмыстық жинақта «Мемлекетке және қоғамдық қызметке қарсы қылмыстар туралы» тараудан басқа да санаттардағы лауазым иелерінің жауаптылығын қарастырған өзге де нормалар бар болды. Оларға дәріхана жетекшілерінің, банк мекемесі басқарушыларының, зауыт, фабрика, неркәсіп

орындары қызметкерлерінің жауаптылығы жатқызылды.

Сонымен, қылмыстық жинақта қызмет бабындағы әртүрлі қылмыстарды өзінің ерекше бөліміндегі әртүрлі тарауларында қарастырып, оларды мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі қылмыстан деп бөлектеді.

Бұдан біз кез келген қызметкердің мемлекеттік немесе қоғамдық қызметтегі қылмыстың субъектісі бөлеміз. Қандай да бір міндет атқаратын, бірақ мемлекет немесе қоғамдық қызмет атқармайтын адамдардың жауаптылығы туралы нормалар Қылмыстық Жинақтың XVII тарауында келтірілген қылмыстардың субъектісі бола алмайды. Мемлекет немесе қоғам үшін бірдеме жасаушы немесе шығарушы адам, оны меншік иесінің немесе кәсіпкердің жеке тапсырмасы бойынша жүзеге асыратын болса, онда ол «қызметкер» ұғымын бермейді». Олар қылмыс және жазалау туралы жинаққа сәйкес жалпы қылмыс үшін ғана сенімге қиянат жасағандық, алаяқтық және т. б . үшін жауаптылық көтерді.

РСФКР ХКК-нің 8.05.1918 жылғы «Парақорлық туралы» декреті осындай әрекет үшін қылмыстық жауаптылық қарастырған алғашқы құқықтық акт болды. Онда «өз міндетіне қатысты әрекетті жасағаны үшін пара алған» мемлекеттің немесе қоғамдық қызметтегі адамдардың қылмыстық жауаптылығы қарастырылған. «Қызметкердің айрықша өкілеттілігі және параны талап ету» ауырлататын мән-жайға жатқызылды [26].

ХКК-нің 16.08.1921 жылғы Декретімен пара алушының іс-әрекетін саралауға қатысты бөлігінің ұғымдары біршама өзгертілді. Мәселен «өз міндетіне жататын қандай да бір әрекетті жасағанына өзі немесе басқа біреу арқылы қандай түрде болса да пара алған немесе алуға талпынған мемлекеттік, одақтық немесе қоғамдық қызметтегі адамның жауапкершілігі» жаңа редакцияда көрсетілді.

1922 жылғы Қылмыстық кодекстің 105-бабының түсініктемесінде да бір мемлекеттік (кенестік) мекемеде немесе кәсіпорында, сондай-ақ мамылық, әкімшілік шаруашылық және басқадай қоғамдық міндеттерді асыруға заң бойынша құқығы, міндеті және өкілеттігі бар ұйымдарда бірлестіктерде тұрақты немесе уақытша қызмет атқаратын адамдар» иелері деп танылған. Нәтижесі іс-әрекеттерді және қызметтегі, жұмыстағы лауазымдық теріс қардың кепшілігіне тарады. Себебі қылмыс жасайтындар ауқымы кеңейді. қатынастар өзгерді, азаматтар енді біртұтас мемлекеттік болып саналды. Сол кездегі басшылар өздерінің мақалаларында "бурынғы жеке қызметкерлер мен жұмысшылар лауазым иелеріне айнанғандықтан, бізде жеке қызмет жоқтың қасы, - деп жазды [27, 223 б.].

Сонымен қатар, «кеңестік құқық "лауазымды адам» ұғымының мазмұнын бұрынғы патша заманындағы ғалымдардың да асып түсті" [28, 21 б.]. Ойткені мұндай бағыт басқару жүйесіндегі өзгерістер қылмыстың-құқықтық саясатқа да әсерін тигізді. Жұмысшылар мен шаруалар тікелей немесе әртүрлі қоғамдық тетіктер арқылы күнделікті мемлекеттік функциялар атқаруға тартынды. Кейбір әдебиеттерде кеңестік қылмыстық құқық бойынша лауазымдық қылмыстар

шеңберін ұғынып, оның бұрынғы патша қылмыстық заңынан ерекшелігін айқындауда кеңестің мемлекеттік аппаратының йырмашылығына тоқталды. Себебі сол кездегі мемлекеттік кеңестік аппарат қанаушы топтың емес халықпен етене бірлесіп, еңбекшілердің мүддесін қорғады. [29].

Қазіргі құрылыс тұрғысынан алғанда қандай қызметкер болмасын, атқаратын міндеті елеусіз екендігіне қарамастан, лауазымды адам болып саналады. Булан мынадай тұжырым жасауға болады: «төмен сатыдағы қызметкер де, жоғарғы сатыдағы қызметкер де лауазымдық қылмыс субъектісі бола алады» екен [30]. Қоғамдық ұйымдардың жалпы мемлекеттік манызы бар міндетті атқарушы қызметкерлері де өз қызметтік міндетін бұзғандығы үшін мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерімен теңдей жауапкершілік көтереді [31].

Сонымен кенестік құрылыстың алғашқы кезеңінде кез келген қоғамдық қарылымның қызметкері лауазымдық қылмыстар субъектісі болды.

РСФСР-нің 1926 жылы қабылдаған қылмыстық кодексінің 117-бабында "лауазымды адамның өз қызмет бабын пайдаланып, басқа біреудің пайдасына бала қандай да бір әрекет жасағаны немесе жасамағаны үшін өзі тікелей немесе біреулер арқылы пара алуын парақорлық" деп саналды. Ауырлататын белгілерге пара үшін бұрынғы соттылығы қарастырылды.

Осы заңның 109-бабында, кәсіподақ ұйымдарының басқарушы функциясы атқарушы адамдар да мемлекеттік аппараттың лауазымды адамдары қатарында қаралды. Дегенмен оларға "әкімшілік кепілдігі деп аталатын тәртіп белгіленді, яғни бұл адамдар өз әкімшілігінің рұқсаты болған

Жағдайда ғана қылмыстық жауапкершілікке тартылған». Басқа жаңдайлардың барлығында кәсіподақ қызметкерлері жеке азамат ретінде қаралды. [32]

## ***1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға құқықтық мәдениеттің әсері***

«Сыбайлас жемқорлық» түсінігі (латынша *corruptio*) — ақшаға сатып алу және саяси қайраткерлерді, мемлекеттік шенеуніктерді, лауазымдық тұлғаларды сатып алу дегенді білдіреді. [14] Сыбайлас жемқорлық (лат.*corruptere*) біреуді ақшамен немесе басқа да материалдық құндылықтармен сатып алу.

Рим құқығында «*corruptere*» түсінігінің мағынасы – жалпылап айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау», «параға сатып алу» және сот процесінде заңсыз әрекеттенуді білдірді. Нәтижесінде мақсаты - сот процесіне немесе қоғамдағы істерді басқару процесіне бөгет болатын, бірігіп әрекет жасайтын (екі адамнан кем емес) тұлғалардың әрекеті деген түсінік пайда болады.

Ғылыми, оқу және қоғамдық публицистикалық әдебиеттерден сыбайлас жемқорлыққа әртүрлі анықтама алуға болады. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде сыбайлас жемқорлық пара беріп, сатып алу, лауазымды тұлғалардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады.

Сыбайлас жемқорлық бұл жеке адамның немесе бір топ адамдардың қызмет жағдайын өз басының мүддесіне қарай пайдалануы және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын заңсыз пайда алуға бағыттауы.

Сыбайлас жемқорлыққа: парақорлық, непотизм (жеке байланыстар, немесе «өз адамдары» негізінде туысқандарын пайдалы орындарға немесе лауазымдарға орналастыру) және жеке бас мүддесі үшін мемлекет қаржысын иемдену кіреді.

Сыбайлас жемқорлық түсінігіне анықтама беруде әртүрлі көзқарастардың болуы осы құбылыстың өте күрделі мәселе екенін білдіреді және оны жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Біздің түсінігіміз бойынша сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық категория ретінде лауазымдық тұлғалар мен қоғамның жекелеген мүшелері арасындағы үшінші тараптың мүддесіне зиян келтіре отырып, пайда алу мақсатында өз лауазымын пайдалану болып табылады.

2014 жылы «Қазақстан-2050» Стратегиясы мемлекетіміздің жаңа саяси бағытындағы сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайды.

Қазақстанның жемқорлық мәселесі бойынша қағидаттық ұстанымын білдіретін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға белгілі.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай

институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді.

Біздің елімізде қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істеуде, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды кешенді түрде іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік шығу тегі мен мүліктік жағдайына қарамастан, оның кезінде басшылық орындарға қабілетті және кәсіби дайындалған адамдар орналасатын меритократия қағидаттарының негізінде мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасты, оның ішінде мемлекеттің әрбір органы мен лауазымды адамының функциялары мен өкілеттіктерінің аражігі нақты ажыратылып және айқындалып қалыптасты.

Шенеуніктердің азаматтармен тікелей байланыстарын қысқартатын және сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жағдайларды барынша азайтатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласын дамыту мен мемлекеттік аппараттың жұмысын ақпараттандыру жөнінде кешенді шаралар қабылданды. [15]

Қазақстанға әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіруге мүмкіндік берген азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру, ұлттық экономиканың өсуі, бизнесті жүргізу жағдайларын, халықтың құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік белсенділігін жақсарту, электрондық үкіметті енгізу жөніндегі қолданылып жатқан шаралар да заңға бағыну мәдениетін және жүріс-тұрыстың жалпы қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы модельдерін қалыптастыру үшін алғышарттар жасайды.

Сонымен бірге экономиканың одан әрі өсуі, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлемнің неғұрлым дамыған бәсекеге қабілетті отыз елінің қатарына кіру жөніндегі өршіл міндетті жүзеге асыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешу мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жаңғыртуға негізделген жаңа жүйелі шаралар қабылдауды және оны іске асырудағы азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыруды талап етеді, бұл сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мүмкіндік берер еді.

Бұл орайда қазіргі кезеңде мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны (бұдан әрі – Стратегия немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия) айқындайтын жаңа бағдарламалық құжатын қабылдау қажеттігі болып тұр.

Мұндай құжатта сыбайлас жемқорлық деңгейін түбегейлі қысқартуға, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға қабілетті превентивтік сипаттағы кешенді шараларға жетекші рөл берілуі тиіс. Яғни, басты назар сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күреске емес, оның алғышарттарын жоюға аударылуы тиіс.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бизнесті дамыту жолындағы әкімшілік кедергілерді жою, Қазақстанда жұмыс істейтін отандық және шетелдік кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін кез келген сыбайлас жемқорлық көріністерінен тиімді қорғау жөніндегі шаралардың басымдығын да көздейді.

Тұтастай алғанда, мұндай Стратегия мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, жан-жақты және дәйекті сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешенінің әзірленуін және жүзеге асырылуын көздеуге, сөйтіп, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде, сондай-ақ, жеке секторда сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, қазақстандық азаматтардың осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға тиіс.

Бұл ретте Стратегия айқындайтын базалық бағыттар түпкілікті болуы мүмкін емес. Олар жекелеген іс-шаралардың орындалуына байланысты және сыбайлас жемқорлық құбылысына, оның себептеріне, сыбайлас жемқорлық жүріс-тұрысты ынталандыруға терең талдаудың нәтижелерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы істердің жай-күйін байсалды және объективті бағалауды ескере отырып түзетілуге тиіс. [20]

Қазақстандық мемлекет дамуының алдыңғы кезеңдерінде жалпы мойындалған нәтижелерге қол жеткізілді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісінде айқын оң үрдістер байқалды, оларды күшейту және дамыту ел дамуының қазіргі заманғы кезеңінде осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны табысты іске асырудың кепілі болады.

Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып осы келеңсіз құбылыспен күрестің мақсатын, міндеттерін, негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңды қабылдады.

2001 жылдан бастап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, олардың шеңберінде сыбайлас жемқорлық көріністері пайда болуының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі нақты шаралар қабылдануда.

1999 жылдан бастап қолданыстағы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң және 2005 жылы Мемлекет басшысы бекіткен Мемлекеттік қызметшілердің Арнамыс кодексі Қазақстанда есеп берушілік, ашықтық және меритократия қағидаттарында құрылған кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру үшін негіз жасады.

Мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы реттеуші және құқық қорғау функцияларын біріктіретін арнайы мемлекеттік орган құрылды. Ол мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен өткеру және мемлекеттік аппарат тазалығына мониторинг жүргізу мәселелерін реттеуге ғана арналған емес, оған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның профилактикасы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған адамдарды қылмыстық қудалау функциясы да берілген.

Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жаңа құрылған орган үшін басымды болып табылады.

Жаза бұлтартпастылығы қағидаты табысты іске асырылуда. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасағаны үшін әшкереленген шенеуніктер атқарып отырған қызметтері мен шендеріне қарамастан, заңның барынша қатаңдығы бойынша жауапты болады.

Қылмыстық-құқықтық саясат сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін лауазымды адамдардың қатаң жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қатал жауапкершілік қажеттілігі Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген.

Осындай қағидаттық тәсіл жаңа Қылмыстық кодексте іске асырылған. Мәселен, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған адамдарға мерзімнің ескіруі қолданылмайды, шартты түрде соттауға тыйым салынған, мемлекеттік қызметте лауазымға орналасу құқығына өмір бойына тыйым салу енгізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қылмыстық жолмен алынған мүлікті тәркілеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін басшылардың дербес жауапкершілігі жөніндегі нормалармен толықтырылды. Онда «мүдделер қақтығысы» деген маңызды ұғым бекітілген.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейтумен қатар олардың әлеуметтік кепілдіктері де жетілдірілуде.

Мемлекеттік аппараттың еңбекақысын кезең-кезеңмен, үнемі көтеріп отыру мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік өзін-өзі сезінуін арттыруға және олардың өз міндеттерін адал және әділ негізде орындауы үшін жағдайлар жасауға арналған.

Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Құқық қорғау органдарының кадр саясаты тұжырымдамасында құқық тәртібі органдарына деген сенім деңгейін арттыруға, мінсіз жүріс-тұрыспен және құзыреттіліктің жоғары деңгейімен ерекшеленетін персоналды қалыптастыруға бағытталған шаралар көзделген.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісінде оның рөлін күшейтуге ерекше көңіл бөлінуде. Судьялар корпусын қалыптастыру тетігін жетілдіру, электрондық сот ісін жүргізуді дамыту, оның ашықтығы мен қолжетімділік деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылданды.

Жер-жерде ақпаратқа қолжетімділік кеңейтілді, оған электрондық үкіметті, сондай-ақ мемлекеттік және жекеше құрылымдардың интернет-ресурстарын қалыптастыру жөніндегі шаралар ықпал етті.

Азаматтардың сыбайлас жемқорлық фактілері туралы кедергісіз ақпарат алуы, оның ішінде мемлекеттік органдардың сенім телефондары мен веб-сайттары арқылы кедергісіз ақпарат алуы үшін жағдайлар жасалды.

Елдің инвестициялық тартымдылығын күшейту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кәсіпкерлік қызметті, халықтың сапалы және тез арада мемлекеттік қызметтерді алуын қиындататын әкімшілік кедергілер жойылуда.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңның және «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заңның қабылдануымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру үшін жағдайлар жасалды, рұқсаттар саны мен қызметтің лицензияланатын түрлері күрт азайды. Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиімділігін бағалау және оның сапасын сыртқы бақылау жүйесі қалыптастырылды.

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік қызметтерді көрсетудің мерзімдерін бұзу саны (2012 жылмен салыстырғанда 8,7 есеге) және оларды көрсету сапасына шағымдардың саны (25%-ға) жыл сайын төмендеп келеді, сондай-ақ автоматтандырылған қызметтердің үлесі (2 еседен астам) және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтердің үлесі (51%-ға) ұлғайды.

Мемлекеттік сатып алуларды автоматтандыру деңгейі артуда, бұл бәсекеге қабілетті ортаның қалыптасуына, бюджет қаражатының ашық және тиімді игерілуіне ықпал етеді.

Экономиканың мемлекеттік емес секторында кәсіпкерлік қызметті жүргізу, жұмысқа орналасу және халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасалды.

Тұтастай алғанда, аталған шаралардың қабылдануы Қазақстанға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет деңгейі бойынша Орталық Азия өңірінде де, ТМД елдері арасында да көшбасшы орындардың бірін алуға мүмкіндік берді.

Күрделі, тарихи өзгермелі, келеңсіз әлеуметтік құбылыс болып табылатын сыбайлас жемқорлық адамзат өркениеті дамуының ерте кезеңдерінде пайда болғаны мәлім.

Сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. [21] Сыбайлас жемқорлық іс-әрекетінің әмбебап және бәрін қамтитын анықтамасының жоқтығына қарамастан, оған ең алдымен шенеуніктердің билікті немесе лауазымдық жағдайын жеке пайда алу үшін теріс пайдалануын жатқызады, ал оның неғұрлым таралған түрлері ретінде әдетте шенеуніктерді сатып алу, қызметтік өкілеттіктерін пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану болып танылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеудің күрделілігі оның жеке алғанда әрбір мемлекет үшін ерекшеліктеріне және оның өзгермелі сипаттамаларына қарай қиындықтарына да байланысты.

Сыбайлас жемқорлықтың себептерін, жағдайлары мен салдарларын айқындаған кезде жергілікті діл, ұлттық және діни ерекшеліктер, құқықтық мәдениеттің деңгейі сияқты факторлар ескерілуі тиіс.



Сонымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді әрі жүйелі іс-қимылдың басты шарттары билік органдарының қоғамға есеп берушілігі мен оның бақылауында болуы, сот төрелігінің тәуелсіздігі мен әділдігі, баяндауда анық және қолдануда күрделі емес заңдар, мемлекеттің кадр саясатындағы меритократия, мемлекеттік рәсімдердің ашықтығы және қоғамның сыбайлас жемқорлыққа деген төзімсіздігі болып танылады.

Экономиканы жаңғырту және ауқымды әлеуметтік өзгерістер жағдайында Қазақстанда мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланыстырылған, біздің қоғамның мәдениеті мен этикасын, осы әлеуметтік зұлымдықпен күрестегі халықаралық трендтерді ескеретін біртұтас сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға деген қажеттілік айқын бола түсуде.

Стратегия сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттырудың жаңа тетіктері мен құралдары үшін негіз болады.

Тікелей құқық қорғау құрамдасынан басқа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта мемлекеттік басқарудың, мемлекеттік қаражатты бөлудің және пайдаланудың ғылыми негізделген нысандары мен әдістерін таңдау және осының негізінде сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жою да маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негіз қалаушы буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың пайда болуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді айқындау және барынша азайту болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың түрлі салалар мен аяларда таралу деңгейін бағалау, мемлекеттік, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті нормативтік-құқықтық реттеудегі олқылықтарды, мемлекеттік-құқықтық реттеу тетіктерінде туындайтын проблемаларды анықтауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет процесінде құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеуге ықпал етеді.

Қоғамдық өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін қозғайтын шешімдерді қабылдаған кездегі ашықтықтың жеткіліксіз болуы, мемлекеттік аппараттың қызметінде тиісті азаматтық бақылаудың және қоғамдық пікірді ескерудің болмауы артық төрешілдікке, әкімшілік кедергілер мен лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануға алып келеді, бұл жиынтығында сыбайлас жемқорлық көріністерінің өсуіне ықпал ететін келеңсіз факторларды қалыптастырады.

Ұлттық заңнаманың базалық салаларының болып жатқан сапалы жаңаруына қарамастан, қолданыстағы ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктерде басты проблема тиісті құқық қолдану мәселелерінің шешілмеуі болып қалып отыр.

Сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау құралдарының барлық арсеналын пайдалану әлі де өзекті проблема болып табылады.

Қолданыстағы заңнаманың және қазақстандық құқыққа тән институттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін пайдаланылмаған

әлеуеті бар, оны толыққанды іске асыру мүмкіндігі осы саладағы шетелдік модельдер мен тәжірибені енгізу мәселелерін қараған кезде барынша ескерілуге тиіс.

Алдын алу-профилактикалық жұмыста да жүйелік жоқ. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс.

Бұл ретте назар жергілікті билік органдарының қызметіне де аударылуы тиіс, өйткені, өңірлердегі істердің жай-күйі үшін олардың өкілеттіктері мен жауапкершілігі кеңейтіледі және дәл солар өз мемлекеттік көрсетілетін қызметтерімен азаматтардың күнделікті мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Тұтастай алғанда, уәкілетті органның қызметінде оның құқық қорғау және реттеуші функциялары арасындағы теңгерім сақталуы тиіс.

Мемлекеттік функцияларды орындаған кездегі мүдделер қақтығысы да мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін маңызды себептердің бірі болып табылады. Мемлекеттік функцияларды, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыру тетіктерін егжей-тегжейлі талдау сыбайлас жемқорлықтың таралуына ықпал ететін себептерді айқындауға және жоюға мүмкіндік береді.

Осы күнге дейін азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға және құқықтық ағартуға, әсіресе, халықтың күнделікті өмірінде неғұрлым сұранысқа ие қолданыстағы құқықтың салалары мен нормалары бойынша жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат негізінен бір жолғы акциялармен және науқандармен, бұқаралық ақпарат құралдарындағы шаблон түріндегі сөздермен шектеледі, интернет-кеңістік жеткіліксіз пайдаланылады.

Іс жүзіндегі ақпараттық өріс сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруда қоғамды шоғырландыруға әрдайым ықпал ете бермейді. [22]

Сыбайлас жемқорлық проблемаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекет қабылдап жатқан шаралардың тиімділігін зерделеуге арналған социологиялық зерттеулердің деңгейі мен сапасы жетілдіруді қажет етеді. Қызметтік этиканың нормалары мен қағидаларын бұзушылықтардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың өзінен әлі де заңнамалық деңгейде аражігі ажыратылған жоқ, бұл сыбайлас жемқорлықтың нақты көрінісін бұрмалайды, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі өзекті бағыттарына күш-жігерін шоғырлауға кедергі жасайды және елдің сыбайлас жемқорлық рейтингісінің негізсіз өсуіне әкеледі.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері мен тиісінше оларды жасағаны үшін қолданылатын жаза деңгейлері арасындағы аражік нақты ажыратылмаған.

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне деген тәсілдерді де айқындау уақыты келді.

Мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласуы сыбайлас жемқорлықтың таралу саласын және оның анықтамасына жататын адамдар тобын айқын түсінуге негізделуі тиіс. Бұл ретте бизнесті дамыту үшін әкімшілік кедергілер мен елдегі қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету ісінде қиындықтар жасалмауы тиіс. Тұтастай алғанда мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуы қысқаруға тиіс.

Тәуелсіз Қазақстанның жалпы әлемдік кеңістікке одан әрі кірігуі бойынша жасап жатқан қадамдары біздің елімізді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде қабылданған белгілі бір халықаралық стандарттарды ескеруге міндеттейді.

Сонымен бірге, мұндай стандарттар шетелдік серіктестердің ұсынымдарын пайдаланып қана енгізілмеуі тиіс. Халықаралық тәжірибе оның ережелерінің ел Конституциясына, қалыптасқан заңнамалық және құқық қолдану практикасына сәйкес болуы тұрғысынан, дәстүрлі және біздің елге тән құқықтық тетіктер мен институттардың қалыптасу және жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып, мұқият зерделенуге және егжей-тегжейлі талдауға жатады.

#### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы оң үрдістер.**

Қазақстандық мемлекет дамуының алдыңғы кезеңдерінде жалпы мойындалған нәтижелерге қол жеткізді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісінде айқын оң үрдістер байқалды, оларды күшейту және дамыту ел дамуының қазіргі заманғы кезеңінде осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны табысты іске асырудың кепілі.

Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып осы келеңсіз құбылыспен күрестің мақсатын, міндеттерін, негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындаған "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңды қабылдады.

2001 жылдан бастап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, олардың шеңберінде сыбайлас жемқорлық көріністері пайда болуының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі нақты шаралар қабылдануда.

1999 жылдан бастап қолданыстағы "Мемлекеттік қызмет туралы" Заң және 2005 жылы Мемлекет басшысы бекіткен Мемлекеттік қызметшілердің Арнамыс кодексі Қазақстанда есеп берушілік, ашықтық және меритократия қағидаттарында құрылған кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру үшін негіз жасады.

Мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы реттеуші және құқық қорғау функцияларын біріктіретін арнайы мемлекеттік орган құрылып өз деңгейінде нәтижелі жұмыс атқаруда. Ол мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен өткеру және мемлекеттік аппарат тазалығына мониторинг жүргізу мәселелерін реттеуге ғана арналған емес, оған

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның профилактикасы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған адамдарды қылмыстық қудалау функциясы да берілген.

Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жаңа құрылған орган үшін басымды болып табылады.

Жаза бұлтартпастылығы қағидаты табысты іске асырылуда. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасағаны үшін әшкереленген шенеуніктер атқарып отырған қызметтері мен шендеріне қарамастан, заңның барынша қатаңдығы бойынша жауапты болады.

Қылмыстық-құқықтық саясат сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін лауазымды адамдардың қатаң жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қатал жауапкершілік қажеттілігі Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген.

Осындай қағидаттық тәсіл жаңа Қылмыстық кодексте іске асырылған. Мәселен, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған адамдарға мерзімнің ескіруі қолданылмайды, шартты түрде соттауға тыйым салынған, мемлекеттік қызметте лауазымға орналасу құқығына өмір бойына тыйым салу енгізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қылмыстық жолмен алынған мүлікті тәркілеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін басшылардың дербес жауапкершілігі жөніндегі нормалармен толықтырылды. Онда "мүдделер қақтығысы" деген маңызды ұғым бекітілген.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейтумен қатар олардың әлеуметтік кепілдіктері де жетілдірілуде.

Мемлекеттік аппараттың еңбекақысын кезең-кезеңмен, үнемі көтеріп отыру мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік өзін-өзі сезінуін арттыруға және олардың өз міндеттерін адал және әділ негізде орындауы үшін жағдайлар жасауға арналған.

Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Құқық қорғау органдарының кадр саясаты тұжырымдамасында құқық тәртібі органдарына деген сенім деңгейін арттыруға, мінсіз жүріс-тұрыспен және құзыреттіліктің жоғары деңгейімен ерекшеленетін персоналды қалыптастыруға бағытталған шаралар көзделген.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісінде оның рөлін күшейтуге ерекше көңіл бөлінуде. Судьялар корпусын қалыптастыру тетігін жетілдіру, электрондық сот ісін жүргізуді дамыту, оның ашықтығы мен қолжетімділік деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылданды.

Жер-жерде ақпаратқа қолжетімділік кеңейтілді, оған электрондық үкіметті, сондай-ақ мемлекеттік және жекеше құрылымдардың интернет-ресурстарын қалыптастыру жөніндегі шаралар ықпал етті.

Азаматтардың сыбайлас жемқорлық фактілері туралы кедергісіз ақпарат алуы, оның ішінде мемлекеттік органдардың сенім телефондары мен веб-сайттары арқылы кедергісіз ақпарат алуы үшін жағдайлар жасалды.

Елдің инвестициялық тартымдылығын күшейту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кәсіпкерлік қызметті, халықтың сапалы және тез арада мемлекеттік қызметтерді алуын қиындататын әкімшілік кедергілер жойылуда.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның және "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заңның қабылдануымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру үшін жағдайлар жасалды, рұқсаттар саны мен қызметтің лицензияланатын түрлері күрт азайды. Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиімділігін бағалау және оның сапасын сыртқы бақылау жүйесі қалыптастырылды.

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік қызметтерді көрсетудің мерзімдерін бұзу саны (2012 жылмен салыстырғанда 8,7 есеге) және оларды көрсету сапасына шағымдардың саны (25%-ға) жыл сайын төмендеп келеді, сондай-ақ автоматтандырылған қызметтердің үлесі (2 еседен астам) және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтердің үлесі (51%-ға) ұлғайған. [85,86].

Мемлекеттік сатып алуларды автоматтандыру деңгейі артуда, бұл бәсекеге қабілетті ортаның қалыптасуына, бюджет қаражатының ашық және тиімді игерілуіне ықпал етеді.

Экономиканың мемлекеттік емес секторында кәсіпкерлік қызметті жүргізу, жұмысқа орналасу және халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

Тұтастай алғанда, аталған шаралардың қабылдануы Қазақстанға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет деңгейі бойынша Орталық Азия өңірінде де, ТМД елдері арасында да көшбасшы орындардың бірін алуға мүмкіндік берілген.

## **II Тарау. Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негіздері**

### ***2.1. Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының мақсаттары мен міндеттері***

Сыбайлас жемқорлық рейтингін мемлекеттер арасында салыстыру барысында - бұл негізінен демократия дәстүрлерімен қалыптасқан шағын мемлекеттер екені анықталды (Финляндия, Исландия, Дания, Жаңа Зеландия, Сингапур, Швеция, Нидерланды, Австралия, Норвегия, Швейцария).

Дамушы мемлекеттердегі сыбайлас жемқорлық деңгейі таңқаларлық

Бұл КСРО құрамына бұрын кірген және басқа да жекелеген мемлекеттер (Ангола, Азербайджан, Камерун, Грузия, Тәжікстан, Мьянма, Парагвай, Гаити, Нигерия).

Көпжылдық өлшемдерге сәйкес ең жоғарғы деңгейлі сыбайлас жемқорлықорын алған мемлекет, Бангладеш болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресте үлгі ретінде Нидерланды мемлекетінің құқықтық жүйесін алып қарастыруға болады. Нидерланды мемлекетінде сыбайлас жемқорлық саясат пен әкімшілік деңгейде проблема ретінде қарастырылғаны соңғы оң жылдықтар көлемінде көрініс тапқан. Бұның себебі сыбайлас жемқорлықтан қоғамға келетін залалды елемеуде. Бұл проблемаға көзқарас тоқсаныншы жылдарда өзгере бастады. Себеп болған басқа Еуропа елдеріндегі саяси сыбайлас жемқорлықтың орын алуы, әсіресе Италия мемлекетіндегі жайт. Қысқа уақыт аралығында Нидерланды мемлекетінде осы күнге дейін өз міндетін жақсы атқарған «ұлттық адалдық» жүйесі жұмыс атқаруда. Бірақ 2001 жылы «Транспаренси Интернешнл» стандарттарына нақты сәйкес келмейтіні анықталды. [85].

Сонымен қатар Грузия мемлекетінің сыбайлас жемқорлықпен күрестегі тәжірибесін алып қарастыруға болады. Грузия мемлекетінде сыбайлас жемқорлық, болашақта үкімет құрамындағы немесе жеке ұйымдардың көзқарасы бойынша саяси, экономикалық, әлеуметтік құлдыруға әкеліп соғады деп түсінілуде. Бұл көзқарас Грузия мемлекетіндегі қалыптасқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйенің бар болуына қарамастан орын алуда.

Мысалы, Грузия мемлекетінің 2000 жылы қабылданған Қылмыстық Кодексінде пассивті және активті сыбайлас жемқорлыққа қатысуына байланысты тек мемлекеттік қызметкерлермен қатар жеке сектор қызметкерлеріне қатысты жауапкершілік көрсетілген. Сыбайлас жемқорлықпен күресу мақсатында 1997 жылы «Мемлекеттік қызмет барысындағы қызығушылық мүддесі мен сыбайлас жемқорлық» туралы заң қабылданған.

Нидерланды мен Грузия мемлекеттеріндегі сыбайлас жемқорлықпен күрес соңғы оңжылдықта қолға алынған, бұл сыбайлас жемқорлықтың дамуына байланысты болған. Соған қарамастан Грузия Нидерландыдан қарағанда сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары мемлекет болып қалуда.

Бұл жағдайдан келесідей ой түйуге болады: сыбайлас жемқорлық деңгейі белгілі бір мемлекеттегі демократиялық институттардың жұмыс атқару деңгейіне байланысты. Құқықтық мәдениетте демократиялық институттың мемлекетте қалыптасуына зор үлесін қосады.

Сыбайлас жемқорлық елдің ұлттық мүдделеріне, экономикалық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіріп қана қоймай, сонымен қатар бүкіл халықаралық қоғамдастықтың мүдделеріне қауіп төндіреді. Дәл осы себептен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың маңызы БҰҰ құжаттарында және бірқатар басқа да халықаралық ұйымдардың құжаттарында ерекше атап көрсетіледі.

Қазақстан 2008 жылдың 8 мамырында ратификациялаған БҰҰ-ның 2003 жылғы 31 қазандағы арнайы Конвенциясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға арналған.

Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар жүйесі іске асырылып келеді, ол еліміздің көптеген бағдарламалық құжаттарында негізге алынатын басымдықтар ретінде айқындалған.

1998 жылы Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданды, оның негізіне БҰҰ мен ТМД халықаралық Ассамблеясының қамқорлығымен халықаралық ұйымдар әзірлеген үлгілік актілер алынды. [31].

Осы жылдар ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қалыптасты, бірқатар бағдарламалық құжаттар қабылданды, уәкілетті орган құрылды, БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Стамбул іс-қимыл жоспарына қол қойылды.

Сыбайлас жемқорлық «Қазақстан-2050» стратегиясы»: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» құжатында да ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қауіп дәрежесіне көтерілді.

Президент жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этиканы сақтауы жөніндегі комиссия құрылды және жұмыс істейді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын анықтау және оның жолын кесу үшін арнайы құрылған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюросы жұмыс істейді.

Үкімет орасан зор жұмыс атқарды және атқарып келеді, оған Мемлекет басшысы азаматтардың кәсіпкерлік белсенділігін дамыту үшін әкімшілік кедергілерді төмендетуге және бизнесті билік тарапынан негізсіз араласудан қорғауға бағытталған бірқатар маңызды тапсырмалар берген болатын.

Жаңа бағдарлама – «Электрондық Үкімет» енгізілді, онда мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету және, сәйкесінше, олардың қоғамдық институттардың бақылауында болуын қамтамасыз ету көзделген.

Бұл жұмыстағы жүйелілік 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қамтамасыз етуге бағдарланған, ол мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттарын айқындайтын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік шаралар жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

Стратегия іс біткен соң әрекет етуден сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға, ескертуге, оны жасаудың себептері мен жағдайларын анықтауға және жоюға өтуді көздейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері құжатта маңызды орын алады. Бұл бүкіл халықаралық қоғамдастық шарттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау қажеттілігінен туындаған өте дұрыс қадам.

Жалпы Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының нысанасы екі негізгі мақсатқа бағытталған: бірінші – кішкентай кезінен бастап, ұлттық дәстүрлерді ескере отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру; екінші – мемлекеттік органдар қызметін қоғамдық бақылауды дамыту.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР Заңымен сыбайлас жемқорлықтың жаңа анықтамасы енгізілді, ол мүліктік қана емес, сонымен қатар мүліктік емес игіліктер алу немесе табу, оның ішінде үшінші тұлғаларға қатысты пайда табу деген ұғымды білдіреді. [31].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тізбесі алынып тасталды, олар абыройға нұсқан келтіретін теріс қылықтар қатарына ауыстырылды.

Мемлекеттік қызмет институты да айтарлықтай реформаға ұшырады. 2016 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заңмен меритократия, кәсібилік, есеп берушілік және бақылауда болушылық, қоғамдық пікірді ескеру және ашықтық секілді негізгі принциптерге негізделген мәнсаптық модельге көшу жүзеге асырылды.

Мемлекеттік қызметке іріктеу кезінде және одан әрі жоғарылату кезінде білімі, еңбек өтілі, сондай-ақ қызметшілердің атқаратын лауазымында лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы үшін қажетті құзыреттіліктердің болуы басты назарға алынады.

Мемлекет басшысының меритократияны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөніндегі тапсырмаларын іске асыруда «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Әдеп кодексінің қабылдануы ерекше орын алады. Кодексте мемлекеттік қызметшілердің моральды-этикалық бейнесіне қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ олардың мінез-құлқының базалық стандарттары айқындалды.



Мемлекет басшысының осы Жарлығымен Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілді, оның құзыреттерінің бірі ретінде қызметтік әдеп нормаларын сақтауды қамтамасыз ету және мемлекеттік қызмет туралы заңнама бұзушылығының алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау айқындалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде ел Президенті қылмысқа қарсы күрес жөніндегі үйлестіруші ретінде айқындаған прокуратура да сүбелі үлес қосып келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоғары қадағалаудың және басқа да лауазымдық қызметтің барлық қосалқы атқарымдардың тұрақты басымдықтарының бірі болып табылады.

Сонымен қатар, қоғамдық резонанс тудырған лауазымдық сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы істер арнайы прокурорлар өндіріске қабылдайтын басым істер ретінде айқындалды.

2014 жылы Бас прокуратураның қамқорлығымен 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстер әзірленді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін болатын жауапкершілікті күшейту туралы ұсыныстар қолдау тапты. Осылайша, бас бостандығынан айыру секілді жазамен қатар, міндетті түрде тәркілеу және еселік айыппұл тағайындалады. Белгілі бір лауазымдар атқару немесе белгілі бір мерзімге белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру аталған құқықтан өмір бойы айыруға ауыстырылды, шартты түрде соттау шарасын қолдануға, тараптардың бітімге келуіне байланысты жауапкершіліктен босатуға, сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасаған тұлғаларға кепіл белгілеуге тыйым салынды. [27].

2015 жылы құқық қорғау органдары жеке құрамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексін сақтау мәселелері Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысында қаралды.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық мәселесі тек Қазақстан үшін ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем үшін де өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың ұлттық шегі жоқ. Ол барлық жерлерде бар. Бүгінгі таңда «сыбайлас жемқорлық» түсінігі журналдар мен газеттердің беттерінде жиі орын алуда.

Елбасы біздің ел сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қабылдаған елдердің ішінде біріншілердің қатарында деп нық сеніммен айтты. Президенттің айтуынша, осы зұлымдыққа бірнеше шарт жасау арқылы қарсы тұруға болады. Біріншіден, елімізге қатаң әділ заңдар қажет және де оларды орындау қажеттілігі де тұр, деді ол.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын алдымыздағы 10 жылға бекітті.

Жарғы мәтінде: «Мемлекеттіміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын әрі қарай анықтау мақсатында қоса берілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын бейтүді қаулы етемін. Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының президентіне тікелей тәуелді және есеп беретін мемлекеттік органдарға, Астана және Алматы қалаларының, облыс әкімдеріне өз қызметінде Стратегияны басшылыққа алуға және оны жүзеге асыру бойынша қажетті шараларды қабылдау қажет», - делінген. [34].

Стратегияның мақсаты еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының нәтижелілігін арттыру болып табылады, сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне төзімділік танытпау және барлық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысына ендіру.

Бұдан басқа, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы» жаңа заң жүзеге асырыла бастады. Аталмыш заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы саласында қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыруға бағытталған.

Заң республика аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты әрекет етеді. Қазақстанның шекарасынан тыс осы заң тек ҚР азаматтарны және Қазақстанда тіркелген заңды тұлғаларға қатысты әрекет етеді, егер басқасы елмен ратификацияланған халықаралық келісім-шартпен қарастырылмаса.

Жаңа заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, демократиялық бастауларды кеңейтуге, мемлекетті басқаруды бақылауға, тұрғындардың тарапынан мемлекетке және оның құрылымдарына сенімін нығайтуға, құзырлы мамандарды мемлекеттік қызметке ынталандыруға бағытталған.

Жаңа заңға сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және оларды болдырмау және де оларды жасаған кінәлі тұлғаларды өз құзыреттілігі шегінде жауапкершілікке тарту мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті өз құзырлылығы шегінде барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуге міндетті, оларға тәртіптік шаралар, әкімшілік пен қылмыстық жазалауларды қолдана отырып, кадрлық және басқа да мемлекеттік уәкілетті қызметтерді қатыстырулары қажет.

Сонымен қатар, жаңа заңда бұрын қолданбаған түсініктер бар, мәселен, сыбайлас жемқорлық тәуекелін талдау (сыртқы және ішкі), Президентке барлық мемлекеттік органдардың, тексеру комиссиялардың және ішкі мемлекеттік аудиттің ұсыныстары негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер туралы Ұлттық баяндаманы дайындау және енгізу. Бұдан басқа, Парламентпен өткен жылдың қараша айында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заң қабылданды, мұнда «Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеті» жеке бабы енгізілген.

Сыбайлас жемқорлық бірінші кезекте – бұл біздің мемлекетіміздің және барлық қоғамның аса құлықтылығы мәселесі, және де мемлекеттік қызметшілердің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді тек нақты, адал және сыбайлас жемқорлық әр түрлі көріністердің әр түрлерімен тек ытымақтастық құру арқылы ғана Қазақстан Республикасында жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмауды қамтамасыз ету мүмкін, осылайша сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру саясаты: әлемдік тәжірибе және Қазақстан

«Транспаренси Интернешнл» халықаралық ұйымы жыл сайын ұсынып отырған Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне (Corruption Perception Index) сәйкес (бұдан әрі — СҚИ) Қазақстан 2013 жылдың қорытындысы бойынша 2012 жылмен салыстырғанда 7-і көрсеткішке төмендеп, 177 елдің ішінде 140-шы орынға орналасқан [8].

Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі — бұл мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың таралу көрсеткіші бойынша жаһандық зерттеу және осыған байланысты әлем елдерінің рейтингі. Индекс шеңберінде сыбайлас жемқорлық жеке пайда мақсатында қандай да болмасын қызмет бабын, кез келген түрде пайдалану деп түсіндіріледі. Жоба бастамашылары индекстің сарапшылардың пікіріне бағытталуын сыбайлас жемқорлықты өлшеуде статистикалық мәліметтер, мысалға, сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша қылмыстық істер немесе сот үкімдері саны ескеріле қоймайды. Бұл мәліметтер, біріншіден, әрқашан қолжетімді емес, ал екіншіден, сыбайлас жемқорлықтың нақтылы деңгейін емес, сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау және жолын кесу бойынша құқық қорғау органдарының нәтижелі көрсеткіші. Бұл жағдайда, зерттеушілердің ойынша, ақпараттың жалғыз сенімді қайнар көзі — сыбайлас жемқорлықпен бетпе- бет кездесетін (кәсіпкерлер) немесе оны зерттеумен кәсіби түрде айналысатындардың (сарапшылар) пікірі. СҚИ халықаралық ұйымдардың сараптамалық талдауларынан алынған мағлұматтар негізінде есептелетін жинақтаушы индикатор болып табылады. Барлық ақпарат көздері мемлекеттік және экономикалық сектордағы сыбайлас жемқорлықтың таралуының жалпы деңгейін бағамдап және көптеген елдердің көрсеткіштерінен тұрады. Индекс елдерді мемлекеттік сектордың жемқорлық деңгейін қабылдау негізінде 0 шкаласынан (сыбайлас жемқорлықтың ең жоғары деңгейде) 100 шкаласына (сыбайлас жемқорлықтың ең төменгі деңгейі) дейін орналастырады. Қорытынды рейтингіде елдің ұпайымен бірге ақпарат көздерінің саны келтіріледі. Белгіленген талаптарға сай қандай да болмасын елді индекске қосу үшін кем дегенде үш ақпарат көзі болуы тиіс. Жалпы алғанда, кемшіліктеріне қарамастан, индекс салыстырмалы түрде сенімді өлшем құралы.

Сыбайлас жемқорлық Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне, мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына қатер төндіреді, халықаралық аренада Қазақстан Республикасының жағымсыз имиджін жасай отырып, жүргізіліп жатқан

экономикалық және әлеуметтік реформаларға кедергі жасайтыны сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық сыбайлас жемқор және адал (жергілікті немесе шетелдік) кәсіпкерлерді алдын ала теңсіздік жағдайына қоя отырып, сыртқы және ішкі нарықтардағы бәсекелестікке нұсқан келтіріп, ұлттық экономикаға жағымсыз әсер етеді. Сыбайлас жемқорлық жөніндегі тәуелсіз сарапшылар қауымдастығының бағалауы бойынша, ол Қазақстанда тауарлар мен қызметтердің құнын көтереді, бұдан ең алдымен халық зиян шегетіні сөзсіз [7].

Сыбайлас жемқорлық бизнес жүргізудің экономикалық және қаржылық ортасына зиян келтіріп, мемлекеттік басқару мен бизнестің тиімділігін, инвестицияларға ынталарын төмендетеді, экономикалық және саяси дамуды тежейді, әлеуметтік теңсіздікті туындатады, сондай-ақ саяси үдеріске белгілі бір тұрақсыздықты енгізеді.

Құқық қорғау органдары қабылдап жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларына қарамастан, олар айтарлықтай нәтиже бермей отыр. Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің ресми мәліметтеріне сәйкес, егер 2005 жылы анықталған сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша келтірілген зиян сомасы 379 млн теңгені ғана құраса, 2012 жылы осы көрсеткіш 7,8 млрд теңгеге дейін өскен. Ал ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің Экономика институтының директоры Сакен Еспаевтың мәліметтері бойынша, 1994–2013 жылдардағы Қазақстанға жемқорлықтан келген зиян 7.5 млрд долларға тең. Соңғы екі онжылдықта елден 120 млрд долларға жуық капитал кеткен. Соның ішінде біразы сыбайлас жемқорлық салдарынан [8].

Бұл көрсеткіштер, әрине, көңіл көншітерлік емес. Алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына қосылуды мақсат етіп отырған біздің ел үшін жақсы көрсеткіш деп айта алмаймыз. Осы құбылыстың ұлттық қауіпсіздігімізге қатер екендігі ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты «Қазақстан – 2050» Стратегиясында: «Жемқорлық жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер», — деп көрсетіледі [9].

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамдық демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні даусыз. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күресте әлемдік елдердің нәтижелі тәжірибесін талдап анықтау біз үшін маңызды.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық мәселесін әрбір мемлекетте, түрлі халықаралық ұйымдарда кездестіруге болады. Бірақ ол барлық жерде бірдей бола бермейді. Тарихи дәуір және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму кезеңіне қарай сыбайлас жемқорлықтың пайда болу мәселелері де әр алуан болып келеді. Кейбір шет елдердің мемлекеттік басқаруында және мемлекеттік қызметінде жемқорлықтың алдын алуға және жоюға бағытталған әкімшілік

қалыптың кешендері құрылған. Бірқатар мемлекеттерде шенеуніктердің ар кодексі немесе этикалық кодекстер жиынтығы болып табылатын арнайы заңдар қабылданған. Осыған орай, шетел мемлекеттеріндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу шараларына назар аударайық.

«Транспаренси Интернешнлдің» мәліметтерін негізге ала отырып, сыбайлас жемқорлықтың жер жүзіне таратылу айырмашылықтарын және қазіргі әлемдегі жемқорлықтың деңгейін зерттеу мақсатында, әлем картасындағы сыбайлас жемқорлық туралы ақпаратты бейнелеп көрсетуге тырысайық. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы айтқанда, барлық елдерді шартты түрде төрт санатқа бөлуге болады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті табысты жүргізіп отырған елдер; 2) сыбайлас жемқорлық орташа деңгейдегі елдер; 3) сыбайлас жемқорлыққа байланысты едеуір мәселелері бар елдер; 4) сыбайлас жемқорлық айырықша байқалатын елдер.

Бұл көрсетілген рейтингіде үздіктер қатарына Дания мен Жаңа Зеландияны жатқызамыз. Олар мүмкін болған 100 ұпайдан 91 ұпай жинаған. Үшінші орынға 89 ұпаймен Финляндия жайғасқан. Алғашқы ондықтың қатарында Швеция, Норвегия, Сингапур, Швейцария, Нидерланды, Австрия және Канада бар.

Посткеңестік елдер ішінде біздің алдымызда Эстония (28-ші орын), Грузия (55), Армения (94), Молдова (102), Беларусь (123), Әзербайжан (127), Ресей (127) орналасқан. Бізден кейін Украина (144), Қырғызстан (150), Тәжікстан (154), Түркіменстан (168) және Өзбекстан (168) жайғасқан. [85]

Жоғарыда аталған елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері осы елдердің үкіметі сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп деп қарайды. Сондықтан сыбайлас жемқорлық сырттан төнген және ішкі қауіп ретінде қабылданып, соған байланысты онымен күрес көлемді және кешенді сипат алады.

Ең алдымен, бізге қызықтысы кейінгі жылдары рейтингіде ең үздік көрсеткіштерге қол жеткізіп келе жатқан Данияның тәжірибесі. Бұл елдің бұл салада табысқа жетуіне ең алдымен нәтижелі жұмыс істеп тұрған сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар мен бастамалар ықпал етеді.

«Транспаренси Интернешнл» 2013 жылы Даниядағы сыбайлас жемқорлыққа қатысты жүргізген зерттеулер нәтижесіне сәйкес төмендегідей қорытындылар жасалған: Даниядағы сыбайлас жемқорлыққа «ымырасыздық» ең алдымен күшті мемлекеттік басқару мәдениетімен байланысты. Бұл жүйеде бұқаралық ақпарат құралдары маңызды орын алады. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтардың көптеген оқиғалары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып және ұлттық аудиторлық бюрода, парламенттік омбудсмендердің талқалауына түседі. Яғни, бұқаралық ақпарат құралдары өз жұмыстарын нәтижелі жүргізеді. Сыбайлас жемқорлық Данияда күрделі мәселе болмағандықтан, қоғамдық үрдістерге және мүдделерге ықпал ететін тақырып болып табылмайды. Ел азаматтары дат мекемелері мен лауазымды тұлғаларына

«дұрыс» қарайды және олардың беделі жоғары. Елдің көптеген компаниялары өз ішінде және сыртқы серіктестермен жұмыс істеу барысын- да жемқорлыққа «ымырасыздық» саясатын ұстануда [86].

XIX ғасырдың ортасына дейін Швеция сыбайлас жемқорлыққа белшесінен батқан ел болып табылды [21]. Бірақ та саяси элитаның елді толықтай модернизациялау туралы стратегиялық шешімі қабылданғаннан кейін шенеуіктердің меркантилді ойларын толықтай жоққа шығаруға бағытталған іс-шаралар әзірленіп және жүзеге асырыла бастады. Мемлекеттік реттеу тыйымдар мен рұқсаттар арқылы емес, адал және жауапты басқару стимулдары — салықтар, жеңілдіктер мен субсидияларға негізделді. Азаматтар үшін мемлекеттік басқарудың ішкі құжаттарымен танысуға жол ашылып, мемлекеттің қалай жұмыс істейтіне түсінгісі келетіндерге мүмкіндік берілді. Ең бастысы, тәуелсіз және нәтижелі сот жүйесі қалыптасты.

Сонымен бірге швед парламенті мен үкіметі шенеуіктер үшін жоғары этикалық стандарттар бекітіп және оны орындатуға күш салды. Небары бірнеше жылдан кейін мемлекеттік бюрократия арасында адалдық беделді нормаға айналды. Шенеуіктердің еңбекақысы басында жұмысшылардың жалақысынан 12–15 есе көп болған. Алайда ел үкіметінің мақсатты әрекетінің барысында бұл айырмашылық екі есеге төмендеді. Бүгінде Швеция сыбайлас жемқорлық деңгейі өте төмен елдердің бірі.

Швецияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруда шіркеу мен қоғамдық пікір үлкен орын алады. Сол арқылы бұл елде аз уақытта өте жоғары табысқа ие болған қандай да болмасын бизнесменге не- месе шығыстары табысынан әлдеқайда жоғары шенеуікке күдікпен қарайды. Қоғамдық пікір бұл бизнесменді оқшауландырып, сондықтан оған бизнесте де, күнделікті тіршілікте де сенімсіздік білдіре бастайды. Және қоғамдық пікір бұндай шенеуікті қызметтен кетуге мәжбүрлеп, оған мемлекеттік қызметте және жеке бизнесте жұмыс табуға мүмкіндік бермейді. Қоғамдық пікір сыбай- лас жемқорлықты, жалпы жеке бизнес пен мемлекеттік қызметтегі «арам пиғылды» сирек құбылысқа айналдырды. Ешқандай заңдық реттеу жолымен немесе тіпті қылмыстық жазалау жолымен де бұндай көрсеткіштерге қол жеткізу мүмкін емес.

1965 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Сингапур сыбайлас жемқорлықтың деңгейі өте жоғары ел болып саналды [75]. Сыбайлас жемқорлықтың белең алғаны сонша, ол адамдардың өмір сүру салтына айналған. Салыстырмалы түрде аз тарихи уақытта, яғни тәуелсіздік алғаннан бастап қазіргі уақытқа дейін, кедей елден жоғары дамыған постиндустриялы елге айналды. Бұл жол 1959 жылы Сингапурдың премьер-министрі Ли Куан Ю жасаған таңдауды жүзеге асыру жолы болып табылады. Дәл осы адам, тұщы су мен құрылыс құмы сырттан әкелінетін портты қаланы, Оңтүстік-Шығыс Азияның қаржы және сауда орталығына айналдыруды көздеді. Бұл үшін сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету қажет болды. Оны төмендету стратегиясы кешенді түрде жүзеге асты: шенеуіктердің қызметі қатаң реттелді, барлық

зандардағы екі мағыналық жойылып, көптеген рұқсат ету және лицензиялау түрлері алынып тасталды, заңның үстемдігі және заң алдында барлығы тең принципі қалтықсыз жүзеге асырылды, билік органдарының қызметін қарапайымдандырылып, этикалық стандарттардың сақталуы қатаң қадағаланды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың орталығы «Сыбайлас жемқорлық оқиғаларын тергеудің тәуелсіз бюросы» болып табылды. Бұл әлемдегі ең бірінші арнайы мамандандырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес органы болып табылады. Оған азаматтар мемлекеттік қызметкерлерге қатысты арызданып және шығындарын қайтаруды талап ете алады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы науқан басталған кезде бұл бюро Ли Куан Ю-дың үкімет мүшелеріне және оның жақын туыстарына да қарсы тергеулерді жүргізуге бастамашы болды. Сыбайлас жемқорлықпен ұсталған бірқатар мини-стрлер нақты бас бостандығынан айыру шараларына ұшырады. Бұл әрекеттер арқылы Ли Куан Ю мемлекеттің барлық азаматтарына өз үкіметінде министрлер мен өзге де жауапты тұлғалар, адал және жоғары кәсіби білікті мамандар ғана бола алатынын дәлелдеді. Сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендете отырып, Ли Куан Ю сингапурлықтарға аяусыз еңбек пен біліктіліктің әрқашан да жоғары ақыға ие болатынына және жоғары өмір сүру деңгейіне алып келетінін дәлелдеді. Қауіпсіз және жемқорлықтан еркін мемлекеттің бейнесін қалыптастыра отырып, олар экономикаға ішкі және сыртқы инвестицияны көптеп тарту арқылы жоғары экономикалық өрлеуге қол жеткізді. Бірақ та бұл нәтиже сыбайлас жемқорлыққа үнемі қарсы шаралар қабылдағанда ғана қолжетімді. Осы мақсатта Сингапурдың жемқорлыққа қатысты заңнамасы оған жол бермеу үшін жетілдіріліп отырады.

Шығыстағы көршіміз Қытайда кәсіпкердің жеке меншігіне кез келген қол сұғушылық ауыр мемлекеттік қылмыс болып табылады [75]. Кез келген мұндай қол сұғушылық фактісіне полиция не-месе басқа да билік органдары тарапынан сылбыр қимыл бұл ауыр қылмысқа болысушылық болып саналады. Жеке меншік құқығы сондай-ақ жеке тұлғалар мен мемлекет арасындағы келісім-шарттардың нормалары мен мерзімдерінің қандай жағдай болмасын өзгерместігі арқылы қорғалады. Қытайда барлық келісімшарттар билік органдарымен қатаң сақталады.

Жеке меншіктің және кәсіпкерліктің нақты мұндай қорғалуы қоғамда жақсы сезіледі. Қытайлықтар кәсіпкерлікпен құлшына айналысып, елге жергілікті билікке сенетін көптеген шетелдік инвесторлар тартылады. Осының барлығы, әрине, Қытайдың жылдам экономикалық өсіміне ықпал етеді.

Көптеген ғасырлар бойы қытай бюрократиясы елдегі ерекше каста болды және қоғамдық игіліктерді уысында ұстады. Өз әлеуметтік жағдайларын жақсартуды ойлаған надан бюрократияның кесірінен Қытай көптеген уақыт бойы дамуда тежеліп қалды. Кадрлық жұмысшының мәртебесі (ганьбу) қоғамда ерекше орын алып, басқаларға қарағанда, жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз етті. Қытайдағы нарықтық қатынастардың дамуы бюрократтардың

жауапты лауазымдарда бола отырып, мемлекеттік ресурстарды реттеу мен бизнесмендерге рұқсат беру құқығын берді. Бұл мүмкіндіктер көптеген қытай шенеуніктерін сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға, мемлекет пен жеке бизнес есебінен заңсыз байытуға итермеледі.

Қазіргі Қытайда билік органдарының және шенеуніктердің жеке бизнеске қысым жасауы төменгі деңгейде. Бұған сыбайлас жемқорлыққа қарсы қытай заңнамасының қаталдығы себепші. Қытай билігі шенеуніктердің жемқорлық әрекеттерін елдің экономикалық дамуына қатер деп анықтауымен байланысты. Және де, олардың ойынша, жемқорлыққа, ең біріншіден, себепші болатын шенеуніктер. Бизнесі қолдаудың тағы бір маңызды факторы шенеуніктердің заңсыз әрекеттерінен олар зардап шегетін болса, мемлекет ол шенеунік үшін шығынның орнын жауып, содан кейін ол шенеуніктің отбасынан, туысқандарынан өндіріп алады.

Бірақ та мемлекет өз шенеуніктерінен өртке қарсы қауіпсіздіктің, санитарлық бақылау және басқа да мемлекеттің бақылаушы қызметтері үшін жауапкершіліктен босатпайды. Егер де мысалға, жеке кәсіпорында өрт бола қалған жағдайда бірінші кезекте осы кәсіпорын үшін жауап беретін инспектор кінәлі деп танылып қатаң жазаға ұшырауы мүмкін. Сондықтан ол инспектор бизнесменді өрт қауіпсіздігі сақталмаған деп санап, бизнесменді оған қарсы әрекет жасауға көндіре алмаса, өртке қарсы құралдарды өз есебінен алуы жиі кездеседі.

Қытайдағы мемлекеттік аппараттың қызметі нәтижесі жүйесі шенеуніктердің қызметінің нәтижелілігін бағалау, қарауындағы жауапты аумақты немесе саланы дамыту көрсеткіштерімен қатаң байланысты, мысалға, экономикалық даму көрсеткіштері, инвестиция тарту деңгейі, экспорт көлемі және т.б. Сонымен бірге атқарған жұмыстары үшін: салған айыппұлдарының көлемі, бюджетке түскен қосымша салықтық түсімдер немесе ашылған қылмыстар үшін ешқандай айтулы мадақтаулар қарастырылмаған. Осылай бола тұра, адал қызмет атқаратын шенеуніктер көптеген жеңілдіктерге және қоғамда абыройға ие. Олар өзі күнделікті қарым-қатынас жасайтын бизнесмендердің өмір сүру деңгейімен бір деңгейде өмір сүреді. Шенеуніктер әлеуметтік жағынан жақсы қамтамасыз етілген: пәтер, балаларға тегін білім, медициналық қызмет, лайықты зейнетақы және т.б. Бұның барлығы Қытайда жақсы бағаланады. Сондықтан да қытай шенеуніктері экономикалық өсімге, ел басшылығы ұсынатын экономикалық қызмет стратегиясын қатаң орындауға мүдделі. Нәтижесінде Қытайда сыбайлас жемқорлық экономикалық салада кең таралса да, ол біздегімен салыстырғанда экономикалық дамуға аз кедергі жасайды.

Бұл салада тәжірибесі қызығушылық білдіретін тағы бір ел — Канада. Әрине, федералдық үкіметінде 450 мың адам жұмыс істейтін бұл елде сыбайлас жемқорлық жоқ деп ешкім кепілдік бере алмайды. Дегенмен де, бұл ел сыбайлас жемқорлықпен күресте жақсы көрсеткіштерге ие. 2003 жылы мемлекеттік қызметтің Этикалық кодексі қабылданған болатын. Бұл кодекске



сәйкес шенеунік өзі мемлекеттік қызметке қабылданған 60 күннің ішінде қызметтік міндеттерін атқару барысында мүдделер шиеленісін туындатуы мүмкін әрекеттері, мүліктері, міндеттемелері туралы құпия жазбаша есепті өз министрлігінің жауапты орынбасарына жариялауы тиіс [79].

Шенеунік өз қызметтерін атқару барысында мүдделер қақтығысына әкелетін әрекеттерге жол бермеуі қажет. Егер де қандай да бір шиеленіс орын алған жағдайда, оны қоғамдық мүдде пайдасына шешуі тиіс. Ол өз қызметі барысында сыйлықтың кез келген түрін алуына тыйым салынған. Өз кәсіби қызметін аяқтаған жағдайда, мемлекеттік қызметтен соң қандай кәсіппен айналысатынын және жеке компаниялардан жұмысқа орналасу бойынша қандай ұсыныстар түскенін және қабылданған шешім туралы жазбаша құпия есеп беруі тиіс. Кодекске сәйкес мемлекеттік қызметтен босаған қызметкер бір жыл ішінде бұрынғы қызмет барысында кейінгі жылда жұмыс істеген жеке компанияның директорлар кеңесіне тағайындалуға келісімін беруіне, мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста жеке фирманың мүддесін қорғауға және бұрынғы қызмет барысында ие болған қызметтік ақпарат бойынша кімді болмасын ақпараттандыруға тыйым салынған.

Нидерланды да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте келесі шарттарды басшылыққа алады [81]:

сыбайлас жемқорлыққа бейім мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда мен де мониторинг жүйесін енгізу және осы жерлерде қызмет ететіндерді қатаң бақылап отыру;

сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жазалау жүйесі — бұл мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істеуге қатаң тыйым салуды және мемлекеттік қызмет ұсынатын барлық әлеуметтік жеңілдіктерінен айыруды көздейді;

лауазымдық тұлғаның жағымды әрекетін көтермелеу жүйесі — шенеунікке өз қызметін тиімді де адал орындауы үшін материалдық тұрғысынан да, адамгершілік тұрғысынан да жағдай жа- сау;

арнайы полиция типіндегі сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі мемлекеттік қауіпсіздік жүйесі.

Жемқорлыққа қарсы әр мемлекеттің өзінің күресу жолы, әдісі, тәсілі бар. Ал басқа жағынан қарасақ, көптеген мемлекеттердің сарапшылары біркелкі ережелер нормаларын қолдану керек деп ұсыныс жасайды. Тіпті, жалпыұлттық тәртіп әдептілігін қалыптастыру қажет дейді. Осы орайда 1995 жылы Ұлыбританияда Нолан Комиссиясы 7 қағида қабылдады:

Риясыздық. Лауазымды қызметкерлер қоғамдық мүддені жоғары ескере отырып, шешім қабылдайды.

Сатылмастық. Лауазымды қызметкерлердің өздерін басқа бір адамдарға не ұйымдарға қаржылық тәуелділік жағдайына қоймағаны дұрыс.

Әділдік. Жоғары қызметке тағайындау, келісімшарт жасау, марапаттау мәселелері бойынша шешім қабылдағанда лауазымды қызметкерлер үміткердің кәсіби қабілеттерін, іскерлігін ескеруі тиіс.

Есептілік. Лауазымды қызметкерлер қоғамның алдында өздерінің істеген ісі, қабылдаған шешімдері бойынша есеп беріп отыруы керек.

Ашықтық. Лауазымды қызметкерлердің шешімдері мен істері қоғамға ашық болуы тиіс. Әр шешім дәйектеліп отыруға міндетті.

Арды, абыройды сақтаушылық. Лауазымды қызметкерлер өздерінің мүдделері туралы ашық айтып, егер де осы мүдделері олардың істеген жұмысына қайшылық келтірсе, қоғамның пайдасына сай шешімге келуге тиісті.

Басшылық. Лауазымды қызметкерлер осы аталған қағидаларды қолдана отырып, басшылықты орындап, өзінің дұрыс істерімен, мінез-құлқымен үлгі көрсетіп отыруға міндетті [76].

Көпшілік елдердің тәжірибесінен байқағанымыздай, сыбайлас жемқорлықпен қарсы күресте азаматтық қоғам институттарының — саяси партиялар, мемлекеттік емес ұйымдар, қоғамдық ұйымдар мен жекелеген саясаткерлер институттары ерекше орын алады. Бұл институттар мемлекеттік органдарға жемқорлықпен қарсы күресте көмектесіп қана қоймай, кейде бұл органдар қоғамдық саладағы жемқорлық фактілерін «байқамаған» жағдайда олардың осы бағыттағы қызметін де атқарады. Азаматтық қоғам институттарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне мысал ретінде

«Транспаренси Интернешнл» ұйымының ұлттық бөлімшелерінің жұмысын келтіруге болады. Бұл бөлімшелер әлемнің 80-нен астам елдерінде белсенді жұмыс істейді, соның ішінде Қазақстанда, Әзербайжанда, Латвияда, Литвада, Молдовада, Ресейде және Эстонияда.

Сонымен бірге азаматтық қоғам институттарының сыбайлас жемқорлыққа қатысты жұмысы, әсіресе өтпелі кезеңдегі және дамушы елдерде толыққанды дами алмауда. Бұны келесі жағдайлармен түсіндіруге болады:

біріншіден, барлық елдерде мемлекеттік органдар жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүзеге асырғанда азаматтық қоғам институттарын қатыстырмайды;

екіншіден, бірқатар елдерде азаматтық қоғам институттары сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің бекітілген заңдық мүмкіндіктері мен тетіктеріне ие емес;

үшіншіден, сыбайлас жемқорлық белең алған елдерде аз санды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық ұйымдардың қызметі азаматтық және саяси белсенділігінің, саяси және құқықтық мәдениеттің төмен деңгейіне байланысты қолдау таппайды.

Сондықтан да, қандай да болмасын мемлекеттегі жемқорлыққа қатысты саясатты оңтайлы жүзеге асырудың алғышарттары, біріншіден, мемлекеттік органдардың өзара реттелген жұмысы және, екіншіден, бұл органдардың азаматтық қоғам институттарымен тұрақты ықпалдастығы болып табылады.

Байқағанымыздай, шетел мемлекеттерінде жемқорлыққа қарсы саясат сол елдің әлеуметтік және экономикалық жағдайына, мәдени құндылықтарына және азаматтық қоғам институттарының даму деңгейіне байланысты әр түрлі болып келді. Осы елдердегі сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне талдау

жасау Қазақстан үшін өте қажет. Бұл талдау сыбайлас жемқорлыққа қарсы озық ұлттық стратегияны жасауға көмектеседі.

Біріншіден, сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған мемлекеттің жоғарғы басшысының күшті саяси жігері және соның негізінде құрылған мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық сипаттағы сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясат.

Екіншіден, мемлекеттік әкімшілік жүйесінің бәріне азаматтық қоғам жағынан ұйымдастырылған әлеуметтік бақылау және құқық бұзушылардың қылмыс жөнінде іс қозғау мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Үшіншіден, билік жүргізуге ие тұлғалардың, мемлекеттік қызметкерлердің қызметінің тазалығы жөніндегі мониторингті жүзеге асыруы, тәуелсіз органдардың алдында қатаң есеп беруі.

Төртіншіден, және ең бастысы, сыбайлас жемқорлыққа қатысты қоғамдық пікірдің ымырасыздығын қалыптастыру бұл бағыттағы саясаттың негізі болуға тиіс. [34]

Осы қағидаларды сақтау ұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мықты негізі болады деп санаймыз.

## **2.2. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру негіздері мен міндеттері**

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегияда көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешені жұртшылықтың кең қатысуымен сүйемелденуі тиіс. Мемлекет пен қоғамның тығыз серіктестігі ғана сыбайлас жемқорлыққа табысты қарсы тұруға мүмкіндік береді. Қоғамның қолдауынсыз жоғарыдан жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тек ішінара нәтиже береді. Сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал Адалдық пен Сатылмаушылық мінез-құлық нормасына айналуы тиіс. Азаматтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа деген берік иммунитет, оған деген жұртшылықтың мінеуі болмай, қалаған нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Әрбір қазақстандық, әрбір отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек. [34].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді.

Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытатын курстармен барлық оқу орындарын, мемлекеттік органдар мен тұтастай алғанда барлық азаматтық қоғамды қамту қажет.

Мұның жаппай болғанымен, бұл жұмысты азаматтардың мемлекеттік қызметтерді алу, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тетіктерін түсінікті және білікті жеткізетін түрлі салалардың мамандарын пайдалана отырып, кәсіби негізде істеген жөн.

Бұқаралық ақпарат құралдары сыбайлас жемқорлықты қоғамның қабылдамауы ахуалын қалыптастыруды қамтамасыз етуге, қазақстандықтардың белсенді азаматтық ұстанымдарының қалыптасуына, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісіне белсенді қатысуына ықпал етуге арнаған.

Талай сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары болып табылады.

Қоғамдағы құқықтық нигилизмнің түбегейлі жойылуына қол жеткізу қажет.

Бұл ахуалды түзеу үшін халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысы, олардың жасын, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйелі әрі тынымсыз жұмыс жүргізілуі керек.

Қазақстанда шетелдердің үлгісі бойынша, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын азаматтарды материалдық көтермелеу енгізілген. Бұл тетік

өз пәрменділігін көрсетіп келеді. Азаматтарымыздың қағидаттық ұстанымдарының арқасында көптеген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мүмкін болды. Осы бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыру қажет.

Қазақстандық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы этикасы мен мәдениеті "Мәңгілік Ел" идеологиясының контекстінде қалыптастырылуы тиіс. Дәстүрлі рухани құндылықтар мен үздік халықаралық стандарттардың үйлесімді үйлесуі азаматтардың заңды мінез-құлығының канондарын жаңадан жасауға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдау – қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі.

Құқықтық адамгершілікке тәрбиеде аса маңызды нәрсе – ол азаматтыққа тәрбиелеу. Әрине, тәрбиенің басқа бағыттарынан бұл бағытты бөле жарып, мектептің жеке адамды қалыптасуы жұмысынан ажыратып алу туралы ой тумауы тиіс. Сондықтан бұл процестің тек бірнеше ерекшеліктері жайында оның ішінде «Мемлекет және құқық негіздері» пәнін оқытудан шығатын педагогикалық факторлар мен шарттардың азаматтықты қалыптастыруға тигізетін әсері жөнінде ой қозғағанымыз дұрыс. [13].

Әрбір жеке тұлға әлеуметтік құрылымда белгілі бір тұғырға ие бола отырып, белгілі бір рөл атқараты. Қоғам оған белгілі бір талаптар қояды. Әрине, тұлғаның өзі бұл рөлдің маңызын, салмағын, салдарын терең сезінуі қажет. Қоғамда жеке тұлғаның орындайтын әлеуметтің рөлдерінің ішінде азамат ретіндегі қызмет ерекше.

Алғаш рет азаматтық тәрбие идеясын ұсынған б.з.б. 4 ғасырдағы грек ойшылы Платон. Бұл идеяның одан әрі жалғасуы дамыған құл иеленушілік мемлекеттердің дүниеге келуімен тікелей байланысты (Рим мемлекеті). Оның көрініс беру мемлекеттің ішкі және сыртқы қажеттіліктерінен, яғни билеуші таптың мүддесін қорғау, мемлекет шекарасын сыртқы жаулардан қорғау, басқа территорияларды жаулау ниетінен туындады деп түсіндіреді марксистер.

Платон мемлекеттің функциясының адамға бала күннен оның бойына «Толыққанды азамат болуға құштарлық дәнегін себу» функциясын шығарды. Азаматтық тәрбие теориясының одан әрі дамуы капиталистік қатынастардың қоғам өміріне тереңдей енуімен тікелей байланысты. Осылайша алғашқы капиталистік елдердің конституцияларында азамат деген ұғым пайда болды. Француздың буржуазиялық революциясынан кейін бұл ұғым «Адам мен азаматтың құқықтарының Декларациясына» енді. [10].

Уақыт өте келе азамат ұғымы өзге елдерінде ресми айналымында жиі кездесетін сөзге айналды. Ағылшынның ойшылы Джон Локктың көзқарасы бойынша «үстемдік етуі ортадан шыққан балаларды өздерінің құқықтарын пайдалана алатын болуға тәрбиелеу қажет те, ал қарапайым бұқараның балаларын өздерінің міндеттерін мүлтіксіз орындауға епті болуға, өмірлік игіліктерге бой ұрмауға тәрбиелеу қажет» - деп пайымдаған.

Ол дәуірдің саяси-құқықтық ойында азаматтық тәрбиеге әлеуметтік позицияның болғанын жасырмай айту қажет. Азаматтық тәрбиеге кейінгі дәірлерде де үнемі оралып отырды.

Сонымен азамат ұғымының өзіне үніліп көрейікші. Сөздікте «азамат бұл белгілі мемлекетте тұрақты тұратын, барлық заңмен бекітілген құқықтарды пайдалана алатын, ол құқықтары сол мемлекеттік заңдарымен қорғалатын, барлық заңды негізделген міндеттерді орындайтын тұлға» делінген.

Азаматтық жеке тұлғаның әлеуметтік-саяси, адамгершілік және құқықтық сапаларының жиынтық мағынадағы рөлі мен қызметін сипаттайды. Ол адамның қоғамдағы жауапкершілігі мен моральдық өзін-өзі жетілдіруінің өлшемі. Азаматтық өлшемі – адамның өзінің құқықтарын қолдануы мен міндеттерін орындау дәрежесі мен сипаты болмақ. Азамат өзінің құқықтары міндеттерінің шегінде өзінің мінез-құлқын анықтайды. Бұндай таңдау жасау ішінде азамат өзінің мемлекетке байланысты құқығы мен бостандығын түсініп, санасына сіңіруі қажет, ол үшін өз міндеттерін орындауға дайын болуы тиіс. Қоғам алдындағы жауапкершілігін саналы ұғынуы тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігінен, қоғамдағы орын алып отырған келеңсіз құбылыстарға ымырасыздығынан көрінеді. [100].

Қоғамдағы қасандықтан арылту мен жаңарту бастамасы бүгінде экономикада да, саясатта да, әлеуметтік және рухани өмірде де күш алып келеді. Бірақ шешуші фактор адамның өзі, оның шеберлігі, шығармашылық қабілеті, саяси және интеллектуалдық бейнесі, азаматтық тұғырнаамасы мен белсенділігі. Азаматтық халық алдындағы тұлғасы – ерікті, саналы, ықпалды және айнымас қызметінен білінеді. Осылайша біз азаматтық дегенде тұлғаның жеке сапаларын түсінуіміз заңды құбылыс, және азаматтың қоғамның адамгершілік және құқықтық талаптарына саналылықпен бейімделуі де осыған саяды. Азаматтық жауапкершілік тұлғаның әр түрлі жағдаяттағы, қоғам көзқарасы тұрғысынан дұрыс шешім қабылдау қабілеті мен өзінің қылығының салдарына жауап бере алатындығынан байқалады. Азаматтық шын мәнісінде табиғи жауапкершілігінде сезінуден басталады. Ол үшін бала сәби күнінен өзінің қылығына, оның ішінде айналасындағыларға жағымсыз әсер ететін қылықтарына ұялып, өзін жазғыруға және адамдарға деген өзінің қатынасына ойлылықпен қарауға ерте бастан үйренуі керек. Оқушының жауапкершілігінің деңгейіне оның танымдық, қоғамдық-саяси, еңбек әрекеттерне қатынасы дәлел. Әрине азаматтық тәрбиелеуде еңбектің алатын орнына талас жоқ, бірақ ол саяси-құқықтық тәрбиемен қатар жүргенде ғана жеңісін береді. Оқушыларда азаматтық жауапкершілікті қалыптастырудың негізгі бағыттары қандай? Бұл бағыттарға мыналарды жатқызуға болады: оқушыларды отанға берілгендік, қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, азаматтық міндеттерді жауапты орындаудың қоғамдық маңыздылығын саналы қамтамасыз ету, ел байлығын сақтау мен көбейту ұмтылдыру, өзінің әрекеттері мен қылықтарына сын көзбен қарауға баулу.

Азаматтық жауапкерлік азаматтық парызына шынайылықтан туған қатынаспен, саналы терең толғаныспен, өзінің мәндеттеріне ішкі мойынсынумен белгіленеді. Азаматтық парыз ұғымына мемлекет пен тұлғаның сан қырлы өзара қатынасын жатқызуға болады.

Парыздың мазмұны тарихи қажеттілік пен қоғам дауының қажеттілігіне байланысты анықталады. Тұлға объективті қажеттілікті түсінсе, ол тұлғаның әрекетінің себебіне айналады және бұл адамгершілік борышының да дәлелі болып есептеледі. Құқықтық талаптар адамгершілік принциптерін толықтырын қана қоймай, нығайтады да. Мысалы: жауынгер өз атына адал болмаса, ар алдында жазаланатынын саналы түрде сезіне отырып, жүрегінің терең түкпіріне түйіп алады. Бірақ құқықтық актілер өз мазмұнына ерліктің үлгісін қайтсе де көрсету талабын қоймайды. Ол моральдың талаптарының бірі. Сондықтан біздің отаншылдыққа тәрбиелеу жүйеміз құқықтық міндеттерге қосымша ретінде болашақ жауынгердің бойында адамгершілік қылықтың тиісті нормаларын қалыптастыруға қызмет етеді. Борыш, парыз категориялары мен намыс және азаматтық ар ұғымдары тығыз байланыста, олар адамның отанға деген қатынасына куәлік етеді. Отаншылдық ар-намысына нұқсан келтірмеу – Қазақстан азаматының ең жоғарғы парызы. Саналы азамат деп барлық қиыншылықты түсінетін, қоғам мен мемлекет алдында тұрған қиындықтарға шынайылықпен болыса алатын адамды айтады. [125].

Өмір шындығын өзі талап етіп отырғандай, болып жатқан келеңсіздіктерге немкеттілікпен қарау, қоғамда өзінің тұлғалық, азаматтық позициясының болмауы шынайы азаматтықпен сыйыспайды.

Азаматтық ерліктің болуы ой, сөз, сезім, іс бірлігін қамтамасыз етеді, яғни азаматтық толысудың, есеюдің қалыптасқандығының, әлеуметтік-саяси және тұлғаның психологиялық халінің тұрақтанғандығының белгісі болып табылады. Азаматтық тұлғаның тұрақты сапасына айналуы үшін, жүріс-тұрысты қалыптастырудың белгілі бір тәртібіне үнемі төселу қажет.

Азаматтыққа тәрбиелеу өзінің аясына азаматтық ағартумен өатар, әр түрлі іс жүзіндегі әрекеттерді ұйымдастыру нәтижесіндегі пікір қалыптастыру мәселесін де кіргізеді.

Көп ұлтты тәуелсіз мемлекеттілікті нығайту – бүгінгі сара бағытымыз, ашық та айқын саясатымыз. Мұның өзі ұлтымыздың мүддесін қорғаудан ауытқу деген сөз емес. Көп ұлтты Қазақстан тарихи, ежелгі топырағында шаңырақ көтеріп отырған бірден-бір мемлекет болғандықтан, ол қазақстандықтардың ұлттық, түбегейлі мүдделерін қорғауға, қастерлеуге міндетті.

Мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Қоғамның мәдениеті бірнеше түрге бөлінеді: саяси, экономикалық, әлеуметтік, парасаттылық, инабаттылық, экологиялық, құқықтық, т.б. мәдениет жүйе салалары. Олар бір-бірімен тығыз байланыста қоғамның экономикалық саяси, әлеуметтік дамуына сәйкес дамиды. Мәдениет

салаларының арақатынасы бірлестікте және дербестікте дамып қоғамның экономикасын, әлеуметтік жағдайын жақсартып, нығайтып отырады.

Антагонистік қоғамдағы материалдық және рухани мәдениет үстемдік етуші таптың мүддесіне бағындырылған. Әрбір ұлттық мәдениетте демократиялық элементтер болады. Өйткені әрбір ұлтта еңбекші және қанаушы бұқара бар, олардың өмір сүруі жағдайлары демократиялық идеологияны туғызбай қоймайды. Қоғам мәдениетінің негізгі салаларының бірі - құқықтық мәдениет. Бұл қоғамдағы мәдени құндылықтарды сақтау, жаңғырту, дамыту, оларға азаматтарды баурау жөніндегі қатынастарды құқықтық нормалар арқылы реттеп-басқару. Құқықтық мәдениет қоғамдағы мәдениеттің деңгейінен жоғарғы бола алмайды. Бұл объективтік процесс. Құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық санасының, айнасы деуге болады. Өйткені бұл мәдениет адам қоғамының өткен формацияларының құқықтық мәдениетінің жетістіктерін жинақтап, біріктіріп отырады. Құқықтық мәдениет екі бөлімнен тұрады: жеке тұлғалардың мәдениеті және қоғамдық мәдениет. Жеке тұлғалардың мәдениеті қоғамдық мәдениетті дамытуға шешуші үлес қосады. Құқықтық мәдениет жалпы-халықтық байлық, ол адам қоғамының тарихи цивилизациялық жетістігі.

Құқықтық мәдениет жеке тұлғалардың білімінің деңгейіне қарай үшке бөлінеді: күнделікті, профессионалдык, теоретикалық. Күнделікті мәдениет жалпы қоғамдық мәдениеттің көлеміндегі дәреже. Бұл дәреже еңбектенсе өсуі мүмкін. Профессионалдык мәдениеттің бір немесе бірнеше саласын игеру. Теоретикалық мәдениеттің теориясын жақсы білу. Құқықтық мәдениеттің функциялары: танымдық, реттеушілік, прогностикалық, нормативтік. Танымдық-құқықтық мәдениет теориясын дамыту;

реттеушілік-мәдениетті реттеп-басқару;

нормативтік-мәдениет бағытындағы нормативтік актілердің сапасын жақсарту, сол арқылы құқықтың рөлін көтеру, күшейту;

прогностикалық (болжау) - құқықтық мәдениеттің болашағын дұрыс болжау.

Қоғамның азаматқа қоятын этикалық-моральдық талаптары кей жағдайларда мемлекеттік заң актілерінде, құқықтық нормаларында да өз бейнесін тауып жатады.

Қорыта айтқанда, азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін білуі, адамның сезімі мен көкірегіндегі өзін мазалаған ойларымен біріге отырып, оның іс-әрекетінде көрініс тауып, тұлғаның азаматтық жауапкершілігін қалыптастырады.

Қоғамның құқықтық сауаттылығын қалыптастыру мен арттыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастың тұтастай қалыптасуына алғышарт ретінде қарау мәселені шешуде маңызды басымдыққа ие. Құқықтық мемлекет теориясы - заңның басымдығы және әлеуметтік реттеушілік жүйесіндегі рөлінің



арттырылуында болып табылады. Құқықтық мәдениет және құқықтық сананың дәрежесінің төмендігі халықтың құқықтық сауаттылығы тұрғысында заңның күшінің дәрежесінің жоғарылығы қағидаларын жүзеге асыруды қамтамасыз етілудің басты маңызды жағдайы болып табылады. Азаматтардың заңға байланысты кез келген құқықтық қарым-қатынасы олардың іс әрекетінің, қарым-қатынас жасауының қайнары болып табылады. Құқықтық мәдениеттің басты көрсеткіші бұл заңды түсініп құқықты біліп ұғыну деген сөз. Халқымыздың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің дамытып жоғарылату азаматтардың Заңды сайлау, құрметтеу, жоғары қою, қастерлеу сезімдерін тәрбиелеуге бағытталған мәселелер Заң саласы органдарының ғана емес, бүткіл мемлекеттік органдардың, барлық қызметкерлердің стратегиялық бағдарының бірі екендігі баршамызға аян.

Құқықтық мәдениет дегеніміз бұл - қоғамның, құқықтық өмірінің сапасы, халықтың құқықтары мен бостандықтарына мемлекет пен қоғамның кепіл болуы. Сонымен қатар бұл- қоғамдағы әрбір жеке тұлғаның, қоғамдық-құқықтық қатынасқа түсуші азаматтың құқықты ұғынуы, заң мен құқықтардың қорғалуын терең түсінуі. Құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы меңгеру қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпалдың әсер ететіндігін ұғынады. Тұлға мен қоғамның рухани құндылықтары адамның құқықтық сана сезімі арқылы айқындалады, олар бұл құндылықтарды өздерінің сезімдері, көзқарастарымен танымы арқылы танытады.

Құқықтық мәдениет - нақтыланған дара мемлекеттік діни, этникалық қауымдастықтың қатысушылары белгілеген қабылдаған және олардың іс-әрекеттерімен құзыреттерін реттеу үшін қолданылатын құндылықтар, құқықтық көзқарастар, наным сенімдері, сана сезімдері мен дәстүрлер қағидалары. Кез келген мемлекет аясында түрлі құқықтық мәдениеттердің болуы мүмкін, мәселен бұл жағдай көпұлтты, көпдінді қоғамдарда көрініс табады.

Біздің елімізде Қазақстан Республикасында халқымыздың, ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлік құқықтық мәдениетпен қатар басқа да ұлттардың дәстүрлік құқықтық мәдениеттері қалыптастырылған.

Әлеуметтің жалпы халықтың құқықтық мәдениетін зерделеп анықтау үшін жеке тұлғаның, оның мотивтерін мақсатымен формаларын қабылдауын назарға алу керек. Бұл тұста мағыналы рөл құқықтық сауаттылыққа мән беріледі. Құқықтық ақпараттану мен сауаттылықты жетілдіруді қамтитын негізгі қайнарының бірі болып отыр. Құқықтық сауаттандырудың басты қағидасына халықтың құқықты түсініп құқықтық білімінің деңгейін арттыруға деген ынта жігерлілікпен қызығушылық болып табылады.

Қазіргі таңда, еліміз заманауи сапалы әлеуетке көтеріліп жоғары деңгейге шығарудағы құқықтық сауаттандыру, түсіндіру шараларына, нормативтік-құқықтық шығармашылық үрдіске басым назарға алынып отыр. Құқық қорғау органдарының құзыретіне қазіргі таңда стратегиялық бағыты болып табылып отқан азаматтардың құқықтық мәдениетін дамытып, құқықтық санасының әлеуетін күшейту басты мәселелердің бірі болып табылады.

Бұл мәселе аясында құқықтық насихат жұмыстарын ауқымдандырыру, сапалық жағдайын жоғарылату іс қимылдарын жатқызамыз. Бұл орайда айта кететін жәйт, адам мен азаматтың Конституциялық және басқа да құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етіп, жадпы азаматтардың құқықтық білімдері мен құқықтық мәдени этикасын оңтайландырып құру мақсатында мемлекеттік органдар мен жоғары оқу орындары бұқаралық ақпарат құралдарында сөз қозғап, түрлі іс-шаралар, конференциялар, ашық сабақтар, семинар-брифингтер, дөңгелек үстелдер сияқты шараларды ұйымдастырып, Әділет министрлігіне қарасты ұйымдарымен, сонымен қатар облыстық мемлекеттік мекемелерімен тұрақты түрде өзара іс-әрекеттер жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде барлық жалпы халық әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланушылары болып табылады, халыққа кез келген ақпарат қол жетімді, кез келген азамат нормативті құқықтық актілермен танысып ақпарат ала алады, жүзеге асырылып жатқан түрлі құқықтық сауаттандыру жұмыстарынан хабардар бола алады.

Жүзеге асырылып жатқан жаңашылдықтардың басты бағыттарының бірі құқықтық нигилизммен күрес жүргізу, құқықтық сана мен мәдениетті арттыру, халықтың арасында құқықтық түсіндіру іс-шаралары көлемін күшейту болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас ол жеке тұлғаға бағытталған адами құндылықтар-парасаттылық идеясына негізделуі тиіс. Ар намыс, қадір-қасиет, абырой және адамның беделі -адамзаттың өмірінде, қоғамында, салт-дәстүр ғұрпында, ой санасында арнайы басты адами қасиетті құндылықтары болып табылатындығын білеміз. Көне заманнан адамның бойындағы адалдық, әділдік, азаматтық, ауызбіршілік, адамгершілік сияқты құнды қасиеттердің бағасы жоғары болған.

Дегенмен, әр заманда әр уақытта да ақ пен қараның, жақсы мен жаманның арасында теке тірестің болып отыратыны адамгершілік қасиеттердің құндылығын жойып, құнсыздыққа айналдырып жіберетін іс-әрекеттер, жағдаяттар қоғамда болып жататындығынан хабарымыз бар. Біздің қазақ халқы қанға сіңген табиғатында көпшілдік, дархандылық кеңдік сияқты қасиеттермен ерекшеленеді, балаға, жас буынға тал бесіктен бастап адамгершілік, адалдық, әділдік, намысты болу, беделділік, әдептілік ұят деген қасиеттерді үйретіп тәрбиелеген.

Отбасындағы ұл мен қыздың бойындағы адами құндылықтар болып табылатын адалдық, ар-намыс, қадір-қасиет, ұят, жомарттық, әдептілік сияқты асыл қасиеттердің барлығы тәрбие түсінігімен байланысып жатқандығын байқаймыз. «Біреудің ала жібін аттама», «Қызды қырық үйден тыю», «Малым - жанымның садақасы, жаным -арымның садақасы», «Өлімнен ұят күшті», «Қолыңмен істегенді -мойныңмен көтер»; Ерді намыс өлтірер, қоянды қамыс өлтірер, баланың ұяты - әкеге, қыз – ұяты шешеге, ұрлық түбі - қорлық, т.с. көптеген ұлағатты сөздермен, даналық мақалдар мен тәрбиеленген ұрпақтың бойына сіңіріп отырған. Қазақтың

әдептілік, әділдік атты құндылықтарын қазақ философиясы баға жетпес қазына деп таниды.

Осындай ұлт намысының абыройының, қадір-қасиетінің қаншалықты жоғары деңгейде бағаланғанын аңғаруға болады. Кез-келген адамның адами санасы мен мінез құлқын анықтайтын бірінші психологиялық қасиет-ар намысы болып табылады. Бұл жеке тұлғаның адамның бойындағы адалдық, шыншылдық, ар, абырой, тектілік, әділеттілік, ұят, көргенділік дейтін құнды қасиеттерді бағалайтын жүйелі моральдық мәдениеттілік, саналық этика мен әлеуметтік психологиялық ұғым.

Адамның намысы мен ұяты түрлі қызмет атқарады; ол кез-келген тұлғаның жан дүниесіндегі, ішкі санасындағы білінбейтін, көрініс бермейтін тәртіп ұят сақшысы сияқты, адамгершілікке жанаспайтын теріс іс-әрекеттер істеуден аяқ тартқызып, сақтандырып қана қоймай, пасық жымысқы ниеттерден де алыстап бойынан арылту үшін аса қажетті. Бұл туралы әлем данышпандары да әр заманда ар-намыс пен қадір қасиеттің категорияларын алғаш болып Рим стоицизмнің соңғы кезеңінің өкілдері Сенека, Эпиктет, Марк Аврелий зерделеген Сенеканың философиясында мәдениеттілікке этикаға деген көзқарасы басым. Эпиктет адамның қоғамдағы ар-намысы мен абыройын сақтап қалуды үйреткен, озбырлықпен алдап тапқан пайданың адамға әкелетін еш абыройы мен қадірі жоқ екендігін ойда болған. Рим императоры Марк Аврелий бүкіл әлемге өзінің адамзаттың бірінші байлығы шынайы өмір сүру қағидалары туралы насихаттарымен танылған. Ұят, ар, абырой құндылықтары туралы ұлылар да айтып жазып кеткен.

Ұлы Абай атамыз өзінің кара сөздерінде: «Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деп, Жүсіп Баласағұн: «Ұят-жаман ойдың жүгені», Бұл жалғанда бұзатын – арсыз адам деп айтқан. Біз ұрпағымызға өзіміз өнеге көрсету арқылы нағыз адамгершілікті тұлғалықты танытамыз.

Қоғам абырой сөзін кең мағынада - ар, ұят, құрмет, бедел қадір-қасиет сияқты ұғымдардың жүйесін түсінеді. Абырой бұл – тұлға бойындағы қазыналы қастерлі құндылық болып табылады. Ұлтымыздың философиялық түсініктері адамзатты даналыққа, адамгершілікті етіп ұстауға, әділ болуға, адал, намысшыл, шынайы өтірік айтпауға, екіжүзділіктен аулақ болуға, аманатқа қиянат жасамауға тәрбиелеп отырған. Ата-бабамыз дана манатталған осы асыл қағидаларды сақтамау, оларды бұзу, қиянатқа жол беру-қатаң жазалауға апарады.

Тарихи, шежіре мәлеметтерден, мұрағат құжаттардан көптеген кісі өлтіру, елдің беделді, құрметті азаматтарын қорлау, бөгденің мүлкін малын заңсыз иелену, ұрлау, зомбылық пен қиянат жасап ар, ұятқа қиянат жасағанда өте ауыр күнәні атанғандар қатаң жазалар кесілгендіктерін білеміз.

Адалдық адамның бойындағы құны жоғары қасиет, азаматтық санасы, ой-түйсігі мен ар-намысына қарсы келмейтін іс-әрекеттердің моральдық-этикалық құрылымдық жүйе.

Адамгершілік, адал болу, алдамау, шыншыл болу сияқты қасиеттер ұжымдық ортада бойына сіңірген тәлім тәрбиесіне, ішкі жан дүниесіне, біліміне, таза жұмыс істеуіне, еңбек етуіне байланысты ұштаса отырып қалыптасып, адамның жеке басы мен тұлғалығының деңгейін көрсетеді, сипаттайды.

Адам озып, ұятсыз қылыққа жол берген адамдарды қазақтың дала заң нормаларында қатаң жазалау тәсілдер қолданғанын да білеміз. Ең ауыр масқаралау жазасының бір түрі бұл-моральдік этикалық нормаларды бұзған үшін жазаға кесілген адамды есекке теріс мінгізу болған. Бұндай жазалау халқымыздың дәстүрлі дала заңында қатаң ауыр жаза деп табылған.

Ата бабамыздан біздердің ұғымымызда «адал кәсіп», «адал мал», «адал ит», «адал жар» деген қастерлі сөздер қалғаны белгілі, бұл сөздердің түпкі мағынасы таза, жалғандықтан ада деген мағынасында білдіреді. Ұрпақты үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, иманды болуға адамгершілікке баулу.

Адам бойындағы асыл қасиеттерді әр адам жоғары қойып үлкен жауапкершілікпен қорғауы керек. Азаматқа қойылатын басты талап-адамгершілік пен адалдық. Ол адам бойындағы ең асыл қасиет және азаматтың ең биік мұратына жетелейді. Бұл ізгі адамгершілік қасиеттері адамды мейірімділікке, отанын, жерін, жанұясын құрметтеуге бағалауға сүйюге үйретеді. [109].

Адам баласының бойында адамгершілік пен адалдық қасиеттер болмаған жағдайда, адам өз-өзінің құнын білмейді, сыйламайды. Адам бойында жағымды иманды қасиеттер көп болса, ол адамның жолы ашық болмақ, оған бақ та, дәулет те қонады деп жатамыз, жастарды жақсы қасиеттерге үйрету жағымсыз қасиеттерден арылту қажет. Кез-келген адам өзіне қымбатты болып танылатын, өзі үшін өте құнды деп есептелетін нәрсесін қаншалықты бағаласа, құрмет тұтса, барынша жақсы көріп сүйіспеншілік танытса ғана бұны нағыз намыс екенін түсінеміз.

Ар-намыс абырой - бұл адамның беделі, қадір қасиеті. Азамат әркез өзінің қасиетін жоғары қойып, бағалап қастерлей білуі, қорғауы қажет. Адам өз бойына ар-намыс, ұят, адалдық, әділдік, сыпайылық сияқты құндылықтарды сіңіре білуі қажет.

**Шешімін талап ететін проблемалар.** Күрделі, тарихи өзгермелі, елеңсіз әлеуметтік құбылыс болып табылатын сыбайлас жемқорлық адамзат өркениеті дамуының ерте кезеңдерінде пайда болғаны мәлім.

Сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлық іс-әрекетінің әмбебап және бәрін қамтитын анықтамасының жоқтығына қарамастан, оған ең алдымен шенеуніктердің билікті немесе лауазымдық жағдайын жеке пайда алу үшін теріс пайдалануын жатқызады, ал оның неғұрлым таралған түрлері ретінде әдетте шенеуніктерді сатып алу, қызметтік өкілеттіктерін пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану болып танылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеудің күрделілігі оның жеке алғанда әрбір мемлекет үшін ерекшеліктеріне және оның өзгермелі сипаттамаларына қарай қиындықтарына да байланысты.

Сыбайлас жемқорлықтың себептерін, жағдайлары мен салдарларын айқындаған кезде жергілікті діл, ұлттық және діни ерекшеліктер, құқықтық мәдениеттің деңгейі сияқты факторлар ескерілуі тиіс.

Сонымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді әрі жүйелі іс-қимылдың басты шарттары билік органдарының қоғамға есеп берушілігі мен оның бақылауында болуы, сот төрелігінің тәуелсіздігі мен әділдігі, баяндауда анық және қолдануда күрделі емес заңдар, мемлекеттің кадр саясатындағы меритократия, мемлекеттік рәсімдердің ашықтығы және қоғамның сыбайлас жемқорлыққа деген төзімсіздігі мен құқықтық мәдениеті деңгейінен айқындалады.

Экономиканы жаңғырту және ауқымды әлеуметтік өзгерістер жағдайында Қазақстанда мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланыстырылған, біздің қоғамның мәдениеті мен этикасын, осы әлеуметтік зұлымдықпен күрестегі халықаралық трендтерді ескеретін біртұтас сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға деген қажеттілік айқын бола түсуде.

Тікелей құқық қорғау құрамдасынан басқа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта мемлекеттік басқарудың, мемлекеттік қаражатты бөлудің және пайдаланудың ғылыми негізделген нысандары мен әдістерін таңдау және осының негізінде сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жою да маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негіз қалаушы буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың пайда болуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді айқындау және барынша азайту болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың түрлі салалар мен аяларда таралу деңгейін бағалау, мемлекеттік, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті нормативтік-құқықтық реттеудегі олқылықтарды, мемлекеттік-құқықтық реттеу тетіктерінде туындайтын проблемаларды анықтауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет процесінде құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеуге ықпал етеді. [114].

Қоғамдық өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін қозғайтын шешімдерді қабылдаған кездегі ашықтықтың жеткіліксіз болуы, мемлекеттік аппараттың қызметінде тиісті азаматтық бақылаудың және қоғамдық пікірді ескерудің болмауы артық төрешілдікке, әкімшілік кедергілер мен лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануға алып келеді, бұл жиынтығында сыбайлас

жемқорлық көріністерінің өсуіне ықпал ететін келеңсіз факторларды қалыптастырады.

Ұлттық заңнаманың базалық салаларының болып жатқан сапалы жаңаруына қарамастан, қолданыстағы ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктерде басты проблема тиісті құқық қолдану мәселелерінің шешілмеуі болып қалып отыр.

Сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау құралдарының барлық арсеналын пайдалану әлі де өзекті проблема болып табылады.

Қолданыстағы заңнаманың және қазақстандық құқыққа тән институттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін пайдаланылмаған әлеуеті бар, оны толыққанды іске асыру мүмкіндігі осы саладағы шетелдік модельдер мен тәжірибені енгізу мәселелерін қараған кезде барынша ескерілуге тиіс.

Алдын алу-профилактикалық жұмыста да жүйелік жоқ. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс.

Бұл ретте назар жергілікті билік органдарының қызметіне де аударылуы тиіс, өйткені, өңірлердегі істердің жай-күйі үшін олардың өкілеттіктері мен жауапкершілігі кеңейтіледі және дәл солар өз мемлекеттік көрсетілетін қызметтерімен азаматтардың күнделікті мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Тұтастай алғанда, уәкілетті органның қызметінде оның құқық қорғау және реттеуші функциялары арасындағы теңгерім сақталуы тиіс.

Мемлекеттік функцияларды орындаған кездегі мүдделер қақтығысы да мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін маңызды себептердің бірі болып табылады. Мемлекеттік функцияларды, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыру тетіктерін егжей-тегжейлі талдау сыбайлас жемқорлықтың таралуына ықпал ететін себептерді айқындауға және жоюға мүмкіндік береді.

Осы күнге дейін азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға және құқықтық ағартуға, әсіресе, халықтың күнделікті өмірінде неғұрлым сұранысқа ие қолданыстағы құқықтың салалары мен нормалары бойынша жеткілікті көңіл бөлінбей келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат негізінен бір жолғы акциялармен және науқандармен, бұқаралық ақпарат құралдарындағы шаблон түріндегі сөздермен шектеледі, интернет-кеңістік жеткіліксіз пайдаланылады.

Іс жүзіндегі ақпараттық өріс сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруда қоғамды шоғырландыруға әрдайым ықпал ете бермейді.

Сыбайлас жемқорлық проблемаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекет қабылдап жатқан шаралардың тиімділігін зерделеуге арналған социологиялық зерттеулердің деңгейі мен сапасы жетілдіруді қажет етеді.

Қызметтік этиканың нормалары мен қағидаларын бұзушылықтардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың өзінен әлі де заңнамалық деңгейде аражігі ажыратылған жоқ, бұл сыбайлас жемқорлықтың нақты көрінісін бұрмалайды, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі өзекті бағыттарына күш-жігерін шоғырлауға кедергі жасайды және елдің сыбайлас жемқорлық рейтингісінің негізсіз өсуіне әкеледі.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері мен тиісінше оларды жасағаны үшін қолданылатын жаза деңгейлері арасындағы аражік нақты ажыратылмаған.

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне деген тәсілдерді де айқындау уақыты келді.

Мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласуы сыбайлас жемқорлықтың таралу саласын және оның анықтамасына жататын адамдар тобын айқын түсінуге негізделуі тиіс. Бұл ретте бизнесті дамыту үшін әкімшілік кедергілер мен елдегі қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету ісінде қиындықтар жасалмауы тиіс. Тұтастай алғанда мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуы қысқаруға тиіс.

Тәуелсіз Қазақстанның жалпы әлемдік кеңістікке одан әрі кірігуі бойынша жасап жатқан қадамдары біздің елімізді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде қабылданған белгілі бір халықаралық стандарттарды ескеруге міндеттейді.

Сонымен бірге, мұндай стандарттар шетелдік серіктестердің ұсынымдарын пайдаланып қана енгізілмеуі тиіс. Халықаралық тәжірибе оның ережелерінің ел Конституциясына, қалыптасқан заңнамалық және құқық қолдану практикасына сәйкес болуы тұрғысынан, дәстүрлі және біздің елге тән құқықтық тетіктер мен институттардың қалыптасу және жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып, мұқият зерделенуге және егжей-тегжейлі талдауға жатады.

### 2.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет жемқорлықты тежеудің басты факторы?

Осы заманғы көптеген ақпараттық-мәдени іс-шаралар қылмыстың алдын алуға бағытталған, алайда көптеген мемлекеттерде сыбайлас жемқорлық сияқты проблема бар. Мемлекеттегі сыбайлас жемқорлықты мемлекеттің дамуының негізгі жауы деп санауға болады. Алдын алу мақсатында мемлекеттің негізгі саясаты ретінде жалпы құқықтық мәдениетті арттыру үшін үгіт-насихаттық көпшілік шаралар түрлі салалар өкпдерінің қатысуымен өткізілген іс-шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қоғамда, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне "мүлдем төзбеушілік" ахуалын құру мақсатында өте пайдалы. Бұл тақырыпты алдымен құқықтық мәдениет деген не екенін түсіну керек. Құқықтық мәдениет-білімнің жалпы деңгейі және қоғамның құқыққа объективті қатынасы; өмір сүру процесінде пайда болатын нормалар, нанымдар мен ұстанымдар түріндегі құқықтық білім жиынтығы. Өзара іс-қимыл субъектілерінің еңбектерінде, қарым-қатынасында және мінез-құлқында көрінеді. Мәдени және құқықтық тәрбие мен оқыту жүйесінің ықпалымен қалыптасады. Құқықтық мәдениет рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Құқықтық мәдениетке байланысты оның үш түрі бар [16]:

- қоғамның құқықтық мәдениеті;
- тұлғаның құқықтық мәдениеті;
- топтың құқықтық мәдениеті.

Біздің жағдайымызда жалпы құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қоғамның құқықтық мәдениетіне көбірек назар аудару қажет. Көптеген жағдайларда сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі Қылмыс құрбандарының өз құқықтарын білмеуі болып табылады. Егер әрбір адам мемлекет көмегімен толық көлемде қорғай алатын болса және заңды айналып өту жолында мемлекеттің сыбайлас жемқорлықтың негізгі бөлігі болмас еді. Азаматтардың құқықтық мәдениетін көтере отырып, азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық белсенділігінің деңгейін арттыруға келуге болады. Бұрынғы одақтас мемлекеттерде қазіргі уақытта азаматтардың әлсіз құқықтық белсенділігі байқалады. Бұл элемент азаматтардың, лауазымды адамдардың құқықтарын игеру (білім мен түсінушілік білдіру), тыйым салуларды сақтауға, құқықтарды пайдалануға, міндеттерді орындауға бағытталуы дәрежесінен көрінеді. Әрбір субъект: Құқық қоғамдық қатынастар саласында құндылық болып табылатынын ұғынуға; құқықты білуге, оның мағынасын түсінуге, заңның қандай да бір ережелерін түсіндіре білуге, оның мақсатын анықтауға, іс-әрекет саласын айқындауға; практикалық қызметте алынған құқықтық білімді қолдана білуге, заңды өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін пайдалануға арналған.; қиын құқықтық жағдайларда өзін ұстай білу және т. б.



Азаматтық мәдениет-бұл тек саяси құндылықтардың белгілі бір жүйесі ғана емес, сонымен қатар адам, қоғам және билік арасындағы қарым-қатынастардың ерекше блогы, бұл адам өзін азамат ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Қоғамға болу, демократиялық, ал билік - өз функциялары шеңберінде, демократиялық институттар және реттелетін процестер.

Қоғамның дамуының осы кезеңінде біздің қоғам өмірінің барлық негізгі салалары және онда ұсынылатын өзгерістер заңмен қамтамасыз етілген кезде, әсіресе азаматтардың құқықтық мәдениетін дамыту және жетілдіру қажет, өйткені ол құқықтық мемлекетті нығайтудағы басты қайта құрушы болып табылады. Ол үшін азаматтар құқықтық білімді даярлап, тәрбиенің құқықтық нысандарын таңдау қажет.

Қамтамасыз ету үшін заңнаманы насихаттауды одан әрі дамыту қажет. Өз міндеттері мен құқығын көп дәрежеде білген азамат мемлекеттің саясатына сенім артатын болады. Басқаша айтқанда, бұл мемлекеттің әрбір азаматына патриоттық тәрбие беруге болады. Мемлекеттегі өз рөлі мен маңызын білетін азамат билеуші элитадан немесе референттік топтан өз пікірінде болады және саясаттың қулығын өз бетінше түсінуге және өзінің жеке шешімін қабылдауға қабілетті болады, бұл құқықтық білімнің жеткілікті жоғары деңгейі мен әрекет етуге ішкі ұстанымның бар екендігін және өз іс-әрекеттері үшін жауапты болуға әзірлігінің болуын куәландырады. Басқаша айтқанда, құқықтық мәдениет-бұл құқықтық актілердің тиісті деңгейіне, құқықтық сананың құқықтық және құқық қолдану қызметіне және жеке адамның құқықтық дамуына, сондай-ақ қоғамдық дамуға және қоғамның өмір сүру жағдайларын қолдауға оң әсер ететін мінез-құлық еркіндігі мен мемлекет пен жеке адамның өзара жауапкершілігі дәрежесіне қол жеткізуден көрінетін қоғамның құқықтық өмірінің сапалы жай-күйі.

Сыбайлас жемқорлық, тектік жазылмайтын ауру ретінде, Ежелгі заманнан бері қоғам мен мемлекеттік ұйымдар бар және таң қалдырады және әлі күнге дейін жеңілмеген болып қала береді. Ол заңның үстемдігі, демократия және адам құқықтарының басымдығы қағидаттары негізінде жария биліктің жұмыс істеуі үшін, қоғамның әлеуметтік дамуы мен экономикалық өсуі үшін қауіптің болуын анықтайтын аса маңызды қауіптердің бірі болып табылады.

Әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында сыбайлас жемқорлық қызметі" мемлекеттердің шегінен, ішкіұлттық шаруашылықтар мен экономикалардан" асып кетті және жаһандық пандемия ретінде бүкіл әлем бойынша "" тарала бастады. Жаһандану жағдайында сыртқы экономикалық байланыстарды ырықтандыру, денационалдандыру және кеңейту қаржы және өзге де қаражаттың шектелмеген айналымы үшін қолайлы топырақ болып табылады. Бұл тұрғыда жаһанданудың өзі, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың өсіп-жетілуінің және оның сыбайлас жемқорлық арналарының желісін кеңейтудің қоректік ортасы болып табылады. Жаһанданудан туындаған өзгерістер нәтижесінде сыбайлас жемқорлық феномені жергілікті емес-ұлттық проблема емес, Бай және дамушы елдерді таң қалдыратын жалпы әлемдік

ауқымдағы қауіп болып табылады. Кейбір мағынада, сыбайлас жемқорлық - азық-түлік, экологиялық проблема немесе тұщы судың жетіспеушілігі проблемасымен қатар адамзаттың жаһандық проблемаларының бірі. Сыбайлас жемқорлықтың жаһандық сипаты әлемдік қоғамдастықтың барлық мемлекеттерінде сыбайлас жемқорлық көріністері көп немесе аз дәрежеде орын алуда. Дүниежүзілік банк институтымен жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша жыл сайын бүкіл әлемде 1 трлн. ақш.

Д. Кауфманның айтуынша, 1 трлн. АҚШ доллары-бұл үлкен соманы көрсететін шамамен цифрдан артық емес, оны қабылдау бүкіл әлемде қанша пара төленетіні туралы жалпы түсінік бере алады.

Осының барлығы экономикалық жолдар мен саяси құралдарды іздеуде аса өзекті болып отыр, олар сыбайлас жемқорлықты жеңе алмаса, оның көріністерін ұлттық мемлекеттердің жекелеген өңірлерінің деңгейінде оқшаулауға және сол арқылы сыбайлас жемқорлықтың жаһандық қауіп-қатерінің бір бөлігін жоюға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлық кәсіпкерлік қызмет саласында шешімдер қабылдаудың оңтайлы және тиімді дәйектілігін бұзады, саяси шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру жүйесіндегі ішкі тұтастықты жояды. Кең мағынада, сыбайлас жемқорлық-бұл демократияға қарсы, өйткені ол қалған көпшілік есебінен артықшылықтарды аз қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қаржы және адам ресурстарын бөлу әділетсіз, әлеуметтік көзқарас тұрғысынан және экономикалық тұрғыдан тиімсіз болып табылады. Ресурстар теріс пиғылды және тиімсіз пайдаланушылардың қолына шоғырланады, көбінесе мемлекеттің әлеуметтік, саяси және экономикалық мақсаттарына және қоғамның сауалдарына қайшы келеді.

Қоғам үшін ең қорқынышты қауіптердің бірі-қоғам мен оның жекелеген өкілдерінің ("адамшылдардың", қатардағы азаматтардың) санасында сыбайлас жемқорлықтың стереотипі тек этикалық тұрғыдан қолайлы мінез-құлық стратегиясы ретінде ғана емес, сонымен қатар мінез-құлық стереотипі ретінде де одан да тереңдей түседі. Керісінше, бұл құбылыстың қоғамдық қауіптілігі туралы түсінік жойылады. Азаматтардың парақорлық ретінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне этикалық төзімділігінің төменгі шегі, ол үшін қылмыстық жаза қарастырылған, "уақыт өте келеді. Сыбайлас жемқорлық құқықтық, қоғамдық және экономикалық институттарға деген құрметін төмендетіп, азаматтардың биліктің өкілді және атқарушы органдарының, сот жүйесінің жұмысына деген сенімін бұзады. Жеке сектордың криминализациясы, оның ішінде ұйымдасқан " қылмыс, бұл жағдайда да қоғамның жұмыс істеу нормасы ретінде қабылданады. Қаржы-экономикалық дағдарыстар жағдайында сыбайлас жемқорлық қаржылық және саяси жүйелердің олардың көріністеріне қарсылығын төмендетеді, қалған уақытта - азайтады. Әлемдік экономикада табысқа жетуіне кедергі жасай отырып, елдің бәсекелестік артықшылықтары.

Бұл жағдайда сыбайлас жемқорлық қылмыстарға саяси қарсы іс-қимыл проблемаларын талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің шетелдік

тәжірибесін қарау осы құбылысқа қарсы күрес жөніндегі жұмыстың дәйектілігі мен тиімділігінің шарты болып табылады, оның бірінші кезеңдерінде заңнаманы жетілдіру, Ресейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стратегиясы мен тактикасын әзірлеу жүзеге асырылуы тиіс.

Жоғарыда айтылған мән-жайлар сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің шетелдік және халықаралық практикасын зерделеу, оның элементтерін Ресейде қолдану мүмкіндіктерін бағалау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің отандық жағдайларға бейімделген тетіктерін әзірлеу қажеттігін айқындады.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі анықталады:

Біріншіден, қазіргі заманғы саяси шындық құбылысы, оның ерекшеліктері, сыртқы экономикалық байланыстар мен қарым-қатынастардың детерминирленген жаһандануы және ырықтандыруы ретінде сыбайлас жемқорлықты талдау қажеттілігі.

Екіншіден, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың мазмұнын, ерекшелігі мен ерекшеліктерін анықтаудың ғылыми-практикалық маңыздылығы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың отандық тәжірибесін ұғыну қажеттілігі.

Үшіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды шетелдік жалпылаудың орындылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді әдістері мен тәсілдерін анықтау, оларды қазіргі заманғы отандық саяси практикада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарында пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында.

Төртіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жинақталған шетелдік және отандық тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түзету қажеттілігі.

Отандық және шетелдік ғылыми дереккөздерде және ресми құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл проблемасына проблеманың ғылыми әзірлену дәрежесі соңғы уақытта аса назар аударылады. Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер мен дереккөздердің барлық көлемін шолуға кірісе отырып, олардың әр алуандығын шартты түрде бірнеше топқа бөлдік.

"Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге негізгі бағыттаушы. [34].

Қазақстанның осы маңызды мәселе бойынша қағидаттық ұстанымын білдіретін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға мәлім.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай

институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді.

Біздің елімізде қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істеуде, оның негізі "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" және "Мемлекеттік қызмет туралы" заңдар болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды кешенді түрде іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік шығу тегі мен мүліктік жағдайына қарамастан, оның кезінде басшылық орындарға қабілетті және кәсіби дайындалған адамдар орналасатын меритократия қағидаттарының негізінде мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасты, оның ішінде мемлекеттің әрбір органы мен лауазымды адамының функциялары мен өкілеттіктерінің аражігі нақты ажыратылып және айқындалып қалыптасты.

Шенеуніктердің азаматтармен тікелей байланыстарын қысқартатын және сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жағдайларды барынша азайтатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласын дамыту мен мемлекеттік аппараттың жұмысын ақпараттандыру жөнінде кешенді шаралар қабылданды.

Қазақстанға әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіруге мүмкіндік берген азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру, ұлттық экономиканың өсуі, бизнесті жүргізу жағдайларын, халықтың құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік белсенділігін жақсарту, электрондық үкіметті енгізу жөніндегі қолданылып жатқан шаралар да заңға бағыну мәдениетін және жүріс-тұрыстың жалпы қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы модельдерін қалыптастыру үшін алғышарттар жасайды. [46].

Сонымен бірге экономиканың одан әрі өсуі, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлемнің неғұрлым дамыған бәсекеге қабілетті отыз елінің қатарына кіру жөніндегі өршіл міндетті жүзеге асыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешу мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жаңғыртуға негізделген жаңа жүйелі шаралар қабылдауды және оны іске асырудағы азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыруды талап етеді, бұл сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мүмкіндік берер еді.

Бұл орайда қазіргі кезеңде мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны (бұдан әрі – Стратегия немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия) айқындайтын жаңа бағдарламалық құжатын қабылдау қажеттігі болып тұр.

Мұндай құжатта сыбайлас жемқорлық деңгейін түбегейлі қысқартуға, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға қабілетті превентивтік сипаттағы кешенді шараларға жетекші рөл берілуі тиіс. Яғни, басты назар сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күреске емес, оның алғышарттарын жоюға аударылуы тиіс.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бизнесті дамыту жолындағы әкімшілік кедергілерді жою, Қазақстанда жұмыс істейтін отандық және шетелдік кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін кез келген сыбайлас жемқорлық көріністерінен тиімді қорғау жөніндегі шаралардың басымдығын да көздейді.

Тұтастай алғанда, мұндай Стратегия мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, жан-жақты және дәйекті сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешенінің әзірленуін және жүзеге асырылуын көздеуге, сөйтіп, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде, сондай-ақ, жеке секторда сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, қазақстандық азаматтардың осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға тиіс. [34].

Бұл ретте Стратегия айқындайтын базалық бағыттар түпкілікті болуы мүмкін емес. Олар жекелеген іс-шаралардың орындалуына байланысты және сыбайлас жемқорлық құбылысына, оның себептеріне, сыбайлас жемқорлық жүріс-тұрысты ынталандыруға терең талдаудың нәтижелерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы істердің жай-күйін байсалды және объективті бағалауды ескере отырып түзетілуге тиіс.

Құқықтық адамгершілікке тәрбиеде аса маңызды нәрсе – ол азаматтыққа тәрбиелеу. Әрине, тәрбиенің басқа бағыттарынан бұл бағытты бөле жарып, мектептің жеке адамды қалыптасыу жұмысынан ажыратып алу туралы ой тумауы тиіс. Сондықтан бұл процестің тек бірнеше ерекшеліктері жайында оның ішінде «Мемлекет және құқық негіздері» пәнін оқытудан шығатын педагогикалық факторлар мен шарттардың азаматтықты қалыптастыруға тигізетін әсері жөнінде ой қозғағанымыз дұрыс.

Әрбір жеке тұлға әлеуметтік құрылымда белгілі бір тұғырға ие бола отырып, белгілі бір рөл атқараты. Қоғам оған белгілі бір талаптар қояды. Әрине, тұлғаның өзі бұл рөлдің маңызын, салмағын, салдарын терең сезінуі қажет. Қоғамда жеке тұлғаның орындайтын әлеуметтік рөлдерінің ішінде азамат ретіндегі қызмет ерекше.

Алғаш рет азаматтық тәрбие идеясын ұсынған б.з.б. 4 ғасырдағы грек ойшылы Платон. Бұл идеяның одан әрі жалғасуы дамыған құл иеленушілік мемлекеттердің дүниеге келуімен тікелей байланысты (Рим мемлекеті). Оның көрініс беру мемлекеттің ішкі және сыртқы қажеттіліктерінен, яғни билеуші таптың мүддесін қорғау, мемлекет шекарасын сыртқы жаулардан қорғау, басқа территорияларды жаулау ниетінен туындады деп түсіндіреді марксистер.

Платон мемлекеттің функциясының адамға бала күннен оның бойына «Толыққанды азамат болуға құштарлық дәнегін себу» функциясын шығарды. Азаматтық тәрбие теориясының одан әрі дамуы капиталистік қатынастардың қоғам өміріне тереңдей енуімен тікелей байланысты. Осылайша алғашқы капиталистік елдердің конституцияларында азамат деген ұғым пайда болды. Француздың буржуазиялық революциясынан кейін бұл ұғым «Адам мен азаматтың құқықтарының Декларациясына» енді.

Уақыт өте келе азамат ұғымы өзге елдерінде ресми айналымында жиі кездесетін сөзге айналды. Ағылшынның ойшылы Джон Локктың көзқарасы бойынша «үстемдік етуі ортадан шыққан балаларды өздерінің құқықтарын пайдалана алатын болуға тәрбиелеу қажет те, ал қарапайым бұқараның балаларын өздерінің міндеттерін мүлтіксіз орындауға епті болуға, өмірлік игіліктерге бой ұрмауға тәрбиелеу қажет» - деп пайымдаған.

Ол дәуірдің саяси-құқықтық ойында азаматтық тәрбиеге әлеуметтік позицияның болғанын жасырмай айту қажет. Азаматтық тәрбиеге кейінгі дәірлерде де үнемі оралып отырды. [85].

Сонымен азамат ұғымының өзіне үніліп көрейікші. Сөздікте «азамат бұл белгілі мемлекетте тұрақты тұратын, барлық заңмен бекітілген құқықтарды пайдалана алатын, ол құқықтары сол мемлекеттік заңдарымен қорғалатын, барлық заңды негізделген міндеттерді орындайтын тұлға» делінген.

Азаматтық жеке тұлғаның әлеуметтік-саяси, адамгершілік және құқықтық сапаларының жиынтық мағынадағы рөлі мен қызметін сипаттайды. Ол адамның қоғамдағы жауапкершілігі мен моральдық өзін-өзі жетілдіруінің өлшемі. Азаматтық өлшемі – адамның өзінің құқықтарын қолдануы мен міндеттерін орындау дәрежесі мен сипаты болмақ. Азамат өзінің құқықтары міндеттерінің шегінде өзінің мінез-құлқын анықтайды. Бұндай таңдау жасау ішінде азамат өзінің мемлекетке байланысты құқығы мен бостандығын түсініп, санасына сіңіруі қажет, ол үшін өз міндеттерін орындауға дайын болуы тиіс. Қоғам алдындағы жауапкершілігін саналы ұғынуы тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігінен, қоғамдағы орын алып отырған келеңсіз құбылыстарға ымырасыздығынан көрінеді.

Қоғамдағы қасандықтан арылту мен жаңарту бастамасы бүгінде экономикада да, саясатта да, әлеуметтік және рухани өмірде де күш алып келеді. Бірақ шешуші фактор адамның өзі, оның шеберлігі, шығармашылық қабілеті, саяси және интеллектуалдық бейнесі, азаматтық тұғырнамасы мен белсенділігі. Азаматтық халық алдындағы тұлғасы – ерікті, саналы, ықпалды және айнымас қызметінен білінеді. Осылайша біз азаматтық дегенде тұлғаның жеке сапаларын түсінуіміз заңды құбылыс, және азаматтың қоғамның адамгершілік және құқықтық талаптарына саналылықпен бейімделуі де осыған саяды. Азаматтық жауапкершілік тұлғаның әр түрлі жағдаяттағы, қоғам көзқарасы тұрғысынан дұрыс шешім қабылдау қабілеті мен өзінің қылығының салдарына жауап бере алатындығынан байқалады. Азаматтық шын мәнісінде табиғи жауапкершілігінде сезінуден басталады. Ол үшін бала сәби күнінен өзінің қылығына, оның ішінде айналасындағыларға жағымсыз әсер ететін қылықтарына ұялып, өзін жазғыруға және адамдарға деген өзінің қатынасына ойлылықпен қарауға ерте бастан үйренуі керек. Оқушының жауапкершілігінің деңгейіне оның танымдық, қоғамдық-саяси, еңбек әрекеттерне қатынасы дәлел. Әрине азаматтық тәрбиелеуде еңбектің алатын орнына талас жоқ, бірақ ол саяси-құқықтық тәрбиемен қатар жүргенде ғана жеңісін береді. Оқушыларда азаматтық жауапкершілікті қалыптастырудың негізгі бағыттары қандай? Бұл

бағыттарға мыналарды жатқызуға болады: оқушыларды отанға берілгендік, қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, азаматтық міндеттерді жауапты орындаудың қоғамдық маңыздылығын саналы қамтамасыз ету, ел байлығын сақтау мен көбейту ұмтылдыру, өзінің әрекеттері мен қылықтарына сын көзбен қарауға баулу.

Жоғарыда келтірілген мәселенің теориялық негіздерін қорытындылай келе соңғы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың превенция мен алдын алу бағытындағы статистикалық көрсеткіштеріне талдау жасау жемқорлыққа қарсы әрекеттің қазақстандық үлгісінің қаншалықты дәрежеде тиімді болғандығын айқын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің 2017, 2018 және 2019 жылдардағы атқарған жұмысының салыстырмалы нәтижесі бойынша деректері төмендегідей.-----

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сенім деңгейі 2015 жылы 57,9% құрады (2013 жылы — 52%), орталық мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына – 64,8%, жергілікті атқару органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына – 51% құраған.

2017 жылы 2015 жылмен салыстырғанда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сенім білдірген азаматтар үлесі 55,5% -дан 73,4% -ға өскені анықталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асыру жылдарында да сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушіліктің күшеюі айтарлықтай нәтиже берді. Зерттеу қорытындысынан азаматтардың басым көпшілігі (78,8%) сыбайлас жемқорлыққа жағымсыз қарайды. Сауалнамаға жауап берушілердің 43,7%-ы мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуде өзінің жеке үлесін қосуға дайын екендігін білдіріп, сонымен бірге сыбайлас жемқорлық іс-әрекетімен жеке қақтығысқанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қандайда бір белсенді іс-қимыл қабылдауға халықтың 47,2%-ы дайын екендігі анықталған.

2012 жылдарда зерттеушілердің атап өтуі бойынша, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар жүйесі 72% қылмыстық қудалаудан тұрған және тек 28% сыбайлас құқық бұзушылықтың және профилактика жасау бойынша шаралар ғана болған.

«Сот тәуелсіздігі» көрсеткіші бойынша бәсекеге қабілеттіліктің Жаһандық индексіне сәйкес, Қазақстан 111-орыннан 79-шы орынға (өсу 32 жайғасымды құрады) орналасты. Бұған қоса, «Doing Business – 2018» дүниежүзілік банктің рейтингінде «Келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету» индикаторы бойынша Қазақстанның сот жүйесі 3 жыл ішінде 29-шы жайғасымға (190 орынның ішінде, 35- орыннан 6-орынға) жылжыды.

2017 жылдың қорытындысы бойынша тұрақты негізде 229 қоғамдық кеңес жұмыс істейді. Республикалық деңгейде және облыстар деңгейінде,

Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында — 16, ал қалаларда және аудандарда — 197 кеңес бар. Қоғамдық кеңестердің жұмысына 4 мыңнан астам адам қатысады, олардың 75% — азаматтық қоғам өкілдері.

Қызметтердің 49% қазіргі уақытта онлайн режимінде, ал кәсіпкерлерге берілетін барлық лицензиялар мен рұқсаттар тек электронды түрде беріледі, «бір терезе» қызметтерінің барлығының 23%-ы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы жүзеге асырылған.

Алдағы бірнеше жылда мемлекеттік қызметтердің 90% электрондық форматқа көшіріледі, ал қалған 10% Еуропа тәжірибесі мен әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесіне сәйкес «бір терезе» қағидаты бойынша іске асырылатын болады деп болжам жасалған.

БҰҰ-ның «электрондық үкіметті» дамыту бойынша рейтингінде Қазақстан әлемнің 190 елінен 33-ші орынға, Дүниежүзілік банктің бизнесті жүргізу жеңілдігі рейтингінде — 190 елдің ішінде 36-шы орынға ие болды.

ЖҚИ нәтижелері бойынша 2017 жылы рейтинг жинағына енгізілген 180 елдің 126-сі 100-дің 50 баллдан кем жинаған, 53 ел — 30 баллдан кем жинаған, ол сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейге сәйкес екенің көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлықтың ең өткір мәселесі кемінде 15 балл жинаған Сирия, Сомали, Оңтүстік Судан елдері болып тұр. 80 балл жинаған елдер, жемқорлықты қабылдаудың өте төмен деңгейін көрсетеді, бұл негізінен дамыған елдер болып табылады. Аталған топқа Дания, Жаңа Зеландия, Финляндия, Швеция, Швейцария, Норвегия, Сингапур, Канада және Германия кіреді.

Рейтинг нәтижелері сыбайлас жемқорлықтың және елдің даму деңгейі арасындағы белгілі бір байланыстың болуын көрсетеді. Елдердің 40 пайыздан астамы ЖҚИ шкаласы бойынша кемінде 30 балл жинаған табысы төмен елдің топтарына Дүниежүзілік банкімен жатқызылған.

Бұрынғы КСРО елдерінің арасында ең төмен сыбайлас жемқорлықтың таралу деңгейі 2017 жылға Эстонияда (21-орын), Литвада (38), Латвияда (40), Грузияда (46) тіркелген. Бұдан әрі Беларусь (68), Армения (107) елдері. Егер өзгерісті ескерсек, теңдесіз Грузия қалады. 10-жыл ішінде бұл ел рейтингте 84 позицияға көтерілген. Бұл өте алдыңғы қатардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қозғалысы.

Бірақатар елдерінің жақсаруына қарамастан, көптеген бұрынғы КСРО мемлекеттерде – Өзбекстанда, Түркіменстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Украинада, Әзірбайжанда – бұрынғыдай жоғары сыбайлас жемқорлық деңгейі байқалған.

Қазақстан сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша 2017 жылы елдер рейтингінде 31 балл жинап және 122-ші орын иеленген, қаралатын кезеңмен салыстырғанда 11 позицияға көтеріліп, өз көрсеткіштерін жақсартқан (2012 жылы 133 орын).

2017 жылғы нәтижелер «Транспаренси Интернэшнл» рейтингісінде Қазақстан үшін барлық уақытта үздік болып табылған.



Қазақстанның ЖҚИ нәтижелерімен тағы бір ТИ зерттеулерімен ұқсас – «Әлемдік сыбайлас жемқорлық барометрі», сондай-ақ онда да 2013 жылмен салыстырғанда 2016 жылы сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейі елеулі жақсарғанын атап өткен жөн. Нақтырақ айтқанда, егер азаматтардың жемқорлықпен соқтығысқан кезде практикалық тәжірибе деңгейінің 10,9%-ға төмендеуін атап өтуге болады. Мәселен, 2016 жылы сауалнамаға жауап берушілердің 29% пара бердік деп жауап берсе, 2013 жылы бұл сан 39,9% құраған.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейі төмендейме деген сұраққа, 2016 жылы сауалнамаға жауап берушілердің 37% бұл пікірмен келіскені, ал 2013 жылы тек 19% бұл салада оң өзгерістер көретіндері туралы жауап берген.

Сыбайлас жемқорлықты қабылдау институттардың бөлінісінде көрсеткендей, сауалнамаға жауап берушілер арасынан неғұрлым сыбайлас жемқорлықты құқық қорғау органдары (35%), бизнес-компаниялардың басшылары (29%), судиялар және сот қызметкерлері (28%) деп санайды. Ең аз сауалнамаға жауап берушілер саны жоғары лауазымды шенеуніктердің (11%) сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар деп саналған. [85]

Жағымсыз пікірге назар аударған азаматтар саны азайды, жалпы халық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда әлсіз деп есептейтіндер саны 2016 жылда — 43%, 2013 жылда – 56%. Сонымен қатар, 2016 жылымен қаралатын кезең салыстырғанда 20%-ға азаматтар саны төмендеген, мысалы белсенді азаматтардың іс-әрекеттеріне — наразылық акцияларына, петицияға қол қоюға дайындығы. Жалпы алғанда, «Әлемдік сыбайлас жемқорлық барометрі» зерттеу нәтижелері Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейінің жоғарылауын байқауға болады, сауалнамаға жауап берушілер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі билік органдары қызметінің тиімділігіне жоғары баға беруде және осы құбылыстарға қарсы күресте өз үлестерін қосуға дайын екендіктерін білдірген.

«Сыбайлас жемқорлықты тежеу» индикаторы бойынша қоғамда сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейі бағаланады және экономиканың дамуына сыбайлас жемқорлықтың әсер ету дәрежесі анықталады. Мемлекеттерді 0-ден 100 балға дейінгі шкала бойынша іріктейді, онда 0 ең жоғары, 100 – ең аз сыбайлас жемқорлық деңгейін білдіреді.

Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан 20,7 балл жинап, 2015 жылғы (19,7) көрсеткішінен 1 балл жоғары және 2010 жылдың (17,5) нәтижесінен 4 балл жоғары орын алған.

Заң үстемдігі индексі, Дүниежүзілік сот төрелігінің жобасымен жарияланатын әлемдік елдерде құқықтық органың даму деңгейін 8 көрсеткіш бойынша сипаттайды: сыбайлас жемқорлықтың болмауы, тәртіп және қауіпсіздік, мемлекеттік билікті шектеу, үкіметін ашықтығы, құқықты қолдану, азаматтық және қылмыстық сот төрелігінің іргелі құқықтары.

2017 жылдың қорытындысы бойынша заң үстемдігі индексіне Қазақстан 0,51 балл жинаған және 113 әлем елдерінің арасынан 64 орынға иеленді, 2016 жылмен салыстырғанда (73-орын) 9 позицияға жоғарылаған.

Бұл кеңістік елдері арасындағы ең жақсы көрсеткіштің бірі. Рейтингіте Қазақстаннан жоғары Эстония 12 және Грузия 38 ғана, төменде Беларусь 65, Украина 77, Ресей 89 және Өзбекстан 91 орналасқан. [85]

«Сыбайлас жемқорлықтың болмауы» индикаторы бойынша көрсеткішін жақсаруы 2016 жылмен салыстырғанда (0,43) 0,02 балл (0,45), осындай нәтижелерге қол жеткізудегі негізгі факторларының бірі болып табылады.

Жыл сайынғы менеджментті дамыту институтының жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің рейтингі бойынша мемлекеттер 342 көрсеткіштер бойынша бағаланады, олар 4 топ бөлінген: экономиканың жай-күйі (макроэкономикалық көрсеткіштер қамтиды), үкіметтің тиімділігі (соның ішінде сыбайлас жемқорлық деңгейі), іскерлік ортаның жай-күйі мен инфрақұрылымының дамуы құрайды.

2017 жылы жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстан 32-ші орынды иеленді, 2016 жылмен салыстырғандағы (47) көрсеткіші бойынша 15 позицияға жақсартқан.

Елдің арасында рейтингте өз позициясын жақсартқан Қазақстан ең үлкен серпіліс жасаған, енді Испания (34), Польша (38), Италия (44), Түркия (47) сияқты т. б. дамыған елдерден жоғарыда орналасқан.

Бұл көрсеткіш рейтингте сыбайлас жемқорлық көрсеткіші «үкіметтің тиімділігі» тобына кіреді, ол бойынша Қазақстанда айтарлықтай жақсару байқалған (2017 жылы – 19-орын, 2016 жылы — 31).

Бүгінгі таңда ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2017 жылы 2452 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар тіркелген, 2016 жылдың көрсеткішінен 13% — ға төмен (2016 жылы — 2807).

Бұл ретте ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстарын анықтау көбейді.

Тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстардың ішінде басым бөлігін парақорлық – 51% (1245), ұрлау мен алаяқтық – 21% (516) және теріс пайдалану – 16% (388) фактілері құраған.

Тергеумен аяқталған қылмыстық істер саны өскен. Жалпы қылмыстық істер санынан 87% тергеумен аяқталып, ал өткен жылы бұл көрсеткіш 79% құраған. Бұл ретте, сотқа жіберілгендер саны 27% — дан 38% — ға дейін өскен.

Білім беру жүйесінде 201 сыбайлас жемқорлық фактісі, ауыл шаруашылығы саласында — 183, денсаулық сақтау саласында – 101 жемқорлық фактілері, құқық қорғау және сот органдары – 290 жемқорлық фактілерінің жолы кесілген.

Мемлекеттік органдардың заңсыз араласуда бизнесті қорғау сыбайлас жемқорлыққа тартылған 1146 тұлғалардың, 828 сотқа берілді, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 13% көбірек.

2017 жылы орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының 19 басшысы әшкерліп, 98 – облыстық, 152 – қалалық және аудандық органдары анықталған.

Статистикаға сәйкес ең көп сыбайлас жемқорлық фактілерін бұзатын барлық деңгейдегі әкімдіктер, ішкі істер органдары және квазимемлекеттік сектор қызметкерлері.

Жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдер ішінде білім беру саласы, ауыл шаруашылығы, құрылыс және денсаулық сақтау салалары қалуда.

Терең жедел әзірлемелерді іске асыру нәтижесінде орындаушылардан ұйымдастырушыларға дейін бүкіл тізбегін анықтай отырып, 2017 жылы 108 жүйелі сыбайлас жемқорлық фактілері әшкереленген (2016 жылы — 92).

Өңірлікте көбірек жүйелік сыбайлас жемқорлық көріністеріне бейім Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары, Алматы, Қызылорда, Атырау және Жамбыл облыстары.

Мемлекеттік органдардың заңсыз араласуда бизнесті қорғау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясаттың басым бағыты бойынша 2017 жылы 352 фактісі әшкереленді, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 33% артық. Қабылданған шаралар нәтижесінде 2017 жылы 270-тен астам кәсіпкерлер құқықтары қорғалған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құрал ретінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық анықтау, жолын кесу, ашу, тергеу ғана емес, сыбайлас жемқорлық қылмыстар зардаптарын жою болып табылады.

Осы бағытта сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен келтірілген залалды өтеу жөніндегі шаралар қабылданады. Мәселен, аяқталған қылмыстық істер бойынша 2017 жылы 14 млрд. теңге залал сомасы белгіленіп, 7 млрд. теңге — өтелген. Залалды өтеу үшін 2 млрд. теңге сомада мүлікке тыйым салынған. 2016 жылмен салыстыру үшін аяқталған қылмыстық істер бойынша 22 млрд. теңге залал сомасы белгіленіп, 5,4 млрд. теңге — өтелген. Залалды өтеу үшін 5,9 млрд. теңге мөлшерде мүлікке тыйым салынған.

2017 жылы сыбайлас жемқорлық әрекеттері негізінен кәсіпкерлік субъектілеріне қамқорлық жасағаны үшін пара алу, жауапкершіліктен жалтаруға жәрдемдесу, рұқсат беру құжаттарын беру, сондай-ақ ұрлау және мемлекеттік сатып алу шеңберінде бюджетті бөлу кезінде лауазымды өкілеттіктерін теріс пайдалану түрінде байқалған.

Әлеуметтік зерттеу нәтижелері 2016 жылғы зерттеумен кезеңімен салыстырғанда оң көрсеткішті көрсеткен.

Мысалы, жемқорлыққа теріс қарайтын адамдар саны 20,7%-ға өсті (2016 ж. 60,7%, — дан, 2017 ж. 81,4%), елде сыбайлас жемқорлық деңгейін орташа және жоғары деңгейде бағалайтын адамдар саны (72,7%, 2016 ж. — дан 70,1% — 2017 ж.) қысқарған.

Азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенділік артқанын атап өткен жөн. Мәселен, 2017 жылы 55,5% — дан жауап алынған халық, сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеуіне жеке қолдау көрсетуге дайын

екендері туралы мәлімдеген, ал 2016 жылы бұл көрсеткіш 53,1% құраған. Мұндай нәтижелерге қоғамның қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысын іске асыруда жаңа тәсілдерді қолдану арқасында қол жеткізілді.

Аталған әлеуметтік зерттеуде қатысқан кәсіпкерлік субъектілері мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық бизнесті дамыту кедергілерінің бірі ретінде бесінші орынға орналастырды (сауалнамаға жауап берушілер 16,7%) 2016 жылғы ұқсас зерттеулер нәтижелері бойынша, сыбайлас жемқорлық бизнесті дамытудың негізгі кедергілер рейтингінде 4-ші орында тұрған.

Сыбайлас жемқорлықпен кезіккен азаматтардың үлесі Қазақстанның мемлекеттік органдарда 19,9% құрайды. 2017 жылда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар көріністеріне ең жиі кездескендер қатарында жеке кәсіпкерлер болып табылған (29,9%).

Соңғы екі жылдағы өткізілген ұқсас зерттеулер нәтижелерін саластырғанда, мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған азаматтардың үлесі 18,3% — ға қысқаруы байқалады.

2017 жылы жүргізілген жұмыстың нәтижесінде жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда оң өзгерістерге қол жеткізілгенің анықтауға болады, бұл жыл сайынғы «Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейін анықтау» әлеуметтік сауалнамасының деректері растаған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы адамдардың 20,7% — ке өсті, елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін орташа және жоғары деңгейде бағалайтын адамдардың саны 70,1% — ке дейін болғаның көруге болады.

2018 жылдың қорытындысы негізінде Transparency International (TI) өткізген, Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне (СЖҚИ) байланысты зерттеу нәтижелері әлемнің көптеген елдерінің сыбайлас жемқорлық мәселелері қолайсыздық туғызады.

Соңғы жеті жылда тек 20 ел ғана, оның ішінде Эстония, Сенегал, Гайана және Кот-д'Ивуар өз СЖҚИ көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартты. Бұл уақытта Австралия, Чили, Мальта, Венгрия және Түркияны қоса алғанда, 16 ел өз баллдарын біраз төмендеткен.

2018 жылдың қорытындылары бойынша 85-тен 88-ге дейін балл жинаған Дания, Жаңа Зеландия, Финляндия, Сингапур, Швеция және Швейцария сыбайлас жемқорлық деңгейі ең төмен мемлекеттер болып есептеледі.

Солтүстік Корея, Йемен, Оңтүстік Судан, Сирия, Сомали 10-нан 14-ке дейінгі балл нәтижелерімен «антирейтинг» көшбасшылары атануда.

Солтүстік және Оңтүстік Америка (орташа балл - 44). Осы өңірдің ірі екі мемлекеті – АҚШ пен Бразилия СЖҚИ бойынша өз орындарын айтарлықтай жоғалтқан. АҚШ, өткен жылмен салыстырғанда 4 балын жоғалтып, соңғы 7 жылда СЖҚИ бойынша ең төменгі көрсеткішті көрсетті. Бұл ретте, ол СЖҚИ деңгейі бойынша әлемнің үздік жиырма елінің қатарына алғаш рет енбей қалған. Бразилия (35 балл) да соңғы 7 жылдағы ең нашар нәтижені көрсетуде. Аргентина (40 балл) сыбайлас жемқорлықпен күресте салмақты еңбекті

көрсетуде, оның нәтижелері 2015 жылдан бастап 8 балға өсті. Көбіне, бұл жоғары деңгейлі сыбайлас жемқорлықпен күрестегі маңызды жетістіктермен байланысты.

Азия-Тынық мұхит өңірі (орташа балл - 44). Аталған өңірде СЖҚИ көшбасшылары – Жаңа Зеландия (87 балл) мен Сингапур (85 балл) орналасқанына қарамастан, жалпы іс жүзінде өңір сыбайлас жемқорлықпен күресуге күш салуда алға дамуды көрсетпей отыр. ТІ пікірі бойынша бұл алдымен демократиялық институттар мен саяси құқықтардың жалпы әлсіреуімен байланысты.

Шығыс Еуропа мен Орталық Азия (орташа балл - 35). Бұл өңірде тек Грузия (58) ғана 50 балдан жоғары СЖҚИ-ді көрсете алған. Бұдан басқа, екі ел – Черногория (45) мен Беларусь (44) орташа әлемдіктен жоғары СЖҚИ көрсеткіштерінде нәтижеленуде. Ал, Түркіменстан (20), Өзбекстан (23) және Тәжікстанда (25) ең төмен көрсеткіштерге ие. Жалпы сыбайлас жемқорлық деңгейімен байланысты жағдай бұл өңірде ауыр болып қалуда.


Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка (орташа балл - 39). Аталған өңір сыбайлас жемқорлықтың елең алуы бойынша проблемалық аймақ болып отыр. Бұл ретте, ТІ өңірдің басты проблемасы саяси сыбайлас жемқорлық болып табылатынын атап өткен. Өңір көшбасшылары АҚШ-тан 1 баллға ғана артта қалып, рейтингіде 21 орынды алған БАӘ (70 балл) және де Катар (62 балл) болып табылады.

Сахараның оңтүстігіндегі Африка (орташа балл - 32). Аталған аймақ СЖҚИ рейтингінде ең төменгі орындарды алады. Бұл өңір мемлекеттерінің көпшілігінде саяси жүйелердің нашарлығы, қауіпсіздіктің сын-тегеуріндері және қауіп-қатерлеріне жауап беруі төмен деңгейде сипатталатын мемлекеттік басқару институттарының төмен деңгейімен байланысты.

Батыс Еуропа және ЕО (орташа балл – 66 балл). Аталған аймақ СЖҚИ рейтингінде сөзсіз көшбасшы болып табылады. СЖҚИ ең жақсы көрсеткіштеріне ие алғашқы ондықта жалпы әлемдік рейтингінің көшбасында тұрған Данияны қоса алғанда, Еуропаның 7 елі бар. Болгарияның (42), Грекияның (45) және Венгрияның (46) көрсеткіштері төмен.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша халықаралық рейтингілердегі Қазақстан. Transparency international сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру басталған сәттен бастап СЖҚИ бойынша Қазақстан көрсеткіштері жақсаруға қарай тұрақты тенденцияға ие. Бұл сөзсіз елде жүргізіліп жатқан саясат пен қабылданып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кешенді жұмыстардың оң бағаны көрсетуі деп айтуға болады.

### 2015-2018 жж. ҚАЗАҚСТАН СЖҚИ-НІҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ



2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан СЖҚИ бойынша 31 балл жинап, 180 елдің ішінде 124 орынға тұрақтады. 2017 жылы жеткен орынды сақтай отырып, Қазақстан Орталық Азия өңірінде үздік нәтижені көрсетті. СЖҚИ-ді анықтау барысында зерттеу нәтижелері пайдаланылған тоғыз рейтинглік агенттіктің ішінен екі агенттік Қазақстан көрсеткіштерін көтерді, бес бұрынғы көрсеткіштерді растады және тек екі агенттік Қазақстанның бағасын төмендетті (Transparency International Kazakhstan деректері бойынша). [86]

BERTELSMANN FOUNDATION TRANSFORMATION INDEX	25	25	0
ECONOMIST INTELLIGENCE UNIT COUNTRY RATINGS	20	20	0
FREEDOM HOUSE NATIONS IN TRANSIT RATINGS	24	24	0
GLOBAL INSIGHT COUNTRY RISK RATINGS	35	35	0
IMD WORLD COMPETITIVENESS YEARBOOK	55	48	-7 ↓
PRS INTERNATIONAL COUNTRY RISK GUIDE	24	27	3 ↑
WORLD ECONOMIC FORUM	36	46	10 ↑
WORLD JUSTICE PROJECT RULE OF LAW INDEX	34	34	0
VARITIES OF DEMOCRACY PROJECT	24	17	-7 ↓

*Transparency International Kazakhstan* сарапшылары, демократияның жалпы әлемдік дағдарысы мен трансұлттық және жергілікті сыбайлас жемқорлықтың өсуі жағдайында СЖҚИ рейтингінде Қазақстанның өз орнын сақтап қалуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы елдің оң динамикасы көрсететінін атап өтуде.

*Дүниежүзілік банктің doing business.* 2018 жылғы 31 қазанда жарияланған Дүниежүзілік Банктің Doing Business рейтингінде Қазақстан соңғы 11 жылда өз позициясын 36 орынға ие болып, 190 елдің арасында 28 орынға орналасты. Қазақстан Испания, Франция, Португалия, Швейцария, Жапония мен Түркия сынды елдерді басып озды.

*Ihs markit компаниясының елдік тәуекел рейтингі.* «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері» индикаторы бойынша ілгерілеуге қол жеткізді. 2018 жылғы 3 тоқсандағы талдау нәтижелеріне сай Қазақстан 3,2 балды жинап, 2018 жылғы 2 тоқсандағы көрсеткіштен (3,5 балл) 0,3 балға кем және де 2017 жылғы 4 тоқсандағы көрсеткіштен 0,7 балға аз деңгейді көрсеткен. Қазақстан тек осы көрсеткіш бойынша Грузия, Беларусь, Литва, Латвия және Эстонияны алға жібергенімен, рейтингіде көптеген посткеңестік елдерінен жоғары орналасқан.

*PRS group компаниясының елдік тәуекел рейтингі.* Қазақстан 2018 жылдың қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлықты бағалау бойынша деңгейін бір балға жақсартты (2017 ж. 1,5 балл, 2018 ж. 2,5 балл) және осы көрсеткіш бойынша Грекия, Латвия, Малазия мен ОАР сынды елдермен теңескен. Салыстыру үшін Ресейде сыбайлас жемқорлық бойынша көрсеткіш 1,5 балды, Украина мен Беларусь Республикасында – 2 балды құрайды. [86]


*Дүниежүзілік сот төрелігі жобасының заң үстемдігі индексі.* 2017–2018 ж.ж. Заң үстемдігі индексіне Қазақстан 0,51 ұпай жинады, 2016 жылдың нәтижесімен салыстырғанда 9 позицияға көтеріліп (73 орын), әлемнің 113 елінің арасында 64 орын алды. Өңірлік тұрғыда Қазақстан рейтингте ең қарқынды нәтижені көрсеткені білінеді. Осындай нәтижелерге қол жеткізудегі негізгі факторлардың бірі «Сыбайлас жемқорлықтың болмауы» индикаторы бойынша көрсеткішті 2016 жылмен салыстырғанда (0,43) 0,02 балға (0,45) жақсарту болып табылады. Осылайша, сыбайлас жемқорлық деңгейінің халықаралық рейтингісінің нәтижелері Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы прогресін көрсетеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін растайды.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының динамикасы мен сипаты. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтеріне сәйкес 2018 жылы 2375 сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары анықталған.

Оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі – 1724, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) – 158, Ішкі істер министрлігі (ІІМ) – 271, Мемлекеттік кірістер комитеті (МКК) – 71 және прокуратура органдары – 131 тіркегені анықталған. 20 сыбайлас

жемқорлық қылмысын басқа бөлімшелер (ІІМ Әскери – тергеу департаменті – 17, ҰҚК әскери полициясы – 1, ҰҚК Шекара қызметі – 1, ҚМ ҚК – 1) тіркеген.

### 2016-2018 жж. ТІРКЕЛГЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ



2018 жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жалпы санынан 802 немесе 33,8% пара алумен, сондай-ақ 366 немесе 15,4% лауазымдық өкілеттігін теріс пайдаланумен байланысты. 2018 жылы тіркелген сыбайлас жемқорлық фактілерінің жалпы санынан 1724 немесе 73% (2017ж. – 1835) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет анықтаған. Оларды жасағаны үшін 1290 тұлға анықталған (2017 жылға қарағанда 31,6% артық), оның ішінде 25 республикалық, 91 облыстық, 142 аудандық және қалалық деңгейдегі басшылар болып табылады.

Аяқталған қылмыстық істер бойынша анықталған залал сомасы үштен бір бөлігіне – 15,8-ден 21 млрд.теңгеге дейін өскен, оның 89% немесе 18,6 млрд. теңгесі мемлекет кірісіне қайтарылған (2017 жылға қарағанда 33,4% артық). Күдіктілердің мүлкіне 42,5 млрд. теңге сомасында тыйым салынған. [86]

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға бөлінген бюджет қаражатын тиімді жұмсау мәселелері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ерекше бақылауында тұр. 2,3 млрд. теңгеден астам сомаға 234 сыбайлас жемқорлық қылмысының жолын кесілді, оның 2 млрд. теңгесі қазірдің өзінде өтелді. Оларды жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке 157 адам тартылды.


Құқық бұзушылықтардың басым бөлігі «2021 жылға дейін жұмыспен қамтуды дамыту» (64), «Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту» (53), «2019 жылға дейін білім беруді дамыту» (36), «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» (42), «Денсаулық» (20) бағдарламаларына тиесілі.

Соттар 2018 жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша 1079 адамды соттады (2016 ж. – 903, 2017 ж. – 1001), оның ішінде 285 ішкі істер органдарының қызметкері (Ұлттық гвардия, ҚАЖК, ТЖК есепке алмағанда), 73




- МКК, 34 - ИМ ҚАЖК, 222 - әкімдіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері, 23 – әкімдер болып табылады.

### 2016-2018 ЖЫЛДАРЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫ ҮШІН СОТТАЛҒАН АДАМДАРДЫҢ САНЫ



Бас бостандығынан айыру 290 (2017 ж. – 261) тұлғаға немесе 26,9% (26,1%), айыппұла – 523 (2017 ж. – 461) 48,5%-на (46,1%) тұлғаға тағайындалған.

### МАТЕРИАЛДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН СОМАСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР ЗАЛАЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨТЕЛУІ (МЛРД. ТЕҢГЕ)



Сот үкімімен аяқталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар санының артуы құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың сыбайлас

жемқорлық құқық бұзушылықтарының жолын кесу, ашу, тергеу жөніндегі жұмысының сапасын арттыру нәтижесі болып табылады.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді шаралардың нәтижесінде ҚАЗАҚСТАН алғаш рет сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексінде **34** балл жинап, рейтингтегі позициясын **11 тармаққа көтерді (124-тен 113-ке)**

### Қазақстанның СЖТИ-дегі рейтингі

**2019 – 113 орын**  
 2018 – 124-орын  
 2017 – 122-орын  
 2016 – 131-орын



### Халықаралық ұйымдардың зерттеуі, олардың негізінде Қазақстан бойынша СЖТИ есептеледі

№	Зерттеудің дерек көзі	Көрсеткіш	2018	2019	Динамикасы
1	Bertelsmann Foundation Transformation Index	сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат	25	33	+8
2	Economist Intelligence Unit Country Ratings	сыбайлас жемқорлық деңгейі	20	20	0
3	Freedom House Nations in Transit Ratings	сыбайлас жемқорлық деңгейі	24	24	0
4	Global Insight Country Risk Ratings	сыбайлас жемқорлық тауекелдері	35	35	0
5	IMD World Competitiveness Yearbook	парақорлық және сыбайлас жемқорлық	48	55	+7
6	PRS International Country Risk Guide	сыбайлас жемқорлық	27	43	+16
7	World Economic Forum EOS	сыбайлас жемқорлықты түйсіну	46	47	+1
8	World Justice Project Rule of Law Index	сыбайлас жемқорлықтың болмауы	34	36	+2
9	Varieties of Democracy Project	саяси жемқорлық	17	17	0

Ескертпе: 2019 жылы «Freedom House Nation in Transit Ratings» зерттеуі Қазақстан бойынша жүргізілмегендіктен, СЖТИ-2019 қалыптастыру кезінде 2018 жылғы деректер пайдаланылды.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық қылмысын одан әрі төмендету және жазаның бұлтартпастығы қағидатын қамтамасыз ету үшін жалпыға танылған халықаралық құралдар мен үздік әлемдік практикаларды қолдану қажеттігі туындайды.

## «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БАҚЫЛАУ» ИНДИКАТОРЫ

Дүниежүзілік Банктің 214 елді бағалайтын «Мемлекеттік басқару индикаторлары» атты (Worldwide Governance Indicators) жыл сайынғы зерттеулері шеңберінде, **Қазақстан «Сыбайлас жемқорлықты бақылау» индикаторы бойынша айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізді.**


1996 жылы СЖТИ өлшеу басталған сәттен бастап, Қазақстанның осы рейтингте болған барлық уақытында жоғарылауы айтарлықтай және ең жақсы нәтижеге тек 2019 жылы қол жеткізілді.

Пайыздық дәрежесі **36,06%** - ды құрады, бұл алдыңғы көрсеткіштен екі есеге артық.



## World Competitiveness Ranking

### ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНКТИҢ ЖАҒАНДЫҚ РЕЙТИНГІ



2019 жылы Doing Business рейтингінде ҚАЗАҚСТАН өз позициясын жақсартты және 28-орыннан **25-орынға** көтерілді.

Қазақстан **IMD (World Competitiveness Ranking)** бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік рейтингінде 4-орынға көтеріліп, 63 елдің ішінде **34-орынға** ие болды.

Бұл, көбінесе, «парақорлық және сыбайлас жемқорлық» индикаторы бойынша елдің позициясын айтарлықтай жақсартудың арқасында мүмкін болды – 2018 жылмен салыстырғанда, 29-орын және оған қоса 10 позиция жоғары (2018 жылы 3,43 балмен салыстырғанда 10-нан 4,28 балл).

Осы өзара іс-қимыл шеңберінде Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты сараптамалық бағалауға ұшырайды.

Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлықты криминализациялау және оған барабар жауапкершілік мәселелері бойынша заңнаманың кемшіліктері байқалады. Шешімді талап ететін мәселелер арасында: заңсыз байыту, пара беруге уәде беру және ұсыну үшін жауапкершілік енгізу.

**7,2** мың  
қазақстандық сұралған

**1,8** мың  
кәсіпкер

### ЗЕРТТЕУ ГЕОГРАФИЯСЫ:

Қазақстан бойынша барлығы республикалық маңызы бар

**3** қала,  
**14** облыс орталығы және  
**163** аудан орталығы

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІНІҢ МОНИТОРИНГІ Transparency International Kazakhstan зерттеуі

 Жұртшылық			 Кәсіпкерлер		
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КӨЗДЕРІ БОЛЫП ТАБИЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР					
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР/МЕКЕМЕЛЕР	ЖИЛІК	%	МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР/МЕКЕМЕЛЕР	ЖИЛІК	%
Мемлекеттік ауруханалар мен емханалар	216	28,7	Жер қатынастары басқармасы	34	20,4
Полиция	85	11,3	Мемлекеттік кірістер департаменті (салық)	33	19,8
Жер қатынастары басқармасы	53	7	Өртке қарсы қызмет	26	15,6
Мемлекеттік балабақшалар	52	6,9	Кеден органдары	24	14,4
Мемлекеттік ЖОО	51	6,8	Аудандық полиция бөлімі	20	12
Жұмыспен қамту орталығы	38	5,1	Аудандық әкімдік	19	11,4
Мемлекеттік колледждер	37	4,9	Көші-қон полициясы	12	7,2
ХҚКО (Азаматтарға арналған үкімет)	36	4,8	Сот	11	6,6
Мемлекеттік мектептер	34	4,5	Азаматтарға арналған үкімет (ХҚКО)	9	5,4
Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы	31	4,1	Әкімдіктің қала құрылысы басқармасы	8	4,8
Өскери комиссариаттар	28	3,7	Жұмыспен қамту орталығы	7	4,2
Сіздің аудан әкімдігінің аппараты	27	3,6	Әкімдіктің Саулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	3	1,8
Сот	16	2,1	МҚЖСЖҚІА	2	1,2
Салық департаменті	13	1,7	Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы (су арнасы)	2	1,2
Қала құрылысы бақылау басқармасы	11	1,5	СЭС	2	1,2
Көші-қон қызметі/полициясы	9	1,2	Прокуратура	1	0,6
Кеден	7	0,9	Энергетикалық қызмет	1	0,6
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	3	0,4	Жауап беруден бас тартқандар	1	0,6
Азаматтардың хал актілерін тіркеу бөлімі (АХАТ)	3	0,4			
Прокуратура	2	0,3			
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>752</b>	<b>100</b>	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>215</b>	<b>128,7</b>
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА КЕЛІСУДІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ:					
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қағазбастылық</li> <li>• Мәселені шешуді ұзаққа созу</li> </ul>			<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қағазбастылық</li> <li>• Өкілеттіктерін асыра пайдалану</li> <li>• Қорқытып алушылық</li> </ul>		

# 58 336

қазақстандық сұралған

Қазақстанның **17** өңірі

## ТҮЙІНДІ ИНДИКАТОРЛАР:

- Сыбайлас жемқорлыққа қатынас
- Азаматтардың парасаттылық дәрежесі
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сенім деңгейі
- Сыбайлас жемқорлықты түйсінү деңгейі
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа азаматтардың қатысу әлеуеті

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ТҮЙСІНУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ TALAP қолданбалы зерттеулер орталығының зерттеуі



Азаматтардың **2/3** бөлігі соңғы 3 жыл ішінде сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтілген деп санайды

Азаматтардың **60,4%**-ы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге **жеке үлесін қосуға дайын екендіктерін** білдірді

Сауалнамаға қатысушылардың **53,5%** -ы елдегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты ахуалдың соңғы 3 жылда **жақсарғанын атап өтті**

Сыбайлас жемқорлықпен күрес соңғы 3 жылда күшейе түсті ме?



## Қорытынды

Әйгілі халықаралық ұйымдардың әлемдік және аймақтық сыбайлас жемқорлыққа қарсы актілерде, нұсқаулықтарда қамтылған халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар ұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалардың даму бағдарларын қалыптастырады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тәсілдерін бір ізге түсіреді.

Бүгінгі күні Қазақстан БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы негізгі актісі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияны (2008 жылғы 4 мамыр-да), сондай-ақ, БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын (2008 жылғы 4 мамырда), Еуропа кеңесінің Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенцияны (2011 жылғы 2 мамырда) ратификациялады, ГРЭКО ұйымына мүше болып, олардың негізгі қағидаларының бір бөлігі қазіргі уақытта ұлттық заңнамаға енгізген.

Сонымен бірге, Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) сыбайлас жемқорлыққа қарсы желісінің аясында 2003 жылы басталған өзара бағалау жөніндегі аймақтық бағдарламаға – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-қимылдың Стамбулдық жоспарына» жүргізілген мониторингке белсене қатысты.

Стамбулдық жоспар аясындағы халықаралық сарапшылардың нақты ұсыныстары Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру процесінде маңызды рөл атқаратынын атап өтуге болады.

2020 жылға дейін Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар бойынша мониторингтің төрт раунды өткізілді.

Үшінші раундтың қорытындысы 2017 жылғы 13 қыркүйекте Парижде ЭЫДҰ штаб-пәтерінде өткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-қимылдың Стамбулдық жоспарының пленарлық мәжілісінде шығарылды.

Онда мониторингтің үшінші раундының ұсыныстарын орындау дәрежесіне келесі бағалар берілді.

Мониторингтің төртінші раунды ЭЫДҰ ұсыныстары келесі төртіншісінің аясында 22 жаңа ұсыныс берілді, ал оның алдындағы 7 ұсыныс олардың орындалуы ішінара болғандықтан өз күшінде қалады деп танылды.

ЭЫДҰ ұсыныстары келесі төрт саланы қамтиды, бұл жерде олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен заңнамадағы өзектілігі анықталады.

Аса маңызды ұсыныстарға келесілер кіреді:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат. Бұл бағыттың аясында ЭЫДҰ сарапшыларының сыны Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға бір уақытта тұтас сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты әзірлеу және оны жүзеге асыру үшін мемлекеттің жауапкершілігін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық деген ұғымның жеке меншік секторға қатысты қолдануын бекіту қажеттігіне бағытталды. Қылмыстық заңнамада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық

субъектілері ретінде жеке меншік секторындағы лауазымды тұлғаларды қарастырып бекітуді талап етеді.

Корпоратив ішіндегі сыбайлас жемқорлық кәсіпкерлік салаға сондай-ақ мемлекет пен қоғамның мүдделеріне де айтарлықтай зиян келтіруде. Сондықтан оған мемлекеттік салада іске асырылатын әдістер арқылы қарсы іс-қимыл жасау оған қарсы күресті тиімдірек етуге мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу. ЭЫДҰ ұсыныстарының көбі нақты осы бағытқа қатысты болды.

Нақты алғанда ЭЫДҰ сарапшылары саяси қызметкерлер үшін жанжақты адалдық қағидаларын белгілеу, сондай-ақ осы қағидалардың орындалуын бақылаудың тиімді тетіктерін енгізу қажеттігін белгілеп өтті.

Бұл жерде депутаттық этика қағидаларын жетілдіру, сондай-ақ сәйкес өкілеттік берілген депутаттық этика жөніндегі комиссияларды енгізу қажеттігі жөнінде айтылады. Бұл ретте Қазақстан Республикасы ОСК аталған қызметтері болмауы тиіс.

Сонымен қатар, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңында мүдделер қақтығысы туралы нормаларға қатысты осы нормаларды іске асыру тетігін және оларды бұзу үшін санкцияны енгізу талап етіледі.

Сот саласында сот жүйесінің ішкі өзін-өзі басқаруын нығайтуға және осыған сәйкес тәуелсіздігін арттыруға бағытталған реформаларды жүргізу қажет. Сонымен бірге, судьялар арасында істерді кездейсоқ бөлу принципін заңнамалық деңгейде бекіту және соттарда істерді бөлудің автоматтандырылған жүйесінің жұмысына рұқсатсыз араласу үшін жауапкершілікті белгілеу талап етіледі.

Прокурорлық қадағалау саласында прокурорларды олардың қызметіне заңсыз араласудан қорғау кепілдігін арттыруға, іріктеу процедураларын қатайтуға, прокурорларды бағалау, соның ішінде этика мәселелері, жүйесін енгізуге, прокурорлық өзін-өзі басқару органы ретінде прокурорлық кеңесті құруға, прокурорлардың және олардың отбасы мүшелерінің мүлігін, кірістері мен шығыстарын міндетті түрде декларациялауды, кейін осындай декларацияларды жариялауды енгізуге бағытталған шараларды қолдану талап етіледі.

НҚА сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама саласында Парламентке енгізілетін барлық заң жобалары үшін оны міндетті болуын кеңінен қолдану, оны өткізу тәжірибесін НҚА басқа да жобалары, сондай-ақ қолданыстағы НҚА үшін жалғастыру талап етіледі.

Ақпаратқа қол жеткізу саласында ҚР тиісті заңын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру қажеттігі туындайды.

Мемлекеттік сатып алулар және квазимемлекеттік сектордың сатып алулар саласында сатып алуларды бір көзден жүргізу деңгейін төмендету, квазимемлекеттік сектордың сатып алулары туралы заң қабылдау, сатып алулар жүйесін ашықтықты арттыру есебінен жетілдіру, мүдделер қақтығысына жол бермеу талап етіледі.

Сонымен қатар, квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселесі мерзімі жеткен болып табылады, аталған сектор есеп берушіліктің, бақылауға алынудың және шешімдер қабылдау процедураларының айқындығының, ақпаратты ашудың, ішкі және сыртқы аудиттің белсенді ұйымдық-құқықтық тетіктерін, адал бәсекелестік принциптерін сақтау, іскерлік этика және адалдық нормаларын қабылдау және сақтау, сондай-ақ корпоративтік қағидаларды (комплаенс) енгізу және орындау шараларын енгізуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік және оның қолданылуы. Бұл бағытта ЭЫДҰ ұсыныстарына сәйкес келесі шараларды қолдану қажет:

- сыбайлас жемқорлық үшін әкімшілік жауапкершілікті алып тастау (тек қана қылмыстық қалуы тиіс);

- сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілікті қолданудың ақшалай шегін (2 АЕК) алып тастау, өйткені қызметтік міндеттерді орындау үшін қандай да болсын сыйақы алуға жол берілмеуі тиіс;

- үшінші тұлғалардың пайдасына пара жөнінде уәде беруді және оны ұсынуды, пара беруді және коммерциялық параға сатып алуды, ықпал етуді сатуды қылмыстандыру;

- алқа билерді сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық субъектілерінің санына қосу;

- предикаттық қылмыстар үшін жауапкершілікке қарамастан, ақшаны заңдастыру (жылыстату) үшін жауапкершілікке тарту тәртібін белгілеу ;

- заңды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық жауапкершілігін енгізу;

- іс-әрекеттер арқылы өкіруге байланысты, сондай-ақ шетелдік лауазымдық тұлғаларға пара берген жағдайларда қылмыстық жауапкершіліктен босату мүмкіндігіне жол бермейтін нормаларды қабылдау;

- шетелдік лауазымдық тұлғаларды Қазақстанда жасаған сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін және Қазақстан азаматтарын шетелде жасаған сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелері бойынша қылмыстық заңнаманы халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру;

- жемқорлардың және үшінші тұлғалардың пара бергені үшін міндетті түрде мүлкін тәркілеуді енгізу;

- тәркіленуі тиіс қылмыстық кірістерді іздестіру, анықтау, оларға тыйым салу және оларды басқару үшін, соның ішінде шетелде де, жауапты органды немесе бөлімшені құру;

- құқық бұзушылықтың осы түрі жасырын болуына байланысты сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін, ескіру мерзімін ұзарту;



— қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін, Парламент депутаттарына, Бас прокурорға қатысты дербес құқықтылығынан айыру процедураларын оларды нақты регламенттеу жағынан жетілдіру;

— қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы қолдану мақсатында жария лауазымды тұлғаның анықтамасына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, саяси партиялардың басшыларын, сондай-ақ жария лауазымды тұлғаның отбасы мүшелерін және жақын (байланысты) тұлғаларын қосу;

— тергеудің қаржылық мониторинг деректеріне қол жеткізуін оңайлату;

— қылмыстық кірістерді тиімді түрде анықтау және қадағалау үшін банктік шоттардың орталық тізілімін құру мүмкіндігін қарастыру;

— БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясының 57-бабына сәйкес активтерді қайтару және басқару тәртібі мен талаптарын заңнамаға енгізу;

— материалдық залалды өтеп берген кезде жемқорларды бас бостандығынан айыру түріндегі жауапкершіліктен босату мүмкіндігін болдырмау;

